нақты бір ұлт өзін басқаларға көрсетіп, дәлелдей алады. Ұлттық имидж де ұлттық менталитетті зерттеуде маңызды орын алады, «ұлттық имидждің ядросы ретінде «біз» ұғымының жеке немесе ұжымдық деңгейде түсінілуі жатады. Материал алғашқы қауымдық қоғам тарихынан ғана емес, алайда әртүрлі тарихи кезеңдерде көрінеді, кейде тіпті «олар» деген ұғым болса да «біз» ұғымы жоғалып кетеді. «Олар» - «біз» емес, немесе керісінше, «біз» - «олар» емес. Тек қана «олардың» барлығы, «оларға» қатысты өзіндік анықталып алу арманын тудырады, «олардан» «біз» деген сезім арқылы бөлініп шығу» [2, 36].

Ұлт табиғаты, ұлт менталитеті – күрделі де жан-жақты құбылыстардың бірі. Ұлт табиғатын тану, оның тарихи тағдыры мен болмысын анықтау – қоғамдық ғылымдар үшін қиын да күрделі мәселе. Бір қарағанда ұлт деп тегі бір, тілі, мәдениеті, дәстүрлері ортақ адамдардың қауымдастығын айтуға болады. Миллиардтан асқан қытайлықтардан бастап, бірнеше жүз құрайтын юкагирлерге дейін этнос құрайды. Ұлттардың тарихи тағдыры, өзара ықпалдасуы мен байланысуы қоғам өмірінде жан-жақты көрініс алып отыр.

Ең бастысы - әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру. Оны тек бір тілде сөйлейтін әлеуметтік топтардың бірлігі мен қарама-қарсылығы деумен шектелу, оның терең дүниетанымдық тамырларын ескермеуге әкеледі.

Менталитет пен мінез-құлық ұғымдары синоним сөздер емес екендігін есте ұстауымыз қажет. Ұлттық мінез-құлықтан менталитеттің ерекшелігі мынада, ұлттық мінез-құлық ментальдықтың негізгі бөлігі ретінде өмір сүрудің психологиялық-физиологиялық белгілерін өзіне жинақтайды. Ал менталитет әрине ментальдықтан да күрделі әлеуметтік сапалы жағдай болып саналады.

Ұлттық мінез-құлықты бағытталған мемлекеттік идеология арқылы, мемлекеттік саясат арқылы өзгертуге болады, оның жақсы қасиеттерін басып-жаншып, жаман қасиеттерін әшкерелеуге де болады (бұған қатысты кеңестік тарихымыздан көптеген мысалдар келтіруге болады) немесе, керісінше, мемлекеттің басымдық мақсатына жетуі үшін, дені сау мемлекеттік ұлттық идеяны қалыптастыру үшін ұлттық мінез-құлықтың жақсы жақтарын дәріптей отырып, жастарды жаңа сапалы рухта тәрбиелеуге де болады.

Ал менталитет, әрине, көптеген сыртқы факторларға байланысты сырттай өзгергенімен, заманға сай бейімделгіштік қасиетін көрсете отырып, өз ядросын немесе түпкі тамырын өзгеріссіз қалдыра алады. Сол арқылы өзіндік ықпал да етеді. Бұл жағдайда менталитет қорғағыштық қызмет атқарады. Заманның қойған талабына сай ұлттың бейімделуін жеңілдететін де осы менталитеттің қасиеті.

Тәуелсіздіктің қалыптасуы, ұлттық мемлекеттіліктің дамуы қоғамдағы біріктіру факторы болып табылатын дені сау ұлттық менталитетпен тығыз байланысты. Ол мемлекет территориясында тұратын барлық этностық топтар мүдделерінің теңқұқылығын қамтамасыз ететін мемлекеттік саясатқа едәуір ықпал ете алады.

«Ұлт мәселесінің қиындығы мен күрделілігі - оның көп қырлылығында. Сондықтан оны зерттеу барысында белгілі бір уақиғалардың, саяси бағдарламалардың, экономикалық факторлардың, сезім мен көңіл жетегінде кетуге болмайды. Ұлт менталитеті мәселесінде жеке адамдардың, ұлт көсемдерінің де ықпалы өте зор екендігін естен шығармаған жөн. Дегенмен, ұлт менталитеті болмысының астарында мәңгілік құндылықтар жатады. Баспасөз бетіндегі айтыс-тартыс та, бүгінгі саяси серкелердің еңбектері де тарих еншісіне кетер, тіпті ұмытылар да, бірақ ұлттық құндылықтар уақыт өткен сайын мәңгілік сипат ала береді. Бұл - жалпы өркениет дамуының заңдылығы. Ал рухани қазынаның, тарихтың иесі - ұлт» [3, 28].

Н.Бердяев мемлекеттілік «ұлттық болмыстың қалыпты жағдайы, ал мемлекеттілігінен айрылу - ұлттың дінін бұзатын үлкен бақытсыздық, ауыр індет» деді [3, 66]. Ал неміс зерттеушісі Дарендорф ұлттың негізі – «жалғыз ғана Конституция мен құқық» деп атап көрсетеді [4, 68]. Ұлттық пен мемлекеттіліктің арақатынасын айта келіп,

П.Б. Струвенін: «Өз мемлекетіңді жек көруге болады, бірақ өз ұлтыңды жек көру мүмкін емес» [5, 58]. Расында да мемлекеттің жүргізіп жатқан саясатына байланысты кейде келіспеушілігімізді білдіріп жатамыз, алайда ұлттық қасиет туралы айтқанда ешкім де өз ұлтына қатысты жағымсыз пікір білдірмейді.

Мысалы, А.М. Филипченко еңбегінде ойшыл Ш. Монтескьенің мына пікірін келтіреді: «Климаттың билігі барлық биліктен күшті» [5, 135]. Сонымен қазақстандық менталитеттің қалыптасуына әсер ететін жоғарыдағы факторлардың барлығын да айта кеткеніміз абзал. Ортақ тағдыр, ортақ территория, ортақ заң бірегейлікті қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен бірге тіл мәселесін де айта кеткен жөн. Туғаннан қандай әуендерді, дыбыстарды естіген бала сол әуендерді, дыбыстарды қолданушыларға өзін жақын ұстайтын болады.

«Қазіргі ұлт менталитетінің ішкі даму тенденциясы үш себепке байланысты болып отыр. Олардың алғашқысы далалық демократия қағидаларынан сусындаса, екіншісі, социализм заманындағы қалыптасқан демократия қағидаларынан, үшіншісі қазіргі қоғамдағы демократиялық үдерістерге байланысты болып отыр. Сондықтан да Қазақстандағы демократиялық үрдіс жайында сөз еткенде, оны тек бүгінгі саяси қатынастардың көрінісі ретінде қарап қоймай, оның кешегі ментальдық астарына да үңілу керектігін баса айтқымыз келеді. Өкінішке орай, бұл жолда тарихи-мәдени дәстүрге сүйенуден бұрын сыртқы, батыстық үлгідегі ағымдарға еліктеу басым. Қазақтың демократияны түсіну ерекшелігі оның ата- дәстүрі мен салтында, мәдениетінде жатыр. Оның лейтмотиві - сыйластық. Сыйласу, өзара түсінік, мәмілелік бүгінгі демократияның негізі. Демократияның институциялық жүйелерінің қалыптасу негізінде өзара сыйластық, мәмілелік, төзімділік, түсіністік тәрізді ұлттық құндылықтар жатуы керек. Болмаған жағдайда қазақ халқы өзінің алдында тұрған әлеуметтік- экономикалық және саяси мәселелерден жатсынып, жаһандану қарсаңында өзінің белсенділігінен айырылып қалуы мүмкін» [6, 48].

Бұл жерде тек бір нәрсеге назар аударуға болады. Батыстық зерттеушілер, сонау қазақ хандығы кезінде де біздің қоғамды зерттеуді бастаған. Сол кезде оларды таң қалдырған жайт, қазақ қоғамындағы билік пен халық арасындағы қарым-қатынас: батырлардың бұқара халықтан шыға отырып саяси элитаға еркін ене алуы, билердің де бұқара халықтан шыға отырып, элитада мәртебелі, сыйлы статуска ие бола алуы, бұқара халық өкілдерінің хан сарайына еркін кіріп, онымен дастарқандас бола алуы және сөз еркіндігі, батыс зерттеушілерінің ойынша, мұндай жағдай не Батыс мемлекеттерінде, тіпті Шығыстың басқа мемлекеттерінде кездеспеген жағдайлар болып есептеледі.

«Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру ұлт менталитетінің замана талабына сай бейімделуіне тікелей байланысты. Ол үшін ұлт менталитетін кешегі әміршіл- әкімшіл жүйе қалыптастырған стереотиптерден, бюрократизмнен тазарту қажет. Мемлекетті басқару жүйесінің тиімділігі «қоғам-мемлекет-жеке адам» жүйесінің өзара байланысының тереңдігімен, бағыт-бағдарымен айқындалады. Мүдделердің тоғысуы ұлт менталитетін жаңа деңгейге көтеріп, оның жасампаздық белсенділігін арттырады. Болмаған жағдайда халық өз алдына қойған мақсаттардан жатсынып, керіағар үрдістердің басталуы мүмкін. Сондықтан да мемлекеттік басқару жүйесінің пәрменділігін арттыру, оны халыққа қызмет істеуге бағындыру халық пен үкімет арасындағы түсінбеушілік пен қайшылықтарды жеңудің объективтік негізін қалайды» [6, 264].

«Басқа саяси тұрақты мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстанда ұлттық менталитеттің қалыптасу және даму үрдісіне жағдай жасау қоғамдағы руханилыққа импульс бола алады, ол азаматтардың өзін бағалай білуі мен ұлттық қадір-қасиетті сезінуге кепілдік береді. Рухани бастаулар болмысты анықтауда экономикадан аз рөл атқармайды, керісінше әсіресе дағдарысты жағдайларда қоғамның рухани көңіл-күйі қоғамдық ағзаның тереңнен жаңаруына алғашқы себеп бола алады. Әрбір азамат өзін өз халқының тарихы мен мәдениетінің дәл төріне қоя білуі қажет, сол халықтың бір бөлігі



ретінде, халықтың тағдыры мен өткені әрбір азаматтың өмірімен тығыз байланысты екенін сезіне білуі қажет» [6, 265].

Менталитетті саяси дамудағы рухани-әлеуметтік негіз ретінде қарастыра отырып, біз қазақстандық менталитетке сипаттама бергенде біздің мақсатымыз басқа халықтарда жоқ қасиеттер, өз халқымызда ғана бар деп айтудан аулақпыз. Біздің қорытындылауымызша, қазақстандық менталитет өтпелі кезеңді басынан кешіріп жатқандықтан, ұлттық, яғни мемлекеттік мұратты айқын анықтап алуы қажет және бұл жерде негізгі белсенді субъект биліктің өзі болуы қажет. Абай ойшылымыз айтқандай, билік халықтың бүгінгі мен ертеңі үшін жауапты болса, халық оған толық өз сенімділігін көрсетеді.

Зерттеуші Джон Стюарт Миль белгілі бір қоғамға жаңа заң енгізбес бұрын, сол қоғамның ақылдық қабілетін, өнегелігін және саяси сана сезімділігін, бір сөзбен айтқанда менталитетін ғылыми тұрғыдан зерттеп алу қажеттілігін ұсынады. Немесе ойшыл Шоқан Уәлихановтың ойларына тұжырым жасасақ, қоғамдағы өзгерістер, реформалар халықтың мүддесі, пайдасы үшін жүзеге асатындықтан, сол халықтың материалдық мұқтаждығына шақталуы және ұлттық мінез-құлқына сай келуі қажет деп санайды. Сондықтан, қазақстандық қоғамға қатысты да жоғарыдағы факторлар ескерілетінін айтуға болады.

Осыған байланысты бұл мәселе бойынша келесі қорытындыны жасауға болады:

Біріншіден, кез келген қауымдастықтың қасиеттері барлық халықта да кездеседі, тек мәселе ол қандай деңгейде көрсетілген. Мысал ретінде өмір сүруге қабілеттілікті алсақ, ол барлық халықтарға тән қасиет, тек кейбір объективті себептерге, атап айтсақ, халықтың маңдайына түскен қиын тарихи сынақтарға байланысты, біздің менталитетімізде ерекше ащы шындық деңгейінде кездеседі. Менталитетті зерттеген ойшылдардың атап кеткен ұлттық қасиеттері, әлеуметтік нақты өмірде көрініс тауып отыр, бұл жерден біздің көретініміз саналылықтан санасыздықтың басым тұрғаны; адамгершілік және рухани элементтердің мәнінің жоғарлығы.

Екіншіден, тағы бір айта кететін жайт, «біз» деген ұғымды қолданғанда, біз ортақ қазақстандық деген ұғымға сай қолданамыз. «Біз» ұғымы, яғни қазақстандық идея барлық Қазақстанда тұратын этностардың санасында бірдей сіңген жағдайда, олар өздерін осы «бізден» алшақ ұстамайды, керісінше олардың «біздікі» деген ойлары басқа мемлекетке емес, біздің мемлекетімізге арнап айтылуын көруге болады, тек осы жағдайда қазақстандық менталитеттің негізін құрайтын қасиеттер қазақстандық халықты біріктіре отырып, қазақ ұлтының құндылықтары ауқымынан шығып кетпеу мемлекеттік саясат тұрғысынан қамтамасыз етіледі.

Үшіншіден, қазақстандық менталитет Қазақстандағы саяси дамудың рухани-әлеуметтік негізі бола алады, себебі менталитет қоғамдағы рухани-әлеуметтік дүниетанымның негізін құрайды, қоғамдық сананың түпкі қазығы бола отырып, құндылықтарды анықтай алады.

Төртіншіден, қазақстандық менталитеттің негізінде осы мемлекетте тұратын барлық ұлттардың, ірі әлеуметтік топтардың болмысында тарихи қалыптасқан дәстүрлері, ұстанымдары стереотиптері жатыр, осылардың барлығы жинақтала отырып, бір-бірімен өзара астарласа саяси дамуға да ықпалын тигізе алады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Иванов В.Н., Назаров М.М. Политическая ментальность: опыт и перспективы исследования // Соц.-полит. журн. – 1998. – №2. – 93 с.
- 2 Кусов В.Г. Категория ментальности в социологическом измерении // Социол.исслед. – 2000. – № 9. – 79 с.
- 3 Бердяев Н.И. Мир объектов. Опыт философии одиночества и общения. - Париж, 1931 // Цитаты из книги: Пути всех к мудрости. – М., 1987. – 267 с.

- 4 Марков Б.В. Разум и сердце: история и теория менталитета. – Санкт-Петербург, 1993. – 229 с.
- 5 Филипченко А.М. Национальный менталитет как институциональный фактор экономического развития РФ. – М., 2003. – 250 с.
- 6 Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. – Астана, 2005. – 287 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассматриваются некоторые проблемы процесса становления нации. На основе национального характера проблемы ментального единения тесно рассматриваются с духовной практикой нации. Даются определения таким понятиям как национальный характер, национальный имидж, которые в свою очередь являются компонентами национального менталитета.

### **RESUME**

Several problems of the nations forming process are considered in the given article. The problems of mental unity are considered closely with the spiritual practice of the nation on the basis of national character. The definitions of such nations as national character, national image which are the components of national mentality are given.





### Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының ақша айналымын жетілдіру мәселелері қарастырылып, оларға сипаттама беріледі. Сонымен қатар ақша айналымының және ақша жүйесінің шетелдік тәжірибеде қалай жүзеге асырылып жатқаны қарастырылады. Елімізде ақша айналымының қолма-қол және қолма-қолсыз бөлінудің құқықтық негіздері, шетел тәжірибесіндегі ақша айналымы сипатталады.

*Түйін сөздер:* ақша айналымы, қолма – қол ақша, қолма – қол емес ақша, банкнот, Ұлттық Банк.

## И.С. Сактаганова

Еуразия гуманитарлық институты, заң ғыл. канд., доцент

## Ақша айналымын құқықтық реттеу және оны жетілдіру жолдары

Ақша айналымы - бұл өзінің функцияларын орындау барысындағы қолма – қол және қолма – қол емес ақшалардың қозғалысы. Ол тауарлардың реализациясын, сондай – ақ тауарлы емес төлемдерді және шаруашылықтағы есеп айырысуларды жүзеге асырады.

Ақша айналымының жоспарлы экономика кезінде және қазіргі нарықтық экономикаға сай өзіне тән әр түрлі ерекшеліктері бар [1].

Жоспарлы орталықтанған экономика жағдайында ақша айналысының ерекшеліктері:

- Қолма – қол ақша да қолма – қол емес ақша да шығаратын өнімдерін алдын ала бөлуге қызмет атқарды. Барлық қоғамдық өнім өндіріс құралдары және тұтыну заттары түрінде, яғни бірінші жағдайда материалды – техникалық жабдықтау жүйесі арқылы, ал екінші жағдайда қоғам мүшелерінің табысына сәйкес мемлекеттік сауда жүйесі арқылы бөлінді.

- Мемлекет заң арқылы ақша айналымын қолма – қол ақша және қолма – қол емес ақшаға бөліп, ақша айналымының қай түрі қандай бөлу жүйесіне қызмет атқаратынын белгілейді. Сөйтіп, қолма – қол ақша қозғалысы халықтың ақшалай табысын бөлуді көрсетсе, қолма – қол емес ақша қозғалысы өндіріс құрал – жабдықтарын бөлуді көрсететті.

- Ақша айналымы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің объектісі ретінде директивті заңдармен реттелді.

- Ақша айналымы біртектес мемлекеттік меншік формасына қызмет көрсетті.

- Ақша айналымының алғашқы және қорытынды кезеңдері мемлекеттік банкте шоғырланып, оған мемлекеттік банк бақылау жүргізді.



• Мемлекеттік жүйелер алдын ала өнімге баға белгілеумен және көрсетілген қызметтерге тарифтер бекітумен де шұғылданды.

• Қолма – қол ақша және қолма – қол емес ақша белгілерін тек мемлекеттік банк монополиялы құқық негізінде шығарды.

Ал енді нарықтық экономика үлгісі жағдайындағы ақша айналымына тоқталатын болсақ, онда оған мынадай ерекшеліктер тән:

• Ақша айналымы, негізінен, шаруашылықтағы нарықтық қатынастарға қызмет жасайды, ал бөлу қатынастарының тек аз ғана бөлшегін қамтиды.

• Қолма – қол ақша және қолма – қол емес ақша айналымының заңмен ажыратылуы жойылды.

• Ақша айналымы мемлекеттің, коммерциялық банктердің, заңды және жеке тұлғалардың жоспарлы болжауының объектісі болып табылады.

• Ақша айналымы әр түрлі меншіу формасы жағдайында жүреді.

• Ақша айналымының алғашқы және қорытынды кезеңдері орталықтанбаған, яғни олар әр түрлі коммерциялық және мемлекеттік банктерде шоғырланған.

• Қолма – қол ақша және қолма – қол емес ақша айналымы бір – бірімен тығыз байланыста жүреді.

• Қолма – қол ақша эмиссиясын Орталық банк жүргізіп, ал қолма – қол емес ақша белгілерін коммерциялық банктер шығарады.

Сонымен, ақша айналымы деп қолма – қол және қолма – қол емес түрінде үзіліссіз қозғалыста жүретін ақша белгілерін айтады [2].

Мемлекет заңмен ақша айналымын: қолма – қол ақша және қолма – қол емес ақшаға бөліп, ақша айналымының қай түрі қандай бөлу жүйесін қызмет атқаратынын белгілейді. Сөйтіп қолма – қол ақша қозғалысы халықтың ақшалай табысын бөлуді көрсетсе, қолма – қол емес ақша қозғалысы өндіріс құрал жабдықтарын бөлуді көрсетті. Ақша айналымы мемлекеттік жоспарлау жүйесін объектісі ретінде директивалық заңдармен реттеледі. Ақша айналымы біртектес мемлекеттік меншік формасына қызмет көрсетеді.

Қазақстан Республикасында қолма – қол ақшаны Ұлттық банк банкнота түрінде эмиссиялайды (ҚР – дың ақша өлшемі – теңге), екінші деңгейдегі банктер оның эквивалентін қолма – қол емес формада төлеп алады. Коммерциялық банктердің операциялық кассасынан қолма – қол ақшаның көп бөлігі клиенттерге беріледі, яғни клиенттер заңды тұлғалар болса, ақша кәсіпорындар мен ұйымдардың кассасына түседі де, ал клиент жеке тұлға болса, ақша тікелей халыққа беріледі. Кәсіпорындар мен ұйымдардың кассасындағы қолма – қол ақшаның аз бөлігі олардың өзара есептеуіне жұмсалса өзара есептеу, негізінен, қолма – қол емес ақша белгілерімен жүргізеді, ал басым көп бөлігі халыққа әр түрлі ақшалы табыс түрінде (яғни жалақы, зейнетақы, жәрдемақы, шәкіртақы, сақтандыру қайтарымы дивидендтер төлеу мен бағалы қағаздарды сатудан түскен түсім және т.с.с. түрінде) беріледі [3].

Ұлттық банк – заңды төлем құралын, яғни банкноталарды шығаруға эмиссиондық құқы бар жалғыз мемлекеттік орган. Олар Ұлттық банктің эмиссияға шығаруы арқылы және банктерге сатып, қолма – қолсыз балама алу формасында болады. Ұлттық банк банкноталар мен монеталардың қажетті мөлшерін анықтайды, олардың дайындалуын қамтамасыз етеді, сақталу, жою және қолма – қол ақшаны инкассациялау тәртібін орнатады. Ұлттық валютаның қызмет ету шарттарын, мерзімін, тәртібін анықтау құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне жүктеледі.

Ұлттық банк Қазақстан Республикасының валютасын шетел мемлекеттерінің ақша бірліктеріне айырбастау бағамын анықтау тәртібін белгілейді. Қолма – қол ақшаның айналымы, олардың банкінің кассасына үздіксіз оралып отыру жолымен жүзеге асады [3].

Қазақстан Республикасында өз күштерін енгізумен байланысты ақша банкноталарын өндіру және коммерциялық банктерге инкассациялауға лицензия беру бойынша, қолма – қол ақшаның жағдайы 1996 жылға дейінгі кезеңмен салыстырғанда мүлдем өзгерді.

Екінші деңгейдегі банктер корреспонденттік шоттағы қаражаттарының қалдығы шегіде қолма – қол ақша түрінде толықтыру алады, сонымен қатар, операциялық кассадағы қолма қол ақша қалдығына шек қойылмайды.

Ақша бағасы – бұл Ұлттық банк шығаратын ақшалары. Оған айналымдағы қолма – қол ақшалар, міндетті және артық резервтер жатады. Міндетті резервтер – бекітілген нормативтерге сәйкес Ұлттық банктегі арнайы шотта кредит корреспонденттік шотында сақталуына міндетті банк депозиттерінің бөлігі (бұл Ұлттық банктің келісімі бойынша тек қана қаржылық тұрақты банктер мен қолданылатын резервтердің баламалы әдісі деп аталады). Ақша айналысының жылдамдығы экономикалық монетизация деңгейіне байланысты болады, ол ақша массасының жалпы ішкі өнімге қатынасымен анықталады. Айналыс жылдамдығы төмен болған сайын, монетизация деңгейі жоғарылайды.

Сонымен қатар, әрбір дамыған елдің осы заманғы ақша жүйесінің мәнін толық ашуға мүмкіндік беретін тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар [4].

АҚШ – тың ақша жүйесі. АҚШ – тың ақша бірлігіне айналымға 1786 жылы енгізілген АҚШ доллары жатады. Доллардың атауы бірқатар еуропалық елдердің айналыста болған күміс толерден шыққан. Қысқартылған белгісі – \$. Бір доллар 100 центке тең. Бүгінгі таңда айналымда 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 долларлық құны бар купюралар мен 1, 5, 10, 25, 50 центтік құны бар тиындар және 1 доллар қолданылады. Қолма – қол ақша эмитенттеріне Қаржы Министрлігі (қазына мекемесі) және федералдық резерв жүйесі (ФРЖ) жатады. Қазына мекемесі айналымға 1 – ден 10 долларға дейін құны бар ұсақ купюрлі ақша белгілерін, сондай – ақ 100 долларды шығарады, монеталар күмістен, никельден және мыстан дайындалады. Қазына мекемесі шығарған купюрдың айрықша белгісіне ондағы «Құрама штаттар билеті» дейтін жазу, – «UNITED STATES NOTES» жатады. Қолма – қол ақша белгілерінің негізгі массасын айналымға ФРЖ шығарады. Онда «FEDERAL RESERVE NOTES» дейтін жазу болады, сондай – ақ оларды шығарған федералдық резервтік банктің нөмірі көрсетіледі. АҚШ – тағы қолма – қол ақшасыз ақша эмиссиясы басқа шетелдерге және коммерциялық банктерге жүзеге асырылады. Олармен айналымға чектер, вексельдер, пластикалық карточкалар, электрондық ақшалар шығарылады. Экономикалық айналымда қолма – қол ақшасыз ақшаның үлес салмағы көп әрі бұл үлес салмақ өсу тенденциясына ие. АҚШ – та ақша массасы классикалық ақша – кредит саясатының құралдарымен реттеліп, басқарылады: құнды қағаздардың ақша нарығындағы операциялар, банктің есептік мөлшерлемелерінің өзгерісі, коммерциялық банктер мен кредит жинақтаушы мекемелердің міндетті резерв талаптарының өзгерісі [5].

«Еуро» еуропалық валюта зонасы. Бүгінгі таңда Еуропалық Одақта (ЕО) ақша жүйесі бар. Ол Еуропаның 24 дамыған елі кіретін еуропалық ұжымдық «евро» ақша бірлігінде негізделген. ЕО – ның еуропалық ақша жүйесі 2001 жылы құрылды және евроның ақша бірлігі алдымен қолма – қол ақшасыз айналымының есеп айырысу бірлігі ретінде енгізілді, ал 2003 жылы қолма – қол ақша айналымына банкноттар мен монеталар түрінде қағаз ақшалар шығалыды.

Ресейдің ақша жүйесі. 1995 жылдың 12 сәуірінде қабылданған «РФ орталық банк туралы» РФ заңына сәйкес жұмыс істейді. Ресейдің ресми ақша бірлігіне рубль жатады. 1 рубль 100 копейкаға тең. «Рубль» атауы Киев Русь тұсында пайда болған. Ол кезде ақша бірліктері гривна деп, ал, екіге тең бөлінгені рубль деп аталады. Алтын мен рубльдің ресми арақатынасы белгіленбеген. Басқа ақша белгілері мен суррогаттардың шығарылуына тыйым салынған. Заңды төлем күші бар ақша түрлеріне банктің барлық активтерімен қамтамасыз етілген әрі Ресей Банкінің сөзсіз міндеттемелері болып табылатын банкноттар мен ұсақ металл монеталар жатады. Қолма – қол ақшаны шығарудың, олардың айналымын ұйымдастырудың және РФ аумағынан оларды алып тастаудың айрықша құқығы Ресей Банкіне тиесілі.

Ақша айналымын ұйымдастырумен байланысты шығындарды кеміту мақсатында 1998 жылдың 1 қаңтарынан арақатынасында ақшаны ірілендіру (деноминация) жүргізді.



РФ – та жүргізілген реформалардың нәтижесінде айналымға Ресей Банкінің 5, 10, 50, 100 және 500 рубльдік құны бар банкноттар, 1, 5, 10, 50 копейкалық құны бар тиындар, 1, 2 және 5 рубль енгізілді [6].

Металл ақшаның алғашқы түрі – құйма металл, оның формасы да әр түрлі болған (шыбық, сым, табақша және т.б.). Салмақты металл құймалары айырбаста алып жүруі және сақтауға өте ыңғайсыз болғандықтан, сауданы баяу жүреуіне әкеп соқтырған.

Біртіндеп металл ақшаның түрі де, салмағы да өзгереді. Мысалы, ертедегі Римде ақша орнына белгілі бір салмағы бар формасыз мыс құймасы, одан кейін жолақша сызығы мен нүктелері бар табақша, ең соңғыда екі жағында сурып салынған массасы 1 немесе 2 фунт болатын дөңгелек ақша пайда болған. Сөйтіп, металл ақшалардың формасының неше түрлі болып өзгеріп, ақырында дөңгелек түріне келуі тауар ақша айналымының табиғи даму жолын көрсетеді.

Қоғамдық еңбек бөлінісі дамуының жоғары сатысында металдан монета түрінде ақша құйыла бастады. Нарықтық қатынастардың дамуына байланысты тауар сатушылардың арасынан көпестер (купцы) бөлініп шығып, олар тауар айырбасқанда тек делдалдық кәсіппен шұғылданды. Сонымен, монета деген заң жүзінде құрамындағы белгілі бір металдың салмағын, сыртқы түрін бекіткен тағайынды формадағы ақша белгісі. Мемлекет алтынның сынамасын (проба монетадағы сап алтынның салмағы), массасын, типін, ремедиумын (заңды түрде бекітілген нақты массасының іс жүзіндегі массасының ауытқуы), эмиссия ережесін және т.с.с. бекітеді. Монетаның бет жағын – аверс, сыртын – реверс, жиегін – турт немесе обзер деп атайды [7].

Металл ақшалар толық құнды және толық құны жоқ (немесе кембағалы) ақша болып бөлінеді. Толық құнды ақша деп монета көрсетілген құн (номиналы) монета соғуға жұмсалған металдың құнына тең ақшаны айтады. Ондай ақша өзінің пайда болғанынан бастап жалпы құн эквиваленті болды және ақшаның барлық қызметін атқарды. Толық құны жоқ ақша – монетада көрсетілген құн оны соғуға жұмсалған металдың құнынан жоғары болатын ақша. Ол толық құнды ақшаның ұсақ бөліктері ретінде кішігірім төлемдерді атқару үшін майда монета түрінде қолданылады. Оны билондық монета деп те атайды. Ақша айналысы шапшаң болғандықтан тез ысылып салмағын, соған байланысты құнын жоятындықтан майда ақшалар алтын монеталар қоспасынан (мыс – никель, мыс – мырыш) және алюминийден соғылады.

Қазіргі қағаз – несиелік ақшалары жүйесіне тән өзгерістер мыналар:

- алтынның мемлекеттің ішкі және сыртқы ақша айналымынан шығып, оның қазына қорына құйылуы (қор негізінен, банктерде сақталады);
- банктердің несиелік операцияларының негізін қолма қол ақша және қолма – қол емес ақша белгілерінің шығарылуы;
- қолма – қол ақшасыз айналымның дамуының нәтижесінде қолма – қол ақша айналысының қысқаша (әлемдік экономикада бұл екі айналымның орта арақатынасы 1:3 қатынасына тең);
- мемлекет тарапынан ақша – несиелік реттеу механизмін құру және дамыту.

Қазақстан Республикасында қолма қол ақша шығарумен оны айналысқа түсірумен және айналыстан кері шығарумен тек Ұлттық банк шұғылданады. Ұлттық банк басқа банктерге банкнота және тиындарды қолма қол ақшасыз есептер арқылы олардың эквивалентін алумен сатады [7].

Ақша айналымын реттейтін мемлекеттік орган – орталық банк, яғни айналыстағы ақша массасын реттейтін орталық банктің ақша – несиелік саясаты.

Ақша – несиелік реттеуге: реттеу тәсілдері; реттеуші органның құқығы және міндеттері; реттеудің мақсаты және объектісі кіреді. Мысалы, 70 жылдардан бастап өркендеген мемлекеттер айналымдағы ақша массасының және несиенің өсуін реттейтін мақсатты бағдарларды бекітуде. 1975 жылдан бастап АҚШ-тың федералдық резерв жүйесі (ФРС) Конгресте алдағы 12 айда айналымдағы ақша массасының өсу немесе қысқара

қарқынының жоспары туралы әлсін – әлі есеп береді. Бұл жүйе мақсатты бағдарды және ақша қаражатының өсу қарқынын жиі жиі ақпарат құралдарында хабарлап тұрады.

Валюта курсы белгілеу, немесе баға (котировка) тәртібі – ол бір мемлекеттің ақша өлшемінің екінші мемлекеттің ақша өлшемімен көрсетілген бағасы. Қазіргі кезде ешбір мемлекеттің ақша өлшемін алтын құрамы белгіленбегендіктен, ұлттық валютаны сатып алу мүмкіндігінен ауытқуын, сондай – ақ валюта нарығындағы айырбасқа түсетін валюталарға сұраныс пен ұсынысты есептейтін баға кесу әдісі қолданылады. Ең кең тараған баға кесу әдісі валюта «қоржынына» негізделген, онда әрбір ұлттың валюта «қоржынға» кіретін басқа ұлттық валюталардың біразымен салыстырылады.

Жалпы айырбасталмайтын несие ақшаларына көшу эмиссиясының біржақты икемденуіне және ақша жүйесінің негізгі – ақша айналымының объективті қажеттілігінен туындайтын – ақша шығаруды шектеу принципінің бұзылуына әкеп соқтырды. Ақша жүйесі шаруашылық механизмінің құрамдас бөлігі ретінде қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі диспорцияны шұғыл сезінеді.

Төлем карточкаларымен есеп айырысулар компьютер торабының, ақпараттарды автоматты түрде өңдеу құралдарын қолданатын байланыс жүйелері арқылы жүзеге асыратын банктер және олардың клиенттері, сатушылар мен сатып алушылар арасындағы төлемдер жиынтығы.

Кредиттік карточкалар бөлшек сауда айналымында және қызмет көрсету сферасында қолданылады. Қазіргі уақытта несиелік карточкалардың мынадай түрлері қолданылады: банктік, саудаға арналған, бензин сатып алуға арналған, туризм және ойын-сауық шараларын төлеуге арналған. Біршама кеңінен таралған түріне сауда карточкаларын жатқызуға болады [8].

Қазақстан аумағында қолданылып жүрген карточкалар қолданылу аясына қарай екі түрге бөлінеді:

- 1) локальдық немесе оқшауланған, яғни бір елдің аумағында қолданылатын төлем карточкалары;
- 2) халықаралық, яғни әлемдің банктік тәжірибеде еркін қолданылатын төлем карточкалары.

Процессингтік орталық – төлем жүйесінің технологиялық ядросы болып саналатын мамандандырылған есептеу орталығы.

Процессингтік орталық мынадай қызметтерді атқарады:

- төлем карточкалары бойынша транзакцияларды өндеп, қажетті құжаттарды дайындау;

- төлем жүйесіне қатысушы банктер арасында өзара есеп айырысуларды жүргізуге арналған ақпараттар даярлау;

- төлем карточкаларын, соның ішінде халықаралық төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын төлемдер клирингін ұйымдастыру;

- төлем жүйесіне қатысушы банктердің үстеме шығыстарын азайту мақсатында екінші деңгейдегі банктер мен бағдарламалық-техникалық құралдарды көтерме бағамен жабдықтаушылар арасынын байланыстыру жұмыстарын ұйымдастыру;

- қатысушы банктерді техникалық және ақпараттық жағынан қолдау;

- төлем карточкаларын қабылдау торабын ұйымдастыру.

Қазақстан экономикасының нарықтық принциптерге өтуінен бастап ақша саясатының мақсаты инфляциялық процестерге және осы негізге сүйенетін сұранысты реттеу үшін ақша эмиссиясын шектеу болып табылады. Бұл ақша айналымының реттеуші құралдарын қолдану арқылы жүзеге асады: яғни ақша массасын реттеу, валюталық реттеу.

Екі деңгейлі банк жүйесін қалыптастырғаннан кейін, ақша реттеушілері жиынтық сұранысты реттеуге және ақша қаражаттарының әр алуан түрлерімен формаларын бір уақытта қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін бағытталған болатын.



Ақша массасының құрылымы мен динамикасының анализі ақша айналымының реттеу механизімін жасауда маңызы зор. Айналымдағы ақша көлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің несие эмиссиясының көмегімен болжамдалады. Несиелеу процесі кезінде, алтын валюталық қорлардың өсуі және шетел валютасын сатып алу нәтижесінде оның активтері көбейеді. Бұл, сонымен бірге, пассивтердің өсуіне, яғни ақша агрегаттарының (қолма – қол ақша, міндетті резервтер) пайда болуына әкеледі [8].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қолма – қол ақша айналымын реттеудегі басты қызметтерінің бірі - экономика субъектілерінің қажеттілігін ұлттық валюта ақша белгілерімен дер кезінде және тұтас қанағаттандыруы.

Осы жұмыстарға байланысты Ұлттық Банк филиалдарының эмиссия – кассалық реттеуімен екінші деңгейдегі банктердің кассалық жұмысы, купюралық құрылымды жақсарту, ұлттық валютаның ақшалай белгілерінің саудасын қолдау, айналымнан ескі үлгілерді алып тастау жүргізіледі.

Ұлттық Банктің ақша – несие саясатының шарттарына байланысты Республикада экономикалық жағдай жағымды қалыптасуда, өнеркәсіптер мен халықтың мемлекет саясатына сенімнің артуы мемлекеттегі ақша ұсынымына оң әсер тигізеді.

Қазіргі кезде қолма – қол ақша эмиссиясының көлемі және ұлттық валюта белгілерінің көлемі тек шаруашылық субъектілердің сұранысына байланысты.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Свиридов О.Ю. Деньги. Кредит. Банки. Серия «Учебники, учебные пособия». – Ростов – на – Дону: «Феникс», 2001. – 448 с.
- 2 Көшенова Б.А. Ақша. Несиe. Банктер. Валюта қатынастары. Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2000. – 328 бет.
- 3 Ақша. Несиe. Банктер: Оқулық / Жалпы редакциясын басқарған Ғ.С. Сейітқасымов. – Алматы: Экономика, 2001. – 466 бет.
- 4 Матлин А.М. Деньги и экономические решения. – М.: Дело, 2001. – 272 с.
- 5 Лаврушин О.М. Деньги. Кредит. Банки. – Москва, 1999. –
- 6 Баймуратов У.Б. Национальная экономическая система. – Алматы.: Ғылым, 2000. – 536 с.
- 7 Сейтқасымов Ғ.С. Ақша, несиe, банктер. – Алматы: Экономика, 2001.
- 8 Көшенова.Б. Ақша, несиe, банктер. – Алматы, 2001.

## РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы правового регулирования денежного обращения в Республике Казахстан. Проанализирована практика денежного обращения зарубежных стран. Изучены существующие проблемы и дана правовая характеристика данному институту.

## RESUME

In this article there were discussed the goals of foreign policy of Kazakhstan regarding the protection of the national interests and some questions of fiscal policy, additionally, international and legal characteristics of the mentioned questions are considered.





### **А.С. Исмаилова**

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, канд. экон. наук, доцент

### **Е.П. Задворнева**

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, магистр экономики

## **Особенности развития регионального экономического центра на примере Астаны**

### **Аннотация**

Место Астанинской агломерации в международной и национальной системе экономических отношений зависит напрямую от его ядра – г. Астаны. Развитие города Астана и сельских районов Акмолинской области как единого Астанинской агломерации будут опираться на имеющиеся и потенциально реализуемые конкурентные преимущества, специфически присущие городу и районам области, позволяющие получить дополнительные импульсы для совместного ускоренного взаимосвязанного и комплексного развития.

**Ключевые слова:** агломерация, ядро агломерации, международное позиционирование.

Место Астанинской агломерации в международной и национальной системе экономических отношений зависит напрямую от его ядра – г. Астана. Столица Астана – особенный город, возникший среди степи, который сегодня называют сердцем Евразии. За короткий срок Астана стремительно заявила о себе как о культурном, геополитическом, экономическом центре не только Казахстана, но и всего региона. Но самое главное – наша столица становится своеобразной точкой отсчета современного формата Казахстана.

Проведение международной выставки EXPO-2017 в Астане – ядре агломерации – является одним из ключевых проектов Казахстана, которая улучшит международные позиции нашего государства. Инициатива организации такого масштабного мероприятия в столице нашей страны принадлежит Главе государства. Ожидается, что выставку смогут посетить более 2 миллионов человек. Выставка придаст мощный импульс для системной диверсификации экономики и технологической модернизации производственных мощностей и научной базы страны. Проведение такого масштабного мероприятия придаст новый серьезный импульс развитию малого и среднего бизнеса. Выставка позволит привлечь значительные частные инвестиции в строительство выставочных объектов и инфраструктуры столицы. В настоящее время усилия Правительства Республики Казахстан



направлены на дальнейшее развитие города Астана как крупного регионального финансового и культурного центра в Центрально-Азиатском регионе. Экономические взаимосвязи города Астаны и сельских районов Акмолинской области имеют свои исторические корни. Город в течение длительного времени являлся центром Акмолинской области. В связи с этим сложившиеся товарные и трудовые потоки между бывшим областным центром и прилегающими к ней населенными пунктами носят интенсивный характер. Решение региональных проблем сельских районов агломерации основывается на программно-целевом методе с учетом основных направлений Стратегического плана развития Республики Казахстан до 2020 года, Прогнозной схемы территориально-пространственного развития страны, государственных и отраслевых программ и Стратегического плана устойчивого развития города Астаны до 2030 года. Прогноз социально-экономического развития сельских районов Акмолинской области на 2014-2018 годы, разработанный в соответствии с Правилами разработки Прогноза социально-экономического развития, утвержденными постановлением Правительства РК от 6 апреля 2012 года, 423 [1].

Существуют разные системы критериев для выделения городских агломераций: используются плотность городского населения и непрерывность городской застройки, наличие большого города-центра и определенного количества городов-спутников, интенсивность и дальность трудовых и культурно-бытовых связей, соритмичность большинства циклических процессов, протекающих в системах расселения и др. Традиционно сложившаяся или формирующаяся агломерация выделяется вокруг города с численностью жителей более 100 тыс. человек, если в зоне часовой доступности от него имеется еще не менее двух городских поселений-спутников. Агломерация считается сложившейся, если в спутниках живет не менее 10–20% городского населения агломерации.

В описании основных свойств этапов становления и развития агломеративных систем отдельно охарактеризуем территориальные и функциональные особенности.

Пространственно-планировочные особенности развития агломерируемых территорий. Исходные агломерации могут быть двух основных типов: моноцентрические (небольшие поселения концентрируются вокруг одного крупного города — таких в мире большинство) или полицентрическими (когда поселения концентрируются вокруг нескольких примерно равных по значению городов).

Нецентральные города в рамках городских агломераций называются городами-спутниками. На начальных стадиях развития агломераций основная часть населения живет в центральном городе (городах) агломерации. Такова современная ситуация, например, в российских агломерациях, где в пригородах живет лишь около 30% населения агломераций. Далее следует тенденция распространения населения по всей агломерируемой территории, чему способствует развитие транспорта и автомобилизация населения (например, в США такой процесс активнее всего происходил в 1940–1970-е гг.).

В США распространено описание централизованной агломерации на основе «модели концентрических зон» (Concentric Zone Model) Берджесса. Разработанная еще в 1920-х гг., эта модель описывает развитие городской среды как набор концентрических кругов, где каждый круг обозначает способ использования земли. Внутренний круг — это центральный деловой район, затем изнутри наружу идут переходная зона, зона рабочих кварталов, зона дорогостоящего жилья и зона пригородов. Отличительной особенностью этой модели является положительная зависимость между уровнем жизни и расстоянием от центрального делового района. Иммигранты и люди с низким социально-экономическим статусом являются обитателями центра, люди с высоким достатком живут ближе к окраинам. По мере роста города и увеличения его центрального делового района, происходит соответствующее расширение зон.



Постепенно поселения внутри городских агломераций объединяются различными связями, первичными из которых являются трудовые – когда места расселения и приложения труда разнесены по отдельным функциональным зонам (на основе исторически сложившейся системы «центр - периферия»). Постепенно происходит деконцентрация функциональных зон, растет разнообразие их функций, что приводит к постепенному росту более разнообразных типов связей: культурно-бытовых (предоставление услуг жителям одних поселений в других), рекреационных (отдых - как правило, кратковременный и регулярный - жителей одних поселений в других), производственных (поставки сырья, материалов, полуфабрикатов из одних поселений в другие), инфраструктурных (совместное использование разными поселениями коммуникаций, очистительных систем, автодорог и т. п.).

В американской терминологии в качестве этапа, предшествующего процессу увеличения интенсивности внутренних коммуникаций в агломерации, дополнительно выделяют «секторную модель» (Sector Model) Хойта. Еще в 1939 году было отмечено, что, например, жители с низкими доходами живут ближе к железнодорожным веткам и вдоль них, а офисные здания имеют тенденцию располагаться вдоль ключевых дорог. На основании наблюдений было произведено расширение модели концентрических зон с учетом влияния транспортных осей. Новая модель предполагала, что развитие города идет по секторам, образованным ключевыми транспортными осями, отходящими от центра города. В рамках этой модели, близость к транспортным путям увеличивала капитализацию земли и влияла на характер ее использования. Так, в центре города оставались деловые здания, а промышленное производство располагалось вдоль транспортных осей. Жилая недвижимость низкого класса располагается ближе к промышленным и складским районам, а высокого - вдали от них.

Этап непосредственного развития внутриагломеративных коммуникаций определяет многоядерная модель (Multiple Nuclei Model) Харриса и Уллмана. В США еще к середине 1940-х гг. стало понятно, что крупные города и агломерации больше не укладывались в существующие модели развития. В них развивались значительные по площади пригородные зоны (субурбии), некоторые из которых, достигнув определенного размера, начинали функционировать как маленькие деловые районы – ядра развития. Несмотря на то, что центральный район ядра агломерации оставался центром экономической активности (также происходило возвращение богатого и успешного населения в центральную зону агломерации — так называемая «джентрификация»), стало понятно, что в этих ядрах также развиваются особые формы деятельности, часто собирающиеся в кластеры, т. е. образующие цепочки добавленной стоимости. В центре новой модели находится центральный район, вдоль транспортных осей располагаются районы малых и средних промышленных предприятий и оптовой торговли. Тяжелая промышленность, часто окруженная жилыми районами низкого класса, располагается на внешних границах агломерации, а периферию занимают жилые пригороды и небольшие деловые центры.

При дальнейшем развитии городских агломераций их пригородные зоны разрастаются, соседние агломерации срастаются между собой. В итоге в зонах концентрации крупных городских агломераций формируются мегалополисы - крупные урбанизированные зоны наагломеративного уровня. Как правило, они имеют линейную территориальную структуру, так как формируются вдоль мощных инфраструктурных осей (Атлантическое побережье на северо-востоке США, Тихоокеанское побережье Японии, Рейн в Германии и т.п.). Вдоль этих осей населенные пункты образуют практически непрерывную застроенную полосу. При этом в мегалополисах незастроенные территории преобладают все-таки в периферийных зонах, примыкающих к инфраструктурным осям. Формирование мегалополисов возможно только в странах, где есть территории с очень большей плотностью населения и хозяйственной активностью.

Функциональным отображением пространственно-планировочных свойств агломерации является иерархия этапов доминирующих функциональных свойств рассматриваемого типа урбанизированных систем.

1. Индустриальная агломерация. Это первоначальный функциональный этап агломеративного развития. Данный тип агломерации характеризуется тем, что базовой функцией и связующим фактором является промышленность и производственная кооперация. На данном этапе еще не сформировались единые рынки труда, земли, недвижимости и других ресурсов.

2. На втором этапе агломерация вступает в стадию трансформации. Происходит активный рост сектора услуг и рынка труда в ядре агломерации. Возникает мощный центростремительный поток трудовой миграции, следствием чего является возникновение единого диверсифицированного рынка труда. Возрастает нагрузка на транспортную инфраструктуру, соединяющую ядро агломерации и ее подцентры.

3. Третий этап развития – динамичная агломерация. На этом этапе происходит выведение ряда функций: производства, центров потребления и развлечения - на периферию агломерации. Появляется единый активно развивающийся рынок жилой, торговой и производственной недвижимости. Растет спрос на землю и базовые инфраструктуры. Агломерация на данном этапе уже является функционально связанной.

4. Четвертый этап развития - развитая постиндустриальная агломерация. Идет развитие дополнительных хордовых связей между подцентрами агломерации. Резко возрастает емкость и разнообразие рынков, растет спрос на все виды инфраструктур в пределах агломерации.

Говоря об экономическом развитии агломерации, иногда принято упоминать о ее базовой специализации. Так, развитие сравнительно небольших агломеративных систем - до 1,5–2 млн. жителей (порядок численности населения, наиболее вероятный для казахстанских городов, перспективных для агломерирования) - условно может быть описано с использованием трех рамок, влияющих на специализацию агломерации и ее пространственное развитие. Эти рамки были выявлены на материале существующих развитых агломераций и использовались для выявления агломераций - будущих лидеров развития.

Городские системы, развивающиеся в разных рамках, отличаются, в том, числе особенностями рынка недвижимости, инфраструктурами, архитектурой.

Ясно, что даже средняя по размерам агломерация чаще всего имеет несколько сомасштабных специализаций, которые либо разнесены по ее районам (как в случае с крупными американскими агломерациями), либо представляют собой своего рода сети, накладывающиеся друг на друга (как в исторических центрах ядер европейских агломераций). Главным принципом является соотносимость и синергичность отраслей развития.

Развитие Астанинской агломерации, с учетом имеющихся конкурентных преимуществ, а также возможностей и угроз, направлено на обеспечение устойчивого социального, экономического и инфраструктурного развития. Повышение уровня и качества жизни населения предусматривается путем максимального использования внешних и внутренних факторов, обеспечения динамичного развития экономической и социальной сферы при сохранении воспроизводственного потенциала природного комплекса и оздоровлении окружающей среды.

Ежегодно из республиканского бюджета выделяются значительные средства на строительство и реконструкцию объектов образования, развитие транспортной инфраструктуры, инженерно-коммуникационных сетей в районах массового индивидуального жилищного строительства, выделяются кредиты на строительство жилья [2].



Город продолжает оставаться центром притяжения человеческого капитала, при этом лидируя по уровню денежных доходов населения (в 2014г. по городу Астана среднемесячная заработная плата составила 169375 тенге, в 2013г. – 168382тенге). В разрезе отраслей наблюдается различный уровень среднемесячной заработной платы и разные темпы роста. Так например, самый высокий темп прироста 32% в отрасли строительства, 27,2% - в области административного и вспомогательного обслуживания, а также в организациях искусства, развлечения и отдыха. Снижение средней заработной платы в размере 7,2% наблюдается в финансовой и страховой деятельности, однако по сравнению с заработной платой других отраслей остается достаточной высокой.

В настоящий момент Астана является одним из густо населенных регионов страны, плотность населения (по данным на 1 октября 2014 г.) составляет более 1190 человек на 1 кв.км, а в сельских районах агломерации в пределах 4-5 человек на 1 кв.км. Основу экономики города и сельских районов агломерации составляют: торговля, транспорт и связь, строительство и сельское хозяйство. По вкладу в валовой продукт торгового сектора экономики Казахстана Астанинская агломерация (в основном за счет ядра агломерации г. Астана) занимает второе место среди областей и городов республиканского значения после г. Алматы. Совокупный региональный продукт двух городов Алматы и Астаны составляет более половины всего объема сферы торговли Казахстана. По объему розничного товарооборота Астана также занимает второе место в стране [2].

Астана лидирует в республике по темпам строительства. Одна пятая часть всей введенной в эксплуатацию жилой недвижимости в Казахстане приходится на г. Астану. На протяжении более чем пяти лет Астанинская агломерация лидирует по объему ввода в эксплуатацию жилых зданий.

Промышленное производство агломерации сконцентрировано преимущественно в выпуске строительных материалов, пищевых продуктов/напитков и машиностроении. Лидирующее положение в Казахстане Астанинская агломерация занимает по производству строительных металлических изделий, бетона, готового для использования, и строительных изделий из бетона. Также относительно высока доля ядра агломерации в производстве строительных металлических конструкций, радиаторов и котлов центрального отопления и подъемно-транспортного оборудования. В то же время Астанинская агломерация является одним из самых обеспеченных в республике по запасам сырья для производства цемента (Целиноградский район, запасы сырья около 1700 млн.тонн), что создает реальную основу для развития цементного производства и выпуска изделий из него. Имеются достаточные запасы общераспространенных полезных ископаемых, в частности строительного камня, естественного щебня, кирпичной глины, изверженных пород и т.д., которые успешно используются в строительной индустрии Астанинской агломерации. Приблизительные запасы по состоянию на 1 ноября 2014 года составили в Шортандинском районе 22522 тыс. куб метров, в Целиноградском районе – 68078 тыс. куб.метров.

Инвестиционный потенциал столицы вырос многократно за период с 1997 года: с 19,3 млрд.тенге в 1997 году до 547,5 млрд.тенге в 2013 году. Всего за эти годы в экономику города Астаны было привлечено свыше 4,7 трлн.тенге инвестиций. В структуре инвестиций Астанинской агломерации доля Астаны составляет 95%, а доля сельских районов 5%, в том числе удельный вес Аршалынского района составляет 1,5%, Целиноградского - 2,7 и Шортандинского 0,4%.

Төмен. Студенттердің педагогикалық пәндерді меңгеруге деген қызығушылығы тұрақсыз, жекелеген түсініктер жөнінде ғана білім көрсете алады, тапсырмаларды орындау барысында көптеген қиындықтарға ұшырайды, оларды тек қана эмпириялық деңгейде орындайды, педагогикалық іс-әрекеттердің ұстанымдарын түсіндіру кезінде қиналады, бөлшектелген мәліметтерді жүйелей алмайды және оның құрамды бөліктерін айыра алмайды, білім алу кезінде белсенділік танытпайды. Педагогикалық пәндер бойынша теориялық білімдерін интеграциялай алмайды. Білімдер жүйелендірілмеген және құрылымдалмаған.

Жобалық-зерттеу жұмыстарын орындау және нәтижелерін ресімдеу стандарт талаптарына жауап бермейді.

Орташа. Студенттер кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуде теориялық білімдерді пайдалану қажеттілігі мен маңызын түсінеді, оқу тапсырмаларын саналы және мақсатты түрде орындап отырады, бірақ әрдайым емес. Шығармашылық тапсырмаларды орындауға деген жеке талабы ситуацияларға тәуелді болып келеді. Студенттер оқу барысында айтарлықтай белсенді, бірақ жеткіліксіз білімдерін толықтыруға барлық күшін сала тырыспайды, тақырып пен тараулар бойынша меңгерілген білімдеріне тереңділік пен беріктік жетіспейді. Студенттер педагогикалық пәндерді меңгеру барысында алған білімдерін өздеріне таныс жағдайда өздігінен қолдана алады, алайда білімдерін жаңа ситуацияда қолдануда қиналады. Олардың кәсіби-педагогикалық қызмет теориясы бойынша білім деңгейі жоғары, негізгі педагогикалық категориялар, түсініктер мен педагогикалық жүйелерге қатысты принциптерді және тұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен тәжірибесін жете түсінеді, сонымен бірге білімдерін нақты жағдайларда қолдана алады. Жаңа ситуацияда білімдері мен дағдыларын қолдануға қиналады, алға қойған мәселеден шығар жолды жеткілікті түрде тез таба алмайды. Педагогикалық пәндер бойынша теориялық білімдерді интеграциялауда қиындықтарға тап болады.

Студенттер іс әрекеті толықтай саналы, теориялық білімдерін педагогикалық міндеттер мен тапсырмаларды орындауда көбінесе дұрыс қолдана алады, бірақ оларды өзгеше түрде орындай алмайды. Іс әрекеттер жасауының реттілігі жеткілікті ойластырылмаған, кейбір әрекеттер түсіп қалған, өйткені студенттер өздерінің іс әрекетінің ғылыми негізі мен құрылымын жете түсінбейді. Тапсырмалар оқытушының көмегімен орындалады.

Жобалық-зерттеу жұмысының нәтижесін ресімдеу стандарт талаптарына жарым-жартылай сәйкес келеді.

Жоғары. Студенттер педагогикалық мәселені сараптап, жаңалығын айқындай алады және оны белгілі шешімдермен салыстырып, өз әрекеттері мен алған нәтижелерін дәлелдей және қорытынды жасай біледі. Педагогикалық пәндер бойынша теориялық білімдерді интеграциялау барысында қиындықтар туындамайды. Білімдері жүйелендірілген және құрылымдалған.

Білім алушы кәсіби-педагогикалық міндеттерді шешуде және өзіндік зерттеушілік іс-әрекетке тұрақты қызығушылық танытады. Сонымен қатар, оң мотивация жағдайында олардың іс әрекеті ситуацияға тәуелді болмай саналы, мақсатты бағытта, жүйелі және сырт жақтан қолдауды күтпейді. Студенттер аса жоғары ұмтылысты байқатады. Олар педагогикалық міндеттерді шешуде және шығармашылық, зерттеушілік іс-әрекетте жоғары белсенділік пен ынталылықты танытады. Бұл деңгей осы уақытқа дейін алынған теориялық білімдердің педагогикалық міндеттерді шешу және зерттеушілік іс-әрекеттер үшін дұрыс қолданылғанын көрсетеді. Мұндай іс-әрекет қисындылығы мен бірізділігімен ерекшеленеді. Жобалық-зерттеу жұмысының нәтижесін ресімдеу стандарт талаптарына толықтай сай келеді.

Сонымен, оқу үрдісіне меңгерілетін пәндер арасындағы байланыс біршама үйлесімді болатындай шарттарды енгізу қажет. Бұл шарттардың нәтижесінде студенттердің білімі біршама жүйеленіп құрылымдалады, олардың өзіндік зерттеушілік жұмысқа деген ынтасы артады, демек, бұрын алынған білімдерді педагогикалық кәсіби бағытталған міндеттерді шешу барысында пайдалану деңгейі артады. Мұндай жағдайда болашақ маман кәсіби құзыреттілік элементтерін меңгереді.

Бұл критерийлер мен көрсеткіштер педагогикалық пәндерді меңгеру барысында алынған білімдерді кәсіби бағытталған педагогикалық міндеттерді шешуде қолдана білу іскерлігі деңгейінің қалыптасуын бағалауда тиімді болмақ.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- 1 Усова А.В. Формирование у учащихся общих учебно-познавательных умений в процессе изучения предметов естественного цикла. - Челябинск: Факел, 1997. - 30 с.
- 2 Сычкова Н.В. Исследовательская подготовка студентов университета. - Магнитогорск: МаГУ, 2002. - 223 с.
- 3 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1981. - 95 с.
- 4 Некипелова Г.И. Дидактические условия формирования у студентов умения самостоятельно работать с учебной и научной литературой. - Челябинск, 1985. - 183 с.
- 5 Шульгина Т.А. Формирование самостоятельной творческой деятельности у студентов педвузов: автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Челябинск, 1998. - 22 с.
- 6 Яковлева Н.М. Подготовка студентов к творческой воспитательной деятельности. - Челябинск: ЧГПИ, 1991. - 128 с.
- 7 Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі: оқу құралы. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 244 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье разработаны критерии и уровни оценки сформированности у студентов умения применять ранее полученные знания в решении профессионально ориентированных педагогических задач. В статье предложены ряд педагогических условий подготовки студентов к профессиональной деятельности, при которых будущий специалист приобретает элементы профессиональных компетенций.

### **RESUME**

In this article there were developed the criteria and valuation levels of the formation of students' ability to apply previously acquired knowledge in solving oriented pedagogical problems professionally. In the article there was offered the variety of pedagogical conditions in preparing students for professional training in which the future specialist will acquire the elements of professional competence.



## **Л. Нәби**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

## **С.А. Мурзина**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,  
пед. ғыл. канд., доцент

## **А.Ж. Сагиденова**

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,  
магистрант

# **Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері**

## **Аннотация**

Мақалада Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік тұрғыдан берілетін көмектерді көбейту мәселелері жайлы жазылған.

*Түйін сөздер:* мүмкіндігі шектеулі адамдар, реабилитация, қоғам, заң, көмек, қолдау.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды мемлекеттік әлеуметтік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 2005 жылы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қорғау туралы», ҚР 1999 жылдың 5 сәуірдегі № 365-І «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі, асыраушысынан айырылу және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы», 2002 жылдың 11 тамызындағы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық және педагогикалық түзету және әлеуметтік қолдау туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 29 желтоқсан № 1758 «Мүгедектерді 2002-2005 жылдарға оңалту бағдарламасы» қаулысымен және басқа нормативтік актілермен өткізілуде [1].

Әлемде мүгедексіз ел жоқ. Дүниежүзі елдері бойынша орташа көрсеткіш – 10 пайыз, яғни мүмкіндігі шектеулі 650 миллион адам бар деген сөз. Ал, Қазақстанда жарты миллионға тарта мүгедек бар десек, бұл халықтың 3 пайыздайын құрайды. 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда барлығы 609 мыңнан астам мүгедек бар. Оның 543 мыңы – ересектер. Оның ішінде бірінші топтағылары – 57 мың 884, екінші топтағылары – 275 мың 463. 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны – 65 мың 844, оның ішінде 57 мың 627-сі – 16 жасқа дейінгі балалар. Бұл жерде мәселе олардың санының аздығында немесе көптігінде емес. Басқадай мәселе бар. Ол – экономикалық, әлеуметтік мәселелер. Осыдан екі жарым жылдай бұрын Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға және факультативтік қаулысына қол қойып, одан соң мүгедектердің құқықтарын сақтаудың халықаралық стандарттарына көшуді бастаған болатын [3].



Еліміздегі мүмкіндігі шектелген адамдар мемлекет тарапынан арнайы көмекті қажет етеді, себебі олардың физикалық, психикалық, интеллектуалдық мүмкіндіктері олардың қоғамда дұрыс өмір сүруіне кедергі жасайды. Осы мәселелерге байланысты Қазақстанда мүгедектерді оңалту мәселесі қолға алынуы қажет.

Қазақстандағы мүгедектер тап болатын проблемаларды келесі негізгі топтарға бөлуге болады:

- жұмыспен қамтылудағы қиындықтар, мүгедектерді қамту сферасындағы дискриминациялау;
- білім алуудағы шектеулер және әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандырудағы шектеулер;
- мүгедектерді реабилитациялауда денсаулық сақтау қызметтерінің сапасының төмендігі мен жеткіліксіз көлемі;
- мүгедектердің тұрғын үйлерге қол жеткізе алмауы;
- елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысудың әлсіздігі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда мүгедектерді біріктіруші 200-ден астам ұйымдар бар. Олардың өзара келіспеушілігі қазірше өте төмен, бірақ мүгедектердің нақты құқығын сол қалпында қалдыру және қорғау тенденциясы қалыптасуда. Мүгедектер мен орта жастағы адамдардың құқығы ұзақ жылдар бойы әлемдік қауымдастықтың тарапынан қатаң назарда ұсталып мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік көмек ретінде мемлекеттік тапсырысты орындау шегінде жыл сайын республикалық бюджеттен мүгедектермен ардагерлерді сауықтыруға құралдар бөлінеді. Сауықтырулар бойынша қызметтерді Алматы қаласындағы «Ардагерлер» республикалық пансионаты, Павлодар облысындағы «Мойылды» санаториясы, Шығыс Қазақстан облысындағы «Ақжайық» және Бурабай курорттық зонасында орналасқан «Жеке-Батыр» қызмет көрсетеді. Мүгедектерді реабилитациялаудың кешенді құру үшін қоғамның жан-жақты интеграциялау мүмкіндігін жасау үшін Қазақстан Республикасының үкіметінің 2001 жылы 29 желтоқсандағы № 1758 «Мүгедектерді 2002-2005 жылдардағы оңалту бағдарламасы» бекітілді. Бағдарлама мүгедектерді реабилитациялау жүйесін құруға бағдарланған, өмір сүру жағдайына қарамастан мүгедектік деңгейін төмендету жағдайын қамтамасыз етеді [4].

Балалар мүгедектігінің алдын алу үшін Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-педагогикалық түзетуді әлеуметтік қолдау туралы» Заңы бекітілді. Заң әлеуметтік медициналық-педагогикалық түзетудің формалары мен әдісін анықтайды. Ауытқулары бар балаларды айқындау, медициналық, арнайы білімі және әлеуметтік қызмет көрсету, реабилитациялық орталықтар ашу, түзету кабинеттерін ашу, тәрбиелеу, оқыту, еңбек сыйақыларымен байланысты проблемаларды шешу, мүмкіндігі шектеулі балаларды дайындау, мүгедектіктің алдын алу т.б. болып табылады.

Сонымен елімізде республикалық мүгедектер қоғамдарымен олардың облыстық бөлімшелері, Қазақстандық соқырлар қоғамы, Ести алмайтындардың Қазақстандық қоғамы республикалық мүгедек әйелдерді қорғау «Бибі-Ана» қоғамы, әлеуметтік адаптациялау және дамуында ауытқулары бар жасөспірімдерді реабилитациялау. Центр-Сатр, «Кеңес», «Лига», «Ақбота», яғни мүгедектермен психофизикалық дамуында ауытқулары бар балаларды қорғау, мүгедек балалар ата-аналардың ассоциациясы, «Қазақстан мүгедектері» мен мемлекеттік емес ұйымдар заңды тұлғалардың бірігуі тағы басқалары жатады [5].

Қазақстандағы жағдай бүгінгі күні мынадай: мүгедектерге қоғамның кейбір салаларында кемсітетін жағдайларға соқтығуына тура келеді: қоғамдық ғимараттар, көлік және байланыс құралдары олар үшін бейімделмеген (интернат-үйлерді аралауда көрінгендей, мүгедектердің тұратын жерлері де бейімделмеген), қоғам материалдық және әлеуметтік жағдай туғызу үшін шаралар қабылдамайды. Оқып-үйрету және еңбекке орналастыруда тыйым салынған біліктілік стандарттары мен өлшемдер қолданылады, бұл мүгедектердің әлеуметтік жағынан оқшаулануына тура соқтырады, қызмет көрсетулер



мен жеңілдіктер алуда мүмкіндіктерді таңдау шектелген. Олар шектелген әлеуметтік, кәсіптік, экономикалық және білім беру мүмкіндіктерін пайдаланады.

Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекет тарапынан төмендегідей әлеуметтік қолдау көрсетілсе көптеген проблемаларды шешу мүмкіндігі артар еді:

- мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік, техникалық көмек құралдарымен, көлік және рекреациялық құрылымдармен, ақпараттық ортамен қамтамасыз етілуін және материалдық, әлеуметтік – психологиялық қолдау көрсету;
- қосымша көмек қажет ететін мүгедектердің әлеуметтік қамтамасыз етілу жүйесіне республикада медициналық – әлеуметтік мекемелердің, әлеуметтік қорғаудағы территориялық орталықтардың және үйде жеке көмек көрсету сияқты мүмкіндіктерді арттыру;
- интернат – үйлерінде тұратын мүгедектер мен қарттарға медициналық, әлеуметтік – тұрмыс жағынан, әлеуметтік адаптация, еңбекке жарамдылығын арттыру;
- республикамызда мүгедектер мен қарттарға әлеуметтік көмек көрсететін, медициналық, әлеуметтік және кәсіби дамыту мекемелерін көбейту;
- мүгедектерді тұрғын үймен қамтамасыздандыру:
  - есепке алып, баспанасыз мүгедектерге үй беру;
  - мүгедектер мен отбасылық құрамында мүгедек бар жанұяға баспана кеңістігі жабдықтарымен, арнайы құралдар және жабдықтармен қамтамасыз ету;
- мүгедектерді жұмыспен қамту:
  - қызмет орындарының жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектерге жұмыс орындарынан квота бекіту;
  - жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;
  - мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құру;
  - мүгедектерді кәсіби оқыту ұйымдары;
- мүгедек – балаларға білім беру бағдарламасын жасау;
- моральдық – психологиялық жағынан қолдау көрсету;
- мүмкіндігі шектеулі адамдарға олардың құқықтары туралы ақпарат беретін территориялық орталықтар ашу;
- заңға сәйкес мүгедектер сауықтыру бағдарламаларына орай протез – ортопедтік көмекпен, қозғалуға байланысты әлеуметтік жабдықтармен, сурдо – тифложабдықтармен және басқа да техникалық құралдармен жабдықтау;
- сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен бөлінетін мемлекеттік тапсырыс бойынша сауықтыру – курорттық емдеу шаралымен қамтамасыз ету.

Қазіргі қоғамның мақсаты мүгедек адамдардың құқықтары мен міндеттері бар ережені қамтамасыз етуден тұрады. Әлемнің барлық елдерінде мүгедектерге өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін және олардың қоғамдық өмірге толық араласуына қиындататын кедергілер әлі де бар. Мұндай жағдайда қоғамның міндеті осы кедергілерді жоба үшін қажетті шараларды қабылдаудан, яғни тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуден тұрады, осының арқасында қызмет көрсету, еңбек қызметі және ақпарат сияқты қоғамның түрлі салалары барлығына, әсіресе мүгедектер мен орта жастағы адамдардың қолы жететін болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Заңы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» // Егемен Қазақстан. – 2002. - 23 шілде.
- 2 Қазақстан Республикасының Заңы «ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» // Егемен Қазақстан. – 2005. - 26 сәуір.

- 3 [www.BNews.kz](http://www.BNews.kz)
- 4 Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары: 2003ж. 15 қаңтардағы №20 қаулысымен бекітілген.
- 5 Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жәрдемақылар. – Заң газеті. – 2005. - 14 қаңтар.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются проблемы повышения социальной помощи людям с ограниченными возможностями в Казахстане, а также приведены статистические данные и нормативные документы РК, касающиеся лиц с ограниченными возможностями.

### **RESUME**

The article deals with the problem of increasing social assistance to people with disabilities in Kazakhstan, as well as the statistical data and regulations of Kazakhstan relating to persons with disabilities.



## **Liza Navii**

Candidate of pedagogic sciences, the associate professor of Kokshetau State University named after Shokan Ualikhanov

## **Anar Kalzhanova**

1-st year master's degree student of Kokshetau State University named after Shokan Ualikhanov

# **The possibilities of implementation of the dual system of education**

## **Abstract**

Nowadays, the dual system of education is one of the most popular themes around the world, that is why it is very important to explain the reason of implementation and future perspectives of this program. The study of the dual system shows that the alumni of the high schools, studying according to this system achieve the best results in future. They become the most competitive, qualified and competent workers. According to the international experience and our first steps on the way of implementation of this program it is clear that this is a very actual theme.

*Keywords:* dual system of education, vocational education, State program of educational development, duality.

The president of the Republic Kazakhstan asked all enterprises of our country to implement the dual system of education [1].

N.A. Nazarbayev noticed that this model of education has been already implemented in some local organizations such as technical institutions and in mechanical factories.

The dual system of education gives people the greatest opportunity to get the education from two places and we can call this system of education as the guarantee of the future placement of alumni.

The main problem of all high school alumni is the lack of practice i.e. the dual system considers this fact and includes the most effective way of the process of education. It is very effective in the process of training future specialists. Efficiency is that all theoretical materials which have been done are based on practices in manufacturing places and other factories. It means that students have chances to use the theoretical material from lectures in real practice.

The main point of the dual system of education is the combination of the theoretical study from high schools with practice. According to the dual system of education the students get more deep knowledge and skills of their specialty. Students can take the experience in a future work place; they learn how to work in the collective [2].

Also the president of our country noticed that “the student can choose any place of work, because he/she has taken the real practice and is able to work”.

This form of education is very useful for employers because they can teach necessary experts for them.

Let us give the information about the dual system: From a scientific point of view of the whole typology of the vocational education system of Germany it seems particularly relevant to study the dual form of education workers. Its origins appear in the apprenticeship system, which has been distributed in the Arabian, Asian and European countries in the earliest periods of history, but in the development process it acquired national peculiarities in Germany. Formed later, especially under the influence of the reform movement in the European pedagogy at the end of twentieth centuries, led by the German researcher and teacher Georg Kershtenshtaynerom, the concept of the dual form of vocational education has been legally admitted to the pre-war Germany as the main method of preparation and training of young workers.

The dual form of vocational education is characterized by us as an educational process, which combines practical training with part-time in the production and training in a traditional educational institution.

Duality means "double unity, duality," "a single organizational unit." This form of vocational education emerged as a product of social partnership, which is a mechanism for close cooperation between the state, employers, trade unions and various associations for the preparation of highly qualified personnel to meet the needs of the labor market.

The term "form" is interpreted by us as a way to provide educational services to a specific mode of learning. There are full-time and part-time, full-time and part-familial forms of vocational training, external studies, etc. The unifying element is the state educational standard.

The dual form of vocational education is seen not only as an educational alternative, but also how to adapt it successfully to the conditions of market economy for the educational phenomenon, which has had both direct and indirect impact on the development of vocational pedagogy in different countries, including Kazakhstan. Its appearance marked the change of traditions, when instead of the rationalist tradition of the medieval Prussian master who trained and taught only a separate student, the economy claimed a new form of training of skilled workers on the basis of- close cooperation between companies and vocational schools.

The analysis of scientific publications on the researched topic in the past thirty years suggests that the national educational model did not attract such attention of scientists, technicians and teachers as the dual form of vocational training and, above all, in Germany. Most researchers recognize the impossibility of direct copying, but both agree that the analysis of dual forms is a prerequisite of implementation of the most effective elements in its vocational education system of countries with market economies.

Under the dual system of education we can understand the system, when the education of young people combines profession in two schools, i.e. two institutions involved in one educational process. On the one hand, that was a university, on the other hand, a training company.

Two years ago a large German company, firmly entrenched in some countries, made an unprecedented move, which in the future could fundamentally change the domestic system of secondary and higher education. For example, in September, 2010, "Volkswagen Group Rus" and Colleges of Information Technology and Management opened Russia's first dual education program. A two-year training on it involved 24 volunteers - in June 2012, they were awarded diplomas and, according to the contract signed a labor contract with the German automaker.

N.A. Nazarbayev announced at the 2<sup>nd</sup>-Congress of the youth wing "Jas Otan" of "Nur Otan" - "After visiting Germany I gave instructions to introduce a dual system of education. Today, this system employs 60 countries. I call on all local companies to do this immediately and the government to follow" [3].



In this case an example is the system of vocational education in Germany which, according to the International Institute for monitoring the quality of labor (Switzerland), is one of the leaders in terms of skills development, and its dual education system in many respects is a model for the whole European Union. The German side is ready to provide active support in the implementation of the German experience "dual" education in Kazakhstan [4].

In the State program of the educational development of Kazakhstan for 2011-2020 it is written that "the higher education plays the biggest role in the process of professional training of qualified and competitive experts of every economic branch. Nowadays, there are 158 high schools with 595 thousand students. Nevertheless, the employers are not completely satisfied with the level of their competence after high schools".

That is why it is very important to combine theory and practice.

### LIST OF REFERENCES

- 1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг.
- 2 <http://zkoipk.kz/nisconf2s/699-conf.html>
- 3 Стратегический план Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2011-2015 годы // [zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html](http://zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html)
- 4 <http://news.nur.kz/214021.html>

### ТҮЙІН

Мақалада дуальды оқыту жүйесін, басқа елдердің тәжірибесі негізінде Қазақстанның оқу орындарына енгізу мүмкіндіктері, дуальды оқыту жүйесінің екі жақты, яғни оқу орны мен болашақ жұмыс орындарында мамандардың құзыреттілігін арттыру жайлы айтылған.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос перспективы внедрения дуальной системы образования в учебных заведениях Казахстана на основе опыта других стран, которая предусматривает обучение в учебном заведении с периодами производственной деятельности для повышения уровня компетенции будущих специалистов.





## С.Б. Загатова

Евразийский гуманитарный институт, канд. филол. наук, профессор

# Способы передачи сегментированных конструкций в переводе (на материале французского языка)

### Аннотация

В статье рассматриваются французские сегментированные конструкции как прием экспрессивного синтаксиса. Автором предлагается анализ перевода сегментированных конструкций с французского языка на русский язык (на материале художественной прозы).

*Ключевые слова:* сегментация, сегментированные конструкции, расчлененные конструкции, антиципация, тема, рема, коммуникативная интенция, переводческое решение, переводческая стратегия.

Сегментированные конструкции в современной лингвистике вызывают интерес с точки зрения, как структурных, так и семантико-прагматических особенностей.

Еще Ш.Балли придавал особое значение проблеме сегментации во французском языке, связывая сегментированные конструкции с сочинением [1].

В последующем, сегментированные конструкции были рассмотрены В.К.Гаком, Е.А.Реферовской, А.К.Васильевой, Н.А.Шигаревской, А.А.Андриевской. Так, Е.А.Реферовская, А.К.Васильева о сегментации пишут: «La prédication communicative se réalise, en français, de la façon la plus marquante dans la phrase disloquée segmentée. En effet, la dislocation sert à diviser la phrase en deux segments principaux... Cependant, il faut tenir compte du caractère complexe et varié du phénomène appelé segmentation (dislocation)» [2, с.77]. Особенность французских сегментированных конструкций заключается в вынесении в обособленный сегмент неглагольного элемента (подлежащего, дополнения, обстоятельства), который репрезентируется при глаголе местоимением и наличием паузы между двумя частями предложения с характерным переломом интонации.

Например:

Moi, je ne t'aime pas. Je pourrais te dire que je te hais, mais ça serait moins fort (H.Bazin).

Ton coucher de soleil, tu l'auras. Je l'exigerai. (A.Saint-Exupéry)



Однако, несмотря на различие ранних исследований французских лингвистов по проблеме сегментации, более поздние работы на материале французского языка позволяют сказать, что сегментированные конструкции – это факт современного французского языка.

Большинство исследователей отмечают, что сегментированные и расчлененные конструкции связаны с таким явлением как актуальное членение, то есть с тематическим членением высказывания.

Сегментация тесно связана с коммуникативной структурой высказывания. В процессе коммуникации у говорящих (пишущих) появляется желание актуализировать наиболее важные моменты для говорящего. Получается, что сегментация происходит в соответствии с коммуникативной интенцией адресанта, при этом информативная членимость способствует актуализации, выделению одного из элементов структуры. Сегментированные конструкции отчетливо распадаются на две части: на исходный пункт (тему) и на ремю, которая представляет собой главную коммуникативную цель сообщения.

В переводе с французского языка на русский язык рассматриваемые конструкции на первый взгляд не вызывают трудностей, так как сегментированные конструкции присущи обоим языкам и, в принципе, носят одинаковый характер. Например:

- (1) - Pour cette office-là, ma mère, répondis-je calement, vous avez Cropette.  
(H.Bazin)  
- Для таких донесений, мама, у вас есть Кропетт, - ответил я спокойно.  
(Э.Базен)

Вместе с тем, анализ перевода художественной прозы с французского языка на русский язык указывает на некоторые особенности перевода рассматриваемых конструкций. Как указывает Я.И.Рецкер, нередко трансформация необходима даже при наличии в русском языке аналогичной структуры [3, с.77].

Например:

- (2) - C'est tellement mistérieux, le pays des larmes ! (A.Saint-Exupéry)  
- Ведь она такая таинственная и неизведанная, эта страна слез...  
(А.Сент-Экзюпери)

Сегментированные конструкции в рассматриваемом примере незначительно отличаются в исходном тексте и в переводе, вместе с тем различия в знаках препинания (восклицательный знак и многоточие, соответственно) указывают на эмоционально-экспрессивное различие в переводе коммуникативного высказывания говорящего.

Как мы указывали выше, сегментация тесно связана с тематическо-рематической организацией высказывания. В последующем примере исходного текста мы наблюдаем, как один и тот же сегментированный элемент может быть в одном случае темой, в другом - ремой.

- (3) - Non, tu ne mordras pas, Folcoche ! Les vipères, ça me connais. Je m'en fous, les vipères. (H.Bazin)  
- Нет, Психомора, тебе не ужалить меня! С гадюками я уже встречался. Плевать мне на гадюк. (Э.Базен)

В переводе выделенные сегменты также являются темой, затем ремой, но их выделение в русском языке удается за счет инверсии (по крайней мере, выделение темы).

Заметим, что во французском языке часто встречаются высказывания с предвосхищением темы в виде местоимения. Это явление носит название антиципации и служит для выражения аффективного выражения сказанного. В следующем высказывании тема появляется дважды, что объясняется стремлением говорящего выделить сказанное. При этом чаще всего это выделение носит эмоционально-аффективный характер.

- Mais je suis sérieux, moi!

В данном высказывании тема, добавленная к информации, которая уже завершена, выполняет семантическую функцию: привлечь внимание к сказанному. Однако контекст



показывает, что сегментированная тема выполняет еще одну семантико-коммуникативную функцию.

- Mais je suis sérieux, moi ! Je n'ai pas le temps de rêvasser.

Тема, повторяется в конце предложения и может вызвать чувство ожидания, а затем стремление к разрешению этого ожидания в дальнейшем. То же самое явление наблюдаем и в последующем высказывании:

- Je suis sérieux, moi, je ne m'amuse pas à des balivernes!

Таким образом, повторяющаяся тема не заканчивает полностью предложение, а находит свое отражение в том, что предложение заканчивается восхождением голоса и далее подтверждается утверждением или оппозицией.

Проследим рассмотренное явление синтаксиса французского высказывания в переводе.

(4) - Je suis sérieux, moi, je ne m'amuse pas à des balivernes!

(А.Сент-Экзюпери)

- Я человек серьезный. Мне не до болтовни (А.Сент-Экзюпери).

(5) - Mais je suis sérieux, moi ! Je n'ai pas le temps de rêvasser

(А.Сент-Экзюпери).

- А я человек серьезный. Мне мечтать некогда (А.Сент-Экзюпери).

В переводе высказываний (4) и (5) сохранена грамматическая структура последующего за темой утверждения: *Мне не болтовни. Мне мечтать некогда.* Что касается перевода антиципации темы, можно указать на следующее. В переводе тема высказывания (4) получила свое коммуникативное выражение, подтвержденное последующим отдельным высказыванием.

Высказывание (5) получило усиление за счет союза *mais*, который выполняет свою функцию противопоставления. При передаче на русский язык переводчик, на наш взгляд, удачно выбрал союз *а*, что объясняется семантикой русского союза *а*.

Исследователи союзов современного русского языка указывают на идиоматичность союза *а*, который не имеет эквивалентов в европейских языках [4,5]. При этом особо отмечается сложность семантики этого союза, который в одних случаях сближается с союзом *но*, а в других случаях - оказывается совершенно выхолощенным, семантически более бедным, чем даже, казалось бы, самый «пустой» союз *и*. Однако все многочисленные значения союза *а*, можно сгруппировать в три блока:

а) «*а* несоответствия норме» ср.: *Дело было к весне, а мороз все жестче;*

б) «*а* сопоставления» ср.: *Вы аристократ, а я демократка;*

в) «*а* присоединения» ср.: *Мы ехали в Новосибирск, а зима в этом году была очень холодная.*

Е.В.Урысон, исследуя в основном первый блок значения союза *а*, «*а* несоответствия норме», а также близкие ему значения союза *но*, представил фрагмент описания системы русских союзов [5, с.64-81]. Подробное исследование семантики идиоматичного союза *а* имеет огромное значение при переводе на русский язык с европейских языков. Так, в рассматриваемом выше примере, при передаче на русский язык противительный союз *mais* получил более насыщенную коммуникативность и эмоциональность из-за семантики сопоставления союза *а*: *А я человек серьезный.*

Благодаря различным семантическим значениям союза *а*, сегменты в следующих французских высказываниях получили адекватную передачу коммуникативно – экспрессивного наполнения при переводе:

(6) - Moi, j'ai seulement senti qu'il commençait m'ennuyer. (А.Самю)

- А я чувствовал одно: он начинает мне надоедать. (А.Самю)

(7) - Ma femme fait toujours la sieste après le déjeuner. Moi, je n'aime pas ça. (А.Самю)

- Жена после еды всегда отдыхает. А я этого не люблю. (А.Самю)

- (8) - Oui, vous comprenez les choses, vous. Les autres non. Mais ils finissent par se soulager eux-mêmes. (A.Camus)  
- Вот-вот, вы-то разбираетесь. *А другие нет.* Но в конце концов они начинают сами себя утешать. (А.Камю)

Сравнение эффективности переводческого решения с применением союза *a* при передаче сегментированных элементов можно отметить в следующих высказываниях:

- (9) - Toi, tu auras des étoiles comme personne n'en a.. (A.Saint-Exupéry)  
- *А у тебя будут совсем особенные звезды... с 382*  
(10) - Tu auras, toi, des étoiles qui savent rire! (A.Saint-Exupéry)  
- *У тебя будут звезды, которые умеют смеяться! С 38*

Можно подвергнуть анализу перевод французских высказываний, содержащих сегментированную тему в начале высказывания. Как известно, если тема в сегменте стоит в начале высказывания, то между темой и ремой складываются отношения вопроса и ответа и сопровождается соответствующей интонацией (восходящая, пауза, нисходящая). Например:

- (11) Je sortis de ma poche mes ébauches de dessin. Le petit prince les aperçut et dit en riant: «Tes baobabs, ils ressemblent un peu à des choux...  
- Oh!»  
Moi qui étais si fier des baobabes! (A.Saint-Exupéry)  
- Я достал из кармана свои рисунки. Маленький принц поглядел на них и засмеялся:  
- Баобабы у тебя похожи на капусту...  
А я-то гордился своими баобабами! (А.Сент-Экзюпери)

Однако при переводе сегментированный элемент не получил коммуникативного эффекта, но переводческая стратегия вполне была компенсирована в дальнейшем: *А я-то гордился своими баобабами!*

В высказывании (12) сегментированная конструкция была переведена при помощи приема компенсации. Именно благодаря данному приему переводчику удалось адекватно передать коммуникативную интенцию говорящего:

- (12) - Je t'ai acheté un ensemble ce mois-ci, je te paye vingt francs par jour, je te paye le loyer et toi, tu prends le café l'après-midi avec tes amies. Tu leur donnes le café et le sucre. Moi, je te donne l'argent. J'ai bien agi avec toi et tu me le rends mal.  
(A.Camus)  
- Я тебе в этом месяце купил костюм, я тебе даю двадцать франков в день, я плачу за твою комнату, а ты еще среди дня распиваешь с приятельницами кофе. Угощаешь их кофе с сахаром. И все на мои деньги. Я с тобой по-хорошему, а ты как поступаешь? (А.Камю)

Таким образом, сегментированные конструкции в современном французском языке рассматриваются как прием экспрессивного синтаксиса, основанный на отступлении от принципов синтагматических связей, выделении компонента в отдельный сегмент. Как показал анализ передачи французских сегментированных конструкций на русский язык, переводческое решение принимается с учетом средств русского языка, не нарушая, в основном, коммуникативной интенции говорящего.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. - М.: Иностранная литература, 1955.
- 2 Реферовская Е.А., Васильева А.К. Теоретическая грамматика французского языка. Ч.2. Синтаксис простого и сложного предложения. - М.: Просвещение, 1983.
- 3 Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. - М.: Международные



отношения, 1974.

- 4 Николаева Т.М. Сочинительные союзы *a, no, и*: история, сходства и различия // Славянские сочинительные союзы. - М., 1977.
- 5 Урысон Е.В. Союзы *a* и *no* и фигура говорящего // Вопросы языкознания. – 2004. - № 6.

### ТҮЙІН

Мақалада француз тіліндегі сегменттелген құрылымдар экспрессивті синтаксис тәсілі ретінде қаралады. Автор сегменттелген құрылымдарды француз тілінен орыс тіліне аударудың (көркем проза материалында) талдауын ұсынады.

### RESUME

In the article the author considers the French segmented constructions as the method of the expressive syntax. The author suggests the analysis of translating the segmented constructions from French into Russian (on the material of literary prose).

### Аннотация

Бұл мақалада ғылыми дискурстағы метафоралану негізінде пайда болатын когнитивтік модельдердің жай-күйі сөз болады, негізінен гуманитарлық ғылым деректері бойынша олардың тілдік көрінісі талданады, түсіндіріледі.

Қазақ тіл білімінде ғылым тілін тану қазіргі уақытқа дейін дәстүрлі-құрылымдық, функционалды-стилистикалық бағытта жүзеге асып келді, мақалада тіл білімінде өріс алып отырған жаңа бағыттарға (когнитивтік) сай зерттеуге деген талпыныс жасалады.

Автордың көрсетуінде, когнитивтік бағыт жалпы ғылым атаулының тілдік табиғатын, болмысын түсінуге септігін тигізеді, өзекті тақырыпқа айналып отырған әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бір бөлігі ретінде «әлемнің ғылыми бейнесін» қалыптастыруға жол ашады, ғылыми ойлау мен оның тілдік тұрғыдан бейнеленуіндегі, көрініс табуындағы амал-тәсілдерді, белгілі бір заңдылықтарды ашуға мүмкіндік береді, жалпы ғылыми ойдың әуел бастағы қалпы мен оның модельдік сипат алуының тілдік көріністерін анықтайды.

*Түйін сөздер:* ғылыми дискурс, метафоралану, когнитивтік (танымдық) лингвистика, когнитивтік (танымдық) модельдер, әлемнің ғылыми бейнесі, ғылыми кеңістік, ғылыми ойлау.

## С. Әлісжан

Назарбаев Университеті,  
филол. ғыл. д-ры,  
қауым. профессор

## Ғылыми дискурстағы когнитивтік модельдер (метафоралану)

Қазақ тіл білімінде ғылым тілін тану қазіргі уақытқа дейін дәстүрлі-құрылымдық, функционалды-стилистикалық бағытта жүзеге асып келді [1; 2; 3], дегенмен тіл білімінде өріс алып отырған жаңа бағыттарға (когнитивтік) сай зерттеуге деген талпыныс та жоқ емес [4]. Ендігі міндет – жалпы ғылым тілі тәрізді тілдің өзінше бір функционалды аумағын құрайтын, қазіргі терминмен айтқанда, дискурстың өзіндік түрін жаңаша зерттеуді әрі қарай тереңдете түсу болмақ. Бұл бізге не береді дейтін сауалға келетін болсақ, когнитивтік бағыт жалпы ғылым атаулының тілдік табиғатын, болмысын түсінуге септігін тигізеді, өзекті тақырыпқа айналып отырған әлемнің тілдік бейнесінің құрамдас бір бөлігі ретінде «әлемнің ғылыми бейнесін» қалыптастыруға жол ашады, ғылыми ойлау мен оның тілдік тұрғыдан бейнеленуіндегі, көрініс табуындағы амал-тәсілдерді, белгілі бір заңдылықтарды ашуға

мүмкіндік береді, жалпы ғылыми ойдың әуел бастағы қалпы мен оның модельдік сипат алуының тілдік көріністерін анықтайды.

Бұл мақалада ғылыми дискурстағы метафоралану негізінде пайда болатын когнитивтік модельдердің жай-күйі сөз болады, негізінен гуманитарлық ғылым деректері бойынша олардың тілдік көрінісі талданады, түсіндіріледі.

Мына бір нәрсені айта кеткен жөн: әдетте ғылым туралы сөз болғанда ойлаудың рационалдылығы, жасанды интеллект мәселесі еске түседі. Ал когнитивтілік болса, осыларға керісінше бағытты көздейді, адам ойлауының алгоритмдік және атомистік емес табиғатын түсіндіруді, тілді ойлаудың ажырамас бір бөлігі ретінде санай отырып, оның барлық психикалық және когнитивтік үдерістерге қатысатындығын танымдық тұрғыдан модельдеу аспектісінде қарастыруды қолдайды.

Ғылым тілін дискурстық негізде қарастыру – ғылымның мәнін қарым-қатынас аясында зерттеумен тығыз байланысты. Өйткені *дискурс* дегеніміздің өзі – белгілі бір саладағы қарым-қатынастың жүзеге асу тәсілдерін анықтайтын, мәтіндер жиынтығы ретінде жүзеге асатын, тілдік құрылымдардың өзіндік (стилистикалық) түрлері қатысатын, белгілі бір қарым-қатынас аясында қабылданған әлемді бейнелеудің ерекше тәсілдерін бойына сіңіретін коммуникативтік және тілдік белгілердің (параметрлердің) жиынтығы [Мына еңбекті қараңыз: 5].

Когнитивтік модель ұғымына келетін болсақ, ол тілдің когнитивтік үдерістің бір түрі екендігін, табиғи тілдегі категоризациялау үдерісінің сипаттамасы болып табылатын ұғым.

Ж.Манкеева: «Тіл мен ойлау бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, «таза», тілдік жеке ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма – когнитивті лингвистика, онымен сабақтас этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика т.б. тұтасуы. Осы тұтастық адам санасы қалай құрылған, адам дүниені қалай таниды, қабылданған мәліметтер қалай танымға айналады, менталдық кеңістіктер қалай жасалады деген сұрақтарға жауапты тілдің терең құрылымдарын зерттеу арқылы анықтайды...» [6, 40-41] деп жазады.

Осы айтылғанды негізге алсақ, ғылыми дискурстағы менталды кеңістік қалай қалыптасады, қандай модельдер үлгісінде жасалмақ, олардағы метафоралану сипаты қай дәрежеде көрініс бермек деген сауалдар зерттеу тақырыбы үшін өзінің тартымдылығын арттыра түседі.

Ғылыми дискурста ақпараттың берілу тәсілдері әрқашан өзекті болған. Когнитивтік бағыт аясында көптеген зерттеушілер метафоралық модельдерге назар аударып жүр. Ғылыми танымдағы метафоралану үдерісіне орай мынадай көзқарас кездеседі: метафора – ғылыми ойлаудың негізін қалайтын базистік тетік, ғылыми қызметің негізгі қағидасы. Ғылым саласы тұтас алғанда да, сондай-ақ жекелеген салалары да табиғаты жағынан виртуалды салалар тәрізді метафоралық тұрғыдан модельденеді. «Метафора – тұжырымдау мен танудың бір үлгісі. Ол – жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа ұғымның қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды фактор...» [7, 281].

Метафоралық модельдеудің классикалық үлгісін қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы ұсынады. Сәулет өнері мен сөз өнерінің ұқсастық жақтарын сипаттай келіп, метафораның эвристикалық және ақпараттық сыйымдылығын орынды пайдаланған. Әлемді түсінудегі интуитивті және рационалды тәсілдерді метафоралау механизмі арқылы біріктірген. Қараңыз: «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, иленген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Негұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай

болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шығады» (А. Байтұрсынов, Шығармалары, 148-б.).

«Сөздер мен «топырақтан иленген кірпіштің» функцияларын салыстыра отырып, тілші адам әрекетімен жасалатын өнер атаулының ең басты бір заңдылыққа бағынатынын таныды, ол – ақыл мен қиялды сабақтастыра білу, кез келген іске барша зейінмен қарау. Осыған орай, автор «Дыбыстан құралып, сөз жасалған, кірпіштен қалап, түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатын сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен... Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі әдемі болып шықпақ... Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-мипатын білу сияқты нәрсе» деген тұжырымын да сол аналогиялық қабылдаудың ұстанымына сүйене дамытты» [7, 215].

Зерттеуші Э.Оразалиеваның түсіндіруіндегі Байтұрсыновтан алынған осы мысалдар ғылым саласындағы метафораның рөлін әу бастан күшті болғандығын көрсетеді.

Метафоралану үрдісі кейін де жалғасын тауып отырған. Метафоралану белгілі бір ғылыми мәселелерді қабылдауды сол халықтың танымына, тәжірибесіне жақындатады және сол арқылы ғылымның түсініктілік деңгейін арттырады. Ғылыми нысан мен ұлттың рухани және материалдық тәжірибесіне негізделеді. Осыған орай модельдер пайда болады. Айталық, Қ.Жұбановтан алынған мына үзіндіні «нысан – шаруашылық» моделіне жатқызуға болатын тәрізді:

*...Сонымен Телжанның шығармаларында қазақ тілінің бет-аузы көріне алмай қалған. Оның мақсаты қазақ тілінің қасиеттерін, өзгешеліктерін көрсетіп беру болмай, қазақ тілі заңдарын формашыл грамматика шеңберіне қалай да болса сыйдыру ғана болатын. Қойына өлшеп қорасын салмаған. Даяр қораға әкеп қамаған. Сондықтан басқа тілдерге өлшеп салынған форма қорасының түкпірлерінде бос қалған алаңдар да болғаны сияқты, тарлық етіп, тоқты-торымның сыймай қалғаны да болған (Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Өнд., 3-бас. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010, 34).*

Мысалда тіл біліміндегі теориялар сөз болады, басқа тілдегі тіл теорияларын механикалық түрде қазақ тіліне көшіру жайы айтылған, сол бағытта «қойына өлшеп қорасын салмаған», «даяр қораға әкеп қамаған», «қорасының түкпірлерінде», «тоқты-торымның сыймай қалуы», «қазақ тілінің бет-аузы» тәрізді метафоралық қолданыстар пайдаланылады. Ең бастысы, осы жолдарды оқыған адам қазақтың жанына жатық көріністер негізінде ғылыми мәселенің жай-күйін бағамдайды.

Келтірілген мысалдар – метафоралану – ғылыми ойлаудың негізін қалаған базистік тетік (механизм) болып табылатындығын дәлелдейді. Авторлар дискурсқа тән негізгі жағдайларды сақтай отырып, нысанды өзіндік тану арқылы өзіне жақын келетін модельдерді таңдайды, нақтылайды, я болмаса мәтін аясында өзгертіп қолданады. Жаңа білімді игеру барысында бұл модельдер онтологиялық дәрежеге ие болады да, нақты білім қалыптастыру үшін қызмет етеді.

Ғылымды іргелі және қолданбалы деп бөлудің өзінде метафоралық модель жатыр, іргелі ұғымында («ірге», «қабырға» семалары) «іргетас», «ғимарат», «құрылыс» мәніндегі түсініктер бары рас, айталық, «іргетас» маңызды бөлік, онымен ғимараттың беріктігі байланысты. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлының сөз өнері ғылымын құрылыс саласымен салыстыра көрсетуі де осыған келіп саяды.

Когнитивтік тіл біліміндегі әлем бейнесін модельдеуге бағытталған әдістер ғылыми дискурстағы кеңістік қатынасының берілу жолдарын айқындау үшін пайдалы. Кеңістік

ұғымы ғылыми дискурс үшін аса маңызды болып табылады. Ғылыми қарым-қатынас осы кеңістікте жүзеге асады, сондықтан белгілі бір танымдық үлгілер (модельдер) негізінде тілдік құрылымдар арқылы қалыптасатын кеңістіктік қатынастарды табу, берілу тәсілдері мен қолданылу деңгейлерін анықтау ғылыми дискурстың менталды кеңістігін көрсету болып табылады.

Ғылым дегеніміздің өзі – физикалық кеңістік (ғылыми сала) ретінде қабылданады. Ғылыми кеңістік аясына кез келген дерексіз ұғым енуі мүмкін, сонымен бірге зерттеу нысаны, зерттеуші ғалымдар, пікірлестер мен қарсыластар, өзара ғылыми байланыстар т.т. енеді.

Кеңістік қатынасы тік (вертикал) және көлденең (горизонталь) бағдармен сипатталатыны белгілі. Ғылыми дискурс үшін тік бағдар «жоғары деңгей / төмен деңгей» ұғымдарымен байланысты. Көлденең белгі ғылымның түрлі салаларына және олармен шектесетін, түйісетін тұстарын байланысты түсіндіріледі. Мысалы: *Тірі организм биологиялық құбылыстардың қатарына жатса, тіл қоғамдық құбылыстардың қатарына жатады* (К.Аханов. Тіл білімінің негіздері, 6-б.).

Ал *Абайдың тілі – кең тақырып* (Р. Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 9-б.) немесе *Абай қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып суреттемес бұрын, сол Абай тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер болды дегенді санап алуға тура келеді* (Сонда, 19-б.) мысалдарындағы «кең», «тұсында», «айналасында» ғылыми кеңістіктің қаншалықты ауқымдылығын, тереңділігін және ғылыми дискурстың сол тереңдікті айқындау әрекеттерін көрсетеді.

Айталық, зерттеу нысанына байланысты «тереңдік» өлшемі қолданылады, «тереңдік» негізгі кеңістік деңгейінен төмен орналасады да, «тереңдіктегі жасырын» нысанды айқындау – әр сала бойынша іске асырылатын ғылыми іс-әрекеттің мақсаты болып табылады. Мысалы:

*Физика фундаментальдық ғылымдар қатарына жатады. Қазіргі заман талабына сай, техниканың жедел дамуына байланысты бұл пәнді терең, жан-жақты игеру біздің болашақ техника саласында қызмет ететін инженер мамандарымызды теориялық және практикалық жағынан дайындауда шешуші рөл атқарады* (А.К.Ахметов. Физика, 3-б.).

Осыған байланысты академик Ә.Қайдардың «*індете зерттеу*» («төркіндете зерттеу» термині де бар) метафоралық қолданысын алуға болады. Ғалым бұл қолданыстың мән-жайын былайша түсіндіреді: «...Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің тағы бір принципін біз «індете зерттеу» деп атадық. Аңшылар лексиконында: «*аңды індетіп алу*» – тазылардан қашып келіп, жан сауғалап, кез келген інге тығылған аңдарды (түлкі, қасқыр, қарсақ, борсық т.б. аңшы амалдап, су құйып, түтін салып, таяқ жүгіртіп т.т.) қолға түсіру әдісі.

«Індете зерттеу» деп шартты түрде алынып отырған бұл терминнің мәнісі – зерттеушінің тілімізде күнделікті айтылып, жазылып жүрген («қолбала, елгезек») сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қалтарынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу деген сөз. Сонда ғана этнос табиғатын толық танып-білуге қажетті тілдік фактілерді, сол фактілердің қабатында, астарында, қайнар көзінде жатқан небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, сөйлетуге болады. Олардың «ірілерін» ғана емес, «майда-шүйделеріне» дейін түгел қамту ләзім. «*Індете зерттеуге*» әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, балалап, тарап жатқан туындыға да қатысты дүниенің бәрін (олардың атауы арқылы) түгел қамту міндеті де жатады...» (Ә.Қайдар Әбдуәли. Қазақ этнолингвистикасы, 494-495).

Мұның бәрі «тереңдіктегі жасырын» нысанды айқындау – бір ғылыми жұмыспен шектелмейтінін, «бір еңбектің ішінде талдау мүмкін еместігін», оларды ажыратып, айырып, саралап талдау керектігін көрсетеді.



Мысалы: *Сөз жоқ, Абайдай жазушының тілін осы айтылған жақтардан түгел қамтып, бір еңбектің ішінде талдау мүмкін емес. Және осылардың баршасы бір-екі зерттеушінің үлесіне тиюі тағы шарт емес.*

*Біз бұл жұмысымызда Абай тілін жоғарыда көрсетілген аспектілердің бірінен ғана алып таңдадық (Р.Сыздықова Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 10-б.).*

*Ал бұлардың дәл қайсылары қай топқа жататынын осы үлгілердің бәрінің тіліне жан-жақты лингвистикалық талдау жасап барып айырып, орындарын көрсету – келешектегі міндеттеріміздің бірі (Сонда, 35-б.).*

Егер ғылыми сала үшін әлем түсінікті, түсініксіз, танылған және танылмаған, зерттелген (игерілген) немесе белгісіз болатын болса, мұндай модельдер соларды тануға, жеткізуге мүмкіндік береді. Ғылымның терең қатпарын игеруге арналған менталды іс-әрекеттердің жиынтығын көрсетеді. Қабылдау үдерісі таным нысанының бөлшектелуіне тікелей байланысты, айталық, жіктеу, ажырату, бөлу, топтастыру т.б. Келтірілген мысалдар соны білдіреді. Қандай да бір нысанның түрі ғылыми танымның аясына түсе отырып, оның негізгі ерекшеліктерін сақтау арқылы бөлшектенетін конструктивті ұғым ретінде көрініс табады.

Сөйтіп, ғылыми дискурс үшін кеңістік – «кен», «қазына» тәрізді онтологиялық модельдермен шектесіп жатады. Онтологиялық білім қалыптастыру, әлем жайындағы бастапқы түсініктер – ғылыми дискурсты модельдеудің алғашқы кезеңіне тән. Дж.Лакофф пен М.Джонсон «онтологиялық метафора» терминін енгізген: *Онтологиялық метафора* – эмоцияны, оқиғаларды, әрекеттер тізбегін белгілі бір зат немесе субстанция ретінде қарастырудың амалы. Когнитивті терминдер сөздігінде оған «абстрақтылы ұғымдардың кеңістіктегі шекарасын анықтау» деген анықтама берілген [Бұл жайында қараңыз: 7, 282-283]. Н.А.Мишанкина дискурсивті-онтологиялық метафора терминін ұсынады. Ғалымның көрсетуінде, бұл термин – дискурсты жеке менталды сала ретінде онтологизациялау қызметін атқарады [8].

Модельдеудің бұл кезеңінде физикалық құбылыстардың абстрактілі аяға көшуі сипатталады. Мысал ретінде Ә.Қайдардың келтірген мәтінін алуға болады, онда ғылыми нысандардың зерттелуі барысындағы зерттеу әрекеттерінің нақтылықтан дерексіздік сипат алуы жақсы түсіндірілген: *«...әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, балалап, тарап жатқан туындыға да қатысты дүниенің бәрін ... түгел қамту міндеті де жатады»*. Осындағы табиғаттағы өсімдік дүниесіне тән әрекеттің (бұтақтау, өркендеу) абстрактілі құбылыстардың (бұл жерде – тілдік деректер) өзіндік «өмірін», дербестігін көрсету үшін қолданылып тұр. Автор қолданысындағы «балалау» етістігі де жан-жануарға тән әрекетті абстрактілік сапада қолданудың жарқын мысалы. Модельдеудің бұл үлгісін «нысан – өсімдік дүниесі», «нысан – жан-жануар» деп көрсетуге болатын тәрізді. Бұл модельдер ғылыми нысанның жақындастығын, байланыстылығын, сатылы байланыс болатындығын бейнелеу үшін қолданылады және ол ғылыми дискурс үшін қажет.

Кеңістік ұғымы мен көзбен көру (визуалды) арқылы қабылдаудың тығыз байланысы бар, бұлардың бірқатарын «таным – көрім (видение)» моделін репрезентациялайтын модельдеуге жатқызуға болады. Мұндай модельдер ғылыми дискурстағы «көрнекілік қағидатын» айқындайды және оның қолданысы таным мен түсініктілік деңгейінің дискурс үшін маңыздылығын көрсетеді. Мына мысалдарға назар аударайық:

1) *Соңғы кездердегі зерттеулерге қарағанда, XV ғасырдан, қазақ халқының этникалық тұтастық болып құрылған кезінен басталған қазақ әдебиеті келесі ғасырлар бойына үзілмей келгенін байқаймыз (Р.Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 25-б.); 2) Демек бұл анықтамаға қарасақ, осы күнгі жазба тілімізде қолданылатын ... (Р.Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 30-б.); 3) Ойлауды екі түрлі аспектіде қарауға болады: зерттеушілер ойлауды сөз еткенде, біріншіден, оны ұғым, байымдау формаларында болатын абстракті мазмұн, абстракті процестер түрінде*



қарайды да, екіншіден, қабылдау мен елестерді образы түрінде болатын сезім-образдардың мазмұны ретінде қарайды (К.Аханов. Тіл білімінің негіздері, 45-б.); 4) Осыларды келтіре отырып, Қ.Жұбанов олардың қазақша баламаларын көрсетеді (І.Кеңесбаев. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов / Кітапта: Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 19-б.).

Осы сөйлемдердегі қыстырмалар өздерінің негізгі мәндерімен (салыстыру мағынасындағы) қоса дискурс аясында жүзеге асатын ғылыми іс-әрекеттің белгілі бір дәрежедегі нәтижесін көрсету үшін қолданылған. Ғылыми кеңістіктегі авторға дейінгі бар ақпаратты қажетіне жарату, бір қарағанда, көзге байқала бермейтін дискурс ішіндегі мазмұнды көрсетеді және бұл дискурсивтік-когнитивтік талдау жүргізу барысында ғана анықталады. Дәстүрлі-функционалдық тәсіл сөйлемдердегі бар мағынаны назарға алса, дискурсивтік-когнитивтік мәнмәтін арқылы өмір сүретін, ойлау тәжірибесі мен когнитивтік операциялар негізінде қалыптасатын, модельдену сипаты болатын үзіктерді айқындайды. Мұндай үзіктер тіл мен ойдың жалғастығын ғана емес, дискурстың, соның ішінде мәтіннің түзілу заңдылықтарын құрайды. Мысалдар кеңістіктегі жалпылаушы таным мен автордың өзіндік танымын (ғылыми нысанға қатысты көрімін) ұштастыратын қызмет атқарады.

Осы орайда функционалды-стилистикалық зерттеулерде мәтіннің ұғымдық-логикалық жағын, орамдылығын арттырады деп көрсетілетін [3, 207-215] байланыстырғыш құралдарды да аталған модельді құрайтын бірліктердің қатарына жатқызуға болады. Өйткені кез келген ғылыми мәтін байланыстырғыш құралдарсыз жазылмайды, олар мәнмәтінді байланыстыруда белсенді қызмет етеді. Мысалы:

*Төл сөз де, төлеу сөз де, ортақ төл сөз де-белгілі бір ойды екінші біреуге жеткізудің әр түрлі жолдары. Сондықтан, олардың мазмұны ұқсас, тіпті, бірдей болатыны түсінікті. Міне, осы ұқсастық олардың бір-бірімен алмасуының мол мүмкіндігі барын көрсетеді. Мұның өзі, айталық, төл сөз түрінде келген сөйлемді бөгде сөздің басқа түрлеріне айналдыру ыңғайында да байқалады...*(Сөз өнері). Мәтін үзіндісінде қарамен көрсетілген *тіпті, міне, мұның өзі, айталық* тәрізді сөздер жеке сөйлемдер арасындағы байланысты күшейтіп, логикалық ойдың қозғалысы солғын тартып, бір жағынан, автор мен оқушы арасындағы қарым-қатынас та бәсеңдеген болар еді.

*Қысқасы, революциядан бұрын Абайдың баспаға шығуы зор қадірлі тарихтық іс болғанымен, ойдағыдай шыға алмаған (М. Әуезов); Түптеп келгенде, мұның бәрі таптық айқастың жедделдеуіне әкеліп соқтырады (XIX ғасырдағы қазақ ақындары); Демек, бұлардағы аға сөзі осы күнгі «жасы үлкен ер адам» мағынасынан басқарақ қолданыста тұрғанын аңғартады (Р. Сыздықова. Сөздер сөйлейді); Міне, педогогика тарихы осыларды баяндайды (М. Жұмабаев) және т.б.*

Дискурс тұрғысынан келгенде, бұл ғылыми танымның визуалды ақпаратпен байланысын көрсетеді, байланыстырушы құралдар жоғарыда аталған көрнекілікті күшейту мақсатында қызмет етеді. Мәтін авторы тақырыпты (нысанды) өз оқырмандарымен бірлесе отырып қарастыру интенциясын көздейді. Олардың ғылыми дискурстағы қолданысы зерттеу нысандары мен түрлі үдерістерді қабылдаудың жолдарын модельдеуге мүмкіндік береді, зерттеліп (қарастырылып) отырған нысанның зерттеушінің кеңістіктік ұстанымына қатыстылығын көрсетеді.

Әдетте ғылыми нысанның көп қырлы болып келетіндігі айтылды. Тіл ғылымына қатысты Ә.Қайдардан келтірілген мысалдан оны мынадай метафоралық қолданыс арқылы байқаймыз: «лексикалық қордың қойнау-қалтары...», «түп-тамыры...», тілдік фактілердің «қабаты», «астары», «қайнар көзі», «ірілері», «майда-шүйделері» т.т. Демек, көп қырлы нысанды көзбен қабылдаудың енді бір қыры – нысанның барлық тұстарын бірмезгілде айқындау мүмкін еместігі. Осыған орай белгілі бір тақырыпты зерттеу – нысанның бір қырын тануға арналады. Зерттеу нысаны жайында толыққанды әрі шынайы мәлімет алу үшін оны *жан-жақты зерттеу* қажет:

Сонымен қатар, аналитикалық химияның мақсаты анализдің, аналитикалық әдістердің теориялық негіздерін жан-жақты және кеңінен зерттеу, әр түрлі ортада элементтер мен олардың қосылыстарының болу формаларын, агрегаттық күйін оқып үйрену, координациялық қосылыстардың тұрақтылығын және құрылысын, құрамын анықтау, заттардың термиялық, оптикалық, электрохимиялық, магниттік және т.б. сипаттамаларын зерттеу (А.Ж.Сейтеметбетова, С.С.Лиходий. Биологиялық химия, 7-б.).

Ғылыми дискурста қабылдаудың анатомиялық-физиологиялық шектеулігі зерттеу нысандарының зерттеу назарына алынған/алынбаған ретінде беріледі және нысанды таңдау, қарастыру барысында бұл маңызды белгілердің бірі болып саналады. Тілдік жағынан бұл әртүрлі жолдармен беріледі: *алғаш, алғаш рет, тұңғыш, дәстүрлі зерттеу, ертеден* т.т.

Сексенінші жылдары ес құбылыстарын зерттеу лабораторияда тұңғыш жүргізіле бастайды... Тоқсаныншы жылдарда француз психологы А.Бине (1857-1911) *алғаш рет ойлау процесіне тәжірибе жасады* (Қ. Жарықбаев. Психология, 14-б.); *Осылай болғандықтан, философтар мен лингвистер бұл мәселеге (тілдің таңбалық сипаты туралы мәселеге) ертеден бері-ақ назар аударып келеді* (Қ.Аханов. Тіл білімінің негіздері, 58-б.).

Ғылыми дискурс үшін маңызды модель тірі/жанды ұғымдарының жансыз нәрселермен байланысынан өрбиді. Жанды және жансыз арасындағы мұндай байланыстың бір көрінісі – белгілі бір ғылыми мәселелердің өзектілігіне орай туындайды.

Ғылымды ментальды кеңістік ретінде түсіну жансыз бен жандының әрекетін байланыстырады. Мәселен, ғылыми салалардың адам әрекетін атқаруы осымен байланысты. Мынадай сөйлемдерді кез келген саладан кездестіруге болады:

*Биохимия тіршілік туралы ғылым, яғни тіршілік ету процесеріндегі заттардың құрамын, энергия алмасуын және олардың бірімен-бірінің тығыз байланыста екендігін молекулалық деңгейде зерттейтін ғылым...*

*Биохимия XIX ғасырдың аяғына жақын физиология мен органикалық химия ғылымдарынан жеке ғылым ретінде бөлініп шықты* (А.Ж.Сейтеметбетова, С.С.Лиходий. Биологиялық химия, 5-б.) немесе *Аналитикалық химияның мақсаты жаңа анықтау әдістерін зерттеу немесе белгілерін жетілдіру, сондай-ақ анализдерді тәжірибе жүзінде іске асыру болып табылады* (Қ.С.Құлажанов. Аналитикалық химия).

Келтірілген сөйлемдердің негізгі мағынасы «Биохимия зерттейді», «Биохимия бөлініп шықты», «аналитикалық химияның мақсаты ... іске асыру» тәрізді болып келеді. Егер *Д.И.Менделеев* өзінің бірінші статьясында-ақ *элементтер қасиетінің периодтылығының мәнін бірінші болып бағалады, ол элементтердің топтық ұқсастығын маңызды деп санағаны соншалықты, қажет болған жағдайда элементтер ретін, олардың атомдық салмағының мәніне қарсы өзгертіп отырған* іспеттес сөйлемдерде субъектінің іс-әрекеті нақты көрініс табатын болса, алдыңғы сөйлемдерде мұндай қызмет жансыз сала атауларына жүктелген. Жансыз бен жанды арасындағы бұл байланыс нысанды таным үшін бейімдеуге мүмкіндік береді. Ғылыми дискурстағы іс-әрекеттерді, қозғалысты модельдеу тәсілдерін анықтайды.

*Үлкен рөлге ие, үлкен рөл ойнайды, өзіндік орны бар* тәрізді қолданыстар ғылыми дискурстағы шындықты бейнелеудің өзіндік жолдарын көрсетеді. Ғылыми дискурс үшін бұлар екіншілік модельдейтін жүйе болып табылады және динамикалық сипатта өріс алады. Екіншілік болатын себебі олардың жалпы шындықты модельдеудің ежелгі және дәстүрлі тәсілі ретіндегі алғашқы қызметі бар, әсіресе салт-дәстүр мен бейнелеу саласы. Ғылыми дискурста ойын моделі түрлі аспектілер бойынша қолданылады, осы модель бойынша метафоралану ойынның түрлі ерекшеліктерін, шартын қамтиды. Ойын – әдетте белгілі бір талаптар бойынша жүзеге асатыны белгілі, кейді виртуалды шындықты жасау үшін қолданылады. Мысал үшін *тарих сахнасында, әлемдік аренада, рөл атқару* тәрізді



әсіресе, гуманитарлық салада көп ұшырасатын метафоралану құбылыстарын алуға болады:

*Жалғастылық принципінің әдеби тәсілдерді шыңдай түсуде, әдеби нормаларды тұрақтандыруда үлкен рөл атқаратыны және мәлім* (Р.Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 46-б.).

Қабылдау (ұғу, түсіну) театрдағы рөл арқылы орындалады. Жекелеген кеңістік ретінде актердің қызметі мен сипатына ие, оны мына сөйлемдерден көреміз: 1) *Иштей сөйлеудің негізінде туған ойдың толық көрінісі дыбыстан сөйлеуде іске асады* (К.Аханов. Тіл білімінің негіздері, 54-б.); 2) *Әсіресе поэзия жанрында жазған қаламгердің тілін тану деген сөзді оның поэтикалық тәсілдерін, ол тәсілдердің тілдегі көрінісін зерттеу деп танамыз* (Р.Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 9-б.); 3) *Абайдың шеберлік лабораториясына үңілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистикалық тұрғыдан тіркеп, жүйелеп талдап шығу қажеттігі сезіледі* (Р.Сыздықова. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі, 10-б.). Мысалдардағы қарамен терілген көрініс, шеберлік лабораториясы тәрізді ұғымдар әдетте театр (сахналық көрініс), ондағы актерлардың шеберлігімен байланысты болып келеді.

Сурет (картина) ғылыми дискурс үшін маңызды болып табылады, өйткені ғылымдағы көп нәрселер, жалпы мәселелер, жекелеген жайттар көз алдымызға сурет күйінде елестейді, сондықтан бұл ұғымның модельдену барысы да дискурс үшін өзекті болады:

*Сондықтан қалған деректер мен автордың өзі келтірген дәлелдеріне қарап отырып, ол кісінің лингвистикалық білімінің қаншалықты терең болғанын, әр алған тақырыбын, жиган мәліметін ғылыми-теориялық тұрғыдан қалай қорытып, мазмұнын байытып, түйіндегенін көз алдыңызға айқын елестетесіз* (І.Кеңесбаев. Профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов / Кітапта: Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 18-б.).

Мәтін лингвистикасында мәтіннің туу (пайда болу) заңдылықтары ерекше қаралады, мұндай заңдылықтар ғылыми мәтіннің қалыптасуында да маңызды болып саналады. Когнитивтік тұрғыдан келгенде, таным үдерісінде ежелден бар ойлау, әлемді қабылдау үлгілері ғылыми таным үшін де белгілі бір дәрежеде рөл атқарады. Ғылыми тақырыптың, саланың, мәселенің өрістеуіне, мәтін, мәтін үзігі ретінде түзілуіне және қазақ тілінің ойлаудың ұлттық ерекшелігіне сәйкес тілдік құралдары негізінде түзілуіне қызмет етеді. Қазақ тіліндегі ғылыми дискурстың жалпыадамзаттық, әмбебаптық мәселелерін өзіндік тұрғыдан баяндауға жол ашады.

Сөйтіп, сөз болған модельдер ғылыми дискурстағы коммуникативті-когнитивті кеңістікті қалыптастырады, соны ұйымдастыруға қызмет ететін басты тетік. Метафоралану үдерісі осы орайда білімді онтологизациялау рөлін атқарады, ғылыми қатынас пен ғылыми қызмет жүзеге асатын ғылыми дискурстың метафоралану кеңістігін айқындайды, метафораланудың ғылым атаулыға да жат емес екендігін, таным үдерісіндегі әлеуетін көрсетеді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Амирова Ж.Р. Влияние русского языка на формирование научного стиля казахского языка. Автореферат ... канд. филол. наук. - Алматы, 1983.
- 2 Құрмамбаева Ж.Д. Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басы). Филол. ғыл. канд. ... авторефераты. - Алматы, 2003.
- 3 Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі (құрылымдық және коммуникативтік негіздері). - Алматы: Арыс, 2007.

- 4 Тілембекова А. И. Ғылыми - техникалық мәтіндердің (ҒТМ) лингвопрагматикалық құрылымы (Электроника және байланыс салалары бойынша). Филол. ғыл. канд. ... авторефераты. - Алматы, 2004.
- 5 Букейханова Р.К. Субъективный аспект когнитивного механизма обработки дискурса // Актуальные проблемы лингвистики и методики преподавания иностранных языков: Материалы международной научно-практической конференций, посвященной 10-летию независимости РК и 60-летию КазГУМОиМЯ им. Абылайхана. Ч.1. – Алматы, 2001. -, 72-75 бб.
- 6 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2001. - №4. - 39-44 бб.
- 7 Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: «Ан Арыс», 2007.
- 8 Мишанкина Н.А. Лингвокогнитивное моделирование научного дискурса. Автореферат ... докт. филол. наук. - Томск, 2010.

#### Дереккөз әдебиет (мысалдар алынған)

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Өңд., 3-бас. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010.
- 3 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. - А., Санат, 1993.
- 4 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - А., Арыс, 2004.
- 5 Ахметов А.Қ. Физика (оқулық). Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. - А., 2000.
- 6 Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасы // Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014.
- 7 Сейтембетова А.Ж., Лиходий С.С. Биологиялық химия. - А., Білім, 1994.
- 8 Жарықбаев Қ. Психология: Арнаулы орта оқу орындары оқушылары мен пединституттардың педагогика және бастауыш мектеп әдістемесі факультеті студенттеріне арналған оқулық. - А.: «Білім», 1993.
- 9 Құлажанов Қ.С. Аналитикалық химия. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. - Алматы: «Білім», 1994.

#### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются когнитивные модели сформировавшиеся на основе метафоризации в научном дискурсе. На материале, в основном, гуманитарных наук интерпретируются, объясняются языковые преобразования и особенности когнитивных моделей, характерных казахскому научному мышлению.

#### RESUME

In the article the author examines cognitive models formed on the basis of metaphORIZATION in the scientific discourse. Mainly on the material of humanitarian sciences the language transformations and the peculiarities of cognitive models, characteristic of the Kazakh scientific thinking are interpreted and explained.



### **Г.О. Сыздықова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филол. ғыл. д-р, профессор

### **Ж.Б. Бектурова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

### **М.И. Кадеева**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## **Қазақ тіліндегі этнотанымдық бірліктердің қалыптасуы**

### **Аннотация**

Мақала ұлттық тілдің этноәлеуметтік мәдени ерекшеліктерін зерттеу бағытында жазылып, қазақ этносының ділдік "кескінін", оның қайталанбас және дәлме-дәл бейнесін жасау мен қазақ этносының мәдениетін жасау үдерісіндегі тілдің ролі көрсетілді. Еңбекте ұлттық тілдің қазақ көшпенділерінің өмір сүру жағдайларын білдіретін, олардың дүниетанымы мен дүниені түсінуін жинақтайтын және түсіндіретін когнитивтік маңызды белгілер анықталды.

*Түйін сөздер:* этнолингвистика, этнос, макрожүйе, микрожүйе, этнотаным, сана, этникалық-территориялық тұтастық, этномәдени жүйе, өркениет, далалық құқық, коммуникем.

Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек [1, 242]. Адам, рухани тіршілік иесі ретінде, өзінің айналасында болып жатқан табиғи және әлеуметтік үдерістерді түсінуге тырысады. Ол үдерістерге адамның тікелей қатысуы, бақылауы, оларды белгілі бір эстетикалық, моральдық және тағы сол сияқты әлеуметтік құндылықтар тұрғысынан бағалау әлемнің біртұтас бейнесінің туындауына әкеледі.

Қазақ танымындағы дүниенің тұтастығы мен қазақ этносының рухани кеңістігі тіл арқылы бейнеленіп, сақталып, жеткізіледі. Бұл орайда, тілдегі этнотанымдық бірліктерді зерттеудің маңызы зор.

Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистиканың негізін салушы ғалым Ә.Қайдар тілді этнолингвистикалық зерттеуді мынадай екі жүйеде қарастыруды ұсынады: 1. Макрожүйе – «Табиғат», «Адам», «Қоғам». 2. Микрожүйе – табиғи жүйе

бойынша әртүрлі топтар, салалар [2, 191]. Бұл жүйелер этносты танып-білудің бастауы, арқауы – оның тілі арқылы қалыптасады және бір-бірімен өзара тығыз байланыста әрекет етеді. Адамның танымдық сезімінің, ой-өрісінің, санасының дамуына табиғат пен қоғам белгілі бір дәрежеде ықпал етіп, адам санасында адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас, адам өмірі, оның мәні, адам құндылығына қатысты жаңаша түсініктер жүйесі пайда болады. Ол жүйе тілдік негізгі бірліктердің этнотанымдық сипатымен айқындалады.

Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын, танытатын этнотанымдық бірліктердің бірі – «дала» сөзі. Бұл сөздің қазақ тілінің түсіндірме сөздіктеріндегі сипаттамасында «кең байтақ, жазық өңір, құла түз. Сусыз, шөл дала» [3, 185], ауыспалы мағынада «қазақ жұрты, мекені, елі», «киелі мекен, атажұрт» [4, 347] деген түсініктемелер берілген.

Қазақ халқының көшпелі өмір салты мен шаруашылығы олардың тұрақты өмір сүру ортасы – ұлы даламен ажырамас тығыз байланыста. Өмір мен даланың даму заңдарын, олардың фаунасы мен флорасының ерекшеліктерін түсінбейінше, көшпенділерді түсіну мүмкін емес. Рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуын, олардың ерекшелігін белгілейтін басты фактор – дала өмірі, даладағы өмір [5, 46-47].

Далалық географиялық аймақ, құрғақ климат – мұның барлығы қазақ халқына таныс табиғи жағдайлар. Көшпелі өмір салты, мал шаруашылығы даладан өмір үшін, қоныс үшін ыңғайлы, жаңа, пайдалы, тұтас ауылдар үшін тиімді орын іздеуге мәжбүрледі.

«Дала» ұғымы қазақ танымында *жазира (байтақ жатқан ен дала, кең аймақ)* сөзімен де беріледі [6, 509]. Ал белгісіз, тіршіліксіз, адамдарсыз, тұруға қолайсыз «дала» ұғымы *айдала, түз (жапан түз, мидай дала, үйден сырт жер, дала, жан аяғы баспаған, елсіз дала), «құла түз» (елсіз, шөл дала)* тәрізді сөздер және сөз тіркестерімен сипатталады [6, 456]. «Дала» ұғымына қатысты «байтақ» сөзі қазақтың өткен дәуірлерінде «халық, ел», сонымен қатар «астана, орталық қала» мағыналарында қолданылған. Оған қазақ жыраулар поэзиясы мен эпикалық жырларынан алынған «*Байтағың байып, мал беріп*» (Бұқар жырау), «*Байтағымның ішінде он сан елім ноғайлы*», «*Хан Тоқтамыс қарланып, байтағым деп зарланып*» («Едіге» жыры), «*Байсын деген өз елім, Жиделі байтақ қаламыз*» («Алпамыс батыр» жыры) тәріздес тілдік деректерді келтіруге болады. Белгілі ғалым Р.Сыздықтың пайымдауынша, «байтақ» сөзі бұрын қазақ тілінде зат есім мағынасында қолданылып, «белгілі бір этникалық-территориялық тұтастық (мысалы, хандық, ел, жұрт)» деген мағынаны білдірген. Келе-келе, біздің кезеңімізде, *байтақ* сөзінің о бастағы мағынасы өзгеріп, «кең, ұшы-қиыры жоқ, үлкен, барлық» деген мәндерге ие болып, өзге сөздермен тіркесте ғана қолданылатын болған [7, 60-61]. «Байтақ» сөзі иран тілінде: «1. Астана, бас қала. 2. Мемлекет-қала, полис, кішігірім хандық. 3. Ауыспалы мағынада ел, жұрт» мағынасын білдіреді [4, 176]. Қазіргі қазақ тілтанымында бұл сөз өзінің бастапқы заттық, атауыштық мағынасынан қол үзіп, «ұшы-қиыры жоқ, кең» деген сындық мәнде «дала» сөзімен тіркесіп қолданылады.

Қазақ халқының көшпелі өмірінің табиғат жағдайларымен, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерімен теңбе-тең қатынасы және оған толық тәуелділігі даланың әртүрлі табиғи-климаттық аймақтарында өмір сүруімен айқындалады. Қазақ танымына ғана тән «қыстау», «көктеу», «жайлау», «күзеу» сөздерінің қалыптасуы да халықтың «дала» ұғымымен байланысты тұрмыс-тіршілігімен түсіндіріледі.

«Дала» ұғымының этнотанымдық бірлік ретінде қалыптасуының бір негізі «кең байтақ, аса ауқымды жерді алып жатқан киелі мекен» [4, 1333] деген мағынаны білдіретін «ұлы дала» тіркесімен байланысты пайда болған «ұлы дала өркениеті», «ұлы дала заңдары» тәрізді қолданыстармен де сипатталады. Қазақ танымында «ұлы дала өркениеті» түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы; этномәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпатты білдірсе, «ұлы дала заңдары» қазақтың көне құқығы, ұлан-ғайыр еркін аймақта



орналасқан түркі тілді көшпелі өркениеттің туындысы әрі мәдени жемісі, мәдени мұрасы болып табылады.

Көшпенді өркениеттің өмір сүру заңдарын осы Ұлы дала белгіледі. Соның негізінде қазақ даласындағы заңдар жүйесі, қазақ танымындағы дүниенің құқықтық бейнесі «ұлы дала заңдары» деген атаумен қалыптасты. Қазақтардың ежелгі заң жүйесінің негізгі қайнар көзі қазақ даласындағы әдет-ғұрып нормалары болып табылады. «Ұлы дала заңдары» қазақ хандығы тұсындағы әдет-ғұрып нормаларымен қоса, ХҮ ғасырдан бергі уақытта қазақ даласындағы заңдарды жүйелеген Шыңғыс ханның «Жасағы», Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы» және Тәуке хан дәуіріндегі қабылданған «Жеті жарғы» заңдарының жиынтығынан құралды. Қазақ тіліндегі этнотанымдық бірліктердің бірқатары осы заңдар жүйесі арқылы да қолданысқа енгізілді. Сондай бірліктердің бірі – «*жарғы*» сөзі

Қазақтың «далалық құқығы» – *жарғы* сөзінің, сот билігінен ерекшелігі, «шыншылдыққа, әділеттілікке және адалдыққа» тәрбиелеуге ерекше мән берді. Олар қоғамдық идеология деңгейіне дейін көтеріліп, қоғам игілігі, ондағы тыныштық пен құқықтық тәртіптің күші мен тірегіне айналды. Ғалым І.Кеңесбаев «жарғы» сөзінің шығуын шағатай тіліндегі «яр» сөзімен байланыстырып: ««Қазақтың «жар салу» (кликнуть клич, сделать объявление через глашатая), «жаршы» деген сөздердің түбірінен «ярғушы» (басқарушы, билеуші) деген сөз шыққан. Сол шағатай тілінде «ярғыға тұтам» (жауапқа, сотқа тартам) деген сөз бар. Бұл түбірден пайда болған «жарлық» (указ) деген сөз әл-Замахшаридің белгілі еңбегінде де ұшырайды» деген тұжырым жасайды [8,156]. «Жарғы» және онымен түбірлес «жарлық» сөздері қазақ тіліндегі заң мәтіндерінде жиі қолданылады.

Адамның қоғамдық, құқықтық санасы оның танымындағы ар-ұят, намыс, абырой сияқты адами құндылықтармен қалыптасады. Қазақтың этнотілдік санасындағы адамның осындай рухани құндылықтарына қатысты «ұят, намыс» ұғымдарында қолданылатын «ар» сөзі де қоғамда және қазақтың «жарғы» құқығында жоғары бағаланады. Бұл сөздің қазақтың ұлттық танымындағы мағынасы мен алатын орнына мынадай тілдік деректер дәйек бола алады. Мәселен, «*Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы*», «*Өлімнен ұят күшті*», «*Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы*» [9].

Қазақтың ұлттық танымындағы этнотілдік сана мал шаруашылығына қатысты ұғымдар арқылы да беріледі. Қазақ танымында әр малдың өзінің жебеушісі, иесі бар деп, соның негізінде жылқының пірі – *Қамбар ата*, қойдың пірі – *Шопан ата*, сиырдың пірі – *Ойсыл қара*, түйенікі – *Зеңгі баба*, ешкінікі – *Шекшек ата* деп аталған. Халық наным бойынша, жылқы желден, түйе сортаңнан, сиыр судан, қой оттан пайда болған.

Қазақ халқы тәуліктің уақыт бөліктерін күннің аспан кеңістігіндегі орнымен белгілей отырып, көшпелі малшылардың қажеттілігіне жаратуы үшін оларды нақты атаулармен атаған. Атап айтқанда: *таңертең, елең-алаң, құланиек, құлансәрі, таңсәрі, таң, сәске, сәске тұс, ұлы сәске, тал тұс, шаңқай тұс, бесін, ақшам, ымырт, намазшам, кеш, түн, іңір, қызыл іңір, түн жарымы, тан қараңғысы* т.б. Бұл қолданыстардың барлығы көшпелі қазақтардың табиғатқа жанды, тіршілік иесі ретінде қарағандығын дәлелдейді. Көшпенділер үнемі табиғат аясында өмір сүріп, оның мінезіне, түрлі құбылыстарына тәуелді болып, өздерінің білімдерін дамытты, табиғатпен қарым-қатынас жасау тәжірибелерін тереңдетті.

Көшпелі өмір салтының шаруашылықтың белгілі бір түрін енгізу қажеттіліктерімен байланысты қатаң жағдайлары тек өзінің дағдысын, тұрмысын, баспана сипатын, тамақ, киім ерекшеліктерін, яғни күнделікті өмірдің тұтас кешенін ғана емес, сонымен қатар көшпенділердің ұлттық мінезінде көрініс табатын дүниетанымын да қалыптастырады. «Әр халық өзінше некеге тұрады, туады, ауырады және өледі; өзінше емделеді, еңбектенеді, шаруашылық жүргізеді және демалады; өзінше күлімсірейді, әзілдейді, күледі; өзінше бақылайды, жетіледі және сурет салады; өзінше сыйынады және ерлік көрсетеді <...> Әр



халықтың өзінің ерекше әділдік сезімі, басқа мінезі, адамгершілік тәрбие туралы басқа тәртібі, басқаша отбасылық тәртібі бар» [10, 280].

Көшпенділік ділге толеранттылық пен рух еркіндігі, дәстүрлерге адалдық, сенімділік, ата-бабаларды құрметтеу тән. Әр көшпенді, сананың негізін құрай отырып, әлеуметтендіру үдерісінде салт-дәстүрлерге жай бой ұсынудан бастап әлеуметтік этномәдени құндылықтарға саналы түрде қол жеткізуге және оның белгілі бір этностың өкілі ретінде идентификациялау мүмкіндігін беретін ұлттық ділінде көрінетін, олармен өзінің және өзінің өмірлік мәнді бағдарларының сәйкестігіне дейінгі жолдан өтеді. Байырғы замандардан бері әкеден балаға беріліп келе жатқан ұрпақтар арасындағы рухани байланыс, өмірлік тәжірибе көшпелі әлемнің тұрақтылығының басты өлшемі болды. Дала генеалогиясы (шежіресі), өзінің шыққан тегі туралы білу көшпенді өмірінің кепілі болды: оған кездескен жолаушылармен қарым-қатынас жасауға, ауылдарды паналауға және барлық жерде өзін, үйіндегідей еркін сезінуге көмектесті. Көшпенділер өмірінің шексіз көшпелі кеңістіктерді игеру мен «туыс етудегі» психологиялық және физикалық бейімделуінің қорғаныш құрылғысы ретінде көрінетін іргелі негізіне көне афоризмдер дәлел бола алады. Олар өзінің философиясы, прагматизмі және адамгершілік сипатымен адам өмірінің шынайы бағасы мен маңызын бейнеледі. Мысалы: *Жеті атасын білген ұл – жеті жұрттың қамын жер. Жеті атасын білмеген ұл құлағы мен жағын жер. Немесе: Жеті атасын білмеген ұл жетесіз.*

Қазақ тілтанымындағы этнотанымдық сананың бір көрінісі «дастарқан» ұғымымен байланысты. Жалпы, «дастарқан» сөзі «қазақ ұғымындағы отбасының береке-бірлігін, кең пейіл қонақжайлылығын, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін қастерлі ұлттық мүлік» [4, 352]. Сөздіктегі «дастарқан» сөзінің дербес мағыналық түсінігі қазақ танымындағы «отбасы», «береке-бірлік», «қонақжайлылық», «абырой», «ризық-несібе» тәрізді семантикалық бөлшектер арқылы сипатталған. Бұл ұғым дербес сөзді ғана емес, тұтас бір этностың, яғни жалпы қазақ халқының өзіне тән ұлттық ерекшеліктерін анықтайды. Мәселен, қазақтың қонақжайлылығы, қазақтың ризығы, несібесі, абыройы, қазақтың береке-бірлігі т.б. Қазақ тілінде «дастарқан» сөзінің негізінде қалыптасқан «дастарқаннан дәм тату» (қонақ болу, жайылған дәмнен жеу), «дастарқан жаю» (қонақты құрметпен, дәммен қарсы алу), «дастарқан қайыру» (жақсы тілек айту, бата беру), «дастарқаны мол» (пейілі кең, қолы ашық, жомарт) тәрізді жағымды мәнді қолданыстармен қатар, «дастарқаннан аттады», «дастарқанын тілді» (дәм-тұзды сыйламау, тәрбиесіздік көрсету, дұшпандық жасау) тәрізді халық танымында жағымсыз мәнді білдіретін тілдік бірліктер де бар.

*Қазақ танымында күнделікті әдепке қатысты қарым-қатынас нормасы – амандасу, сәлемдесу. Қарым-қатынас әдебінің бұл түріне байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер «коммуникемдер» деп те аталады.*

Коммуникемдер байырғы қазақ дәстүрі бойынша, әлеуметтік тегі мен жалпы өмірдегі орнына қарай ерекшеленеді. Мәселен, қазақ тіліндегі «мал-жан аман ба?» коммуникемі олардың тұрмыс-тіршілігі, күнкөріс өзегі, шаруашылық қатынастарының негізгі құралы саналған төрт түлікпен тікелей қатысты, соған сәйкес қалыптасқан нормаға айналған.

Қазақ тіліндегі сәлемдесу нормасына қатысты этнотанымдық бірліктер тілдің лексикалық жүйесінде «Сәлем-сөздің анасы», «Сөздің басы сәлемнен басталады», «Әдепті елдің баласы алыстан сәлем береді», «Сәлем беру – кішіліктің белгісі», «Сәлемдесе білу де өнер», «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қарт барын сәлем береді» тәрізді тілдік бірліктермен сипатталады.

Қазіргі тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі тілді сол ұлттың, этностың мәдениетімен бірге қарастыру арқылы ұлттаным деңгейіндегі құнды дүниелердің тілтанымындағы орнын, маңызын анықтауға мүмкіндік беріп отыр. Бұл бағытта қазақ тілтанымындағы этнотілдік бірліктер де өз алдына дербес, кешенді зерттеуді қажет



етегін өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. - 637 б.
- 2 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. - 638 б.
- 3 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
- 4 Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. - 1488 б.
- 5 Сейдимбек А. Поющие купола. Этюды о красоте: Пер. с каз. Е. Кажобекова. – Алматы: Изд-во «Жалын», 1985. – 264 с.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алма-Ата, 1974, 1986. – Т. 1-10.
- 7 Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Арыс, 2004. -232 б.
- 8 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2014.
- 9 Зиманов С.З. Мир права казахов «Жаргы» – уникальная система права. –2006 // [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.zakon.kz/>
- 10 Ильин И.А. Наши задачи. Историческая судьба и будущее России. Статьи 1948-1954 гг. В 2-х т. – М., 1992. – Т. 1. – 616 с.

### РЕЗЮМЕ

Статья написана в рамках исследования этносоциокультурной особенности национального языка, показана роль языка в процессе культуросозидания казахского этноса, в создании ментального «портрета» казахского этноса, его неповторимого и адекватного образа. В работе выявляются когнитивно значимые контуры национального языка, эксплицирующие условия существования казахов-кочевников, вербально аккумулирующие и интерпретирующие их мировидение и миропонимание.

### RESUME

The article is written within the research of the ethnic socio-cultural peculiarity of the national language. The language role in the course of the culture creation of the Kazakh ethnos in the creation of a mental "portrait" of the Kazakh ethnos, its unique and adequate image are shown. Significant cognitive contours of the national language, explicating the conditions of existence of the Kazakh nomads, verbally accumulating and interpreting their world view and outlook are identified in the article.

### Аннотация

Мақалада Ә.Нұршайықовтың «Екі естелік» жинағындағы М.Әуезов пен С.Мұқановтың заманауи келбеті, адами болмыс-бітімі, мінез-құлық, жеке қасиеттері, оның шығармашылық ізденіс биігіне жетудегі әдеби-шығармашылық өсу жолы жан-жақты сипатталады. Автордың жазушылар өмірінің келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай тұстарын көркем тілмен өрнектеп жеткізе білудегі шеберлігі баяндалады.

*Түйін сөздер:* Әдебиет, сөз өнері, өмірбаяндық хикаят, қаламгер, жазушы, эпистолярлық жанр, естелік, сюжеттік желі, көсемсөзші

### Ш.А. Доскеева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## Жазушы Ә. Нұршайықовтың «Екі естелік» шығармасындағы өмір шындығы және көркемдік шешім

Көркемөнерде, соның ішінде асыл сөз – әдебиетте өмір шындығы, көркемдік мұрат пен рухани байланыс айрықша маңызды болып табылады. Көркем туындының басты мұраты – адам, оның өмірі мен еңбегі болса, ол шынайы шындықсыз, әрекет-тартыссыз өріс алса, қисынсыз да нанымсыз, сүреңсіз сипат алар еді. Оны көпшілік, әдеби қауым қабылдас та еді. Демек, Абай айтқан қисында негіз бар: «Адамның адамдығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан білінеді». Мұның – сөз өнеріне де қатысы бар. М.Әуезов «...Абай құрғақ сәуегейлік құрмай, өнерлі, дарынды жандардың болашағын барлай білген. Сөйтіп, сынына толған адамын ғана нағыз адамгершіліктің иесі таныған және содан еңбек зейнетін үміт еткен» [1, 359], - дейді.

Жоғарыдағы көзқарас, ойлардың жазушы еңбегі мен шығармашылығына да қатысы бар. Осы тұста заңғар суреткер Ғ.Мүсірепов: «Жазушылықты өнер емес, кәсіп көрсен, өзіннен өзін тоқталасың ... творчество адамына тән үш құрал бар ғой. Олар – қаламың, қағазың, талабың. Осы үшеуін таза ұстай білу керек» [2, 36-111] – деген.

Бұл айтылғандарды барша қаламгерлерге қатысты десек те, Ә.Нұршайықов шығармашылығында жіті зерделеніп, сергек сезім, серпінмен кең қанат жайғанын аңғарар едік. Ол, әсіресе шағын жанрдан көлемді роман, өмірбаяндық хикаяттарға ұласқан тұстардан да таныла түседі. Онда да танымал қаламгер замандастар бейнесін қоғам, уақыт шындықтарымен байланыс, сабақтастықта суреттейді.



Қаламгердің эпистолярлық жанрдағы еңбектері өте мол. Бұл жанрда жазылған Ә.Нұршайықов шығармаларында сол кезеңдегі тағдыр, заман ауқымы, халық тарихы, ұлт мәселесі, қазақтың біртуар азаматтары, оның айналасындағы үзеңгілестері, сол кездегі әр жанның психологиясы кең тұрғыдан сараланады. Тек сараланып қана қоймай, қаламгер оларға замандас тұрғысынан қарап, замандастарына кейіпкерін толыққанды танытуды мақсат етіп қояды. Мәселен, Ә.Нұршайықовтың М.Әуезов жайында жазған естелігінде мынадай үзінді бар: «Естелікті ескіргеннен кейін жазу керек деген теріс сөз. Ескіргеннен кейін деген – ескермеу деген. Оның арты мүлде ұмыту, жоққа шығару болады. Керек іс кейінге қалдырылмайды. Естелік – орыс әдбиетінің ең бір құнды және жұрт құныға, құмарлана оқитын саласы. Естеліктер арқылы елдің ардагер ұлдары өз халқымен қоса өмір сүреді. Алаңдарға ардақты адамдардың тастан қашалған мүсіндері қойылады. Естелік те сол сияқты. Бірақ бұл сөзбен соғылған әдеби мүсін, жанды бейне. Жанды болатыны – оқырман ол мүсінді түрегеп тұрған тас бейне күйінде емес, бір топ адам бірігіп жасайды. Әрқайсысы сол ескерткіш-адамның тірі күндегі өздері көрген, өз ойларындағы бейне, мүсінін қағазға түсіреді» [34, 259]. Шындығында, эпистолярлық жанр батыс, әсіресе орыс әдебиетінде қарқынды дамыды. Естелік те – сөзбен сомдалған ескерткіш. Мүсіншілер тастан қашап ескерткіш қояды. Ал қаламгер сырлы сөздің құдіретімен өмірдегі ұлы тұлғаны қайта кейіптендіреді, оның көркем бейнесін сомдайды. Ал ақ қағазға жазылған жазба мәңгілікке ел жадында сақталары белгілі. Автор «Екі естелік» атты естеліктер жинағында қазақтың біртуар жазушылары М.Әуезов пен С.Мұқанов бейнелерін сомдап, олардың халыққа белгісіз жаңа қасиеттері мен адами болмыс-бітімдерін суреттейді. Тек қасиеттерін баяндап қана қоймай, нақты, дәлелді оқиғалы сюжеттермен астастыра баяндай отырып, көз алдына жанды сурет, қаламгерлердің портретін жасаған.

Жазушының «Екі естелік» деген атпен шыққан еңбегі өз заманында үлкен ілтипатқа ие болды. Бұл еңбекте танымал қаламгерлер – Мұхтар Әуезов және Сәбит Мұқанов жөнінде әңгіме толғайды. Жас болса да бас болып, ұлы тұлғалармен болған жүздесуден алған әсерін баяндай жырлаған еңбегінде ол тек өз атынан сөйлемейтін сияқты, оның астарынан қазақ халқының типтік көрінісін көреміз. Заман, уақыт тынысын да сеземіз.

Академик З.Қабдолов: «... қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы асқар белі – Абай, ХХ ғасырдағы заңғар биігі - Әуезов» деді. [42, 229]. Бұған – «Екі естелік» арқылы да көз жеткіземіз.

1958 жылы 24 маусымда Павлодар қаласына Мұхтар Әуезовті қонақ ретінде шақырады. Ол кезде Ә.Нұршайықов Павлодарда қызмет істейтін. Кеңес Одағының кезінде Павлодар ең өндірісті қалалардың бірі болғаны белгілі. Сол себепті қаланың басым көпшілігін құрылысшылар құрады. Осы мақсаттарда, олардың рухани-мәдени рухын көтеру мақсатында қоғам қайраткерлерін қонаққа шақырып тұрды. М.Әуезовтің ол уақытта «Абай жолы» роман-эпопеясының аясында атағының дүрілдеп тұрған кезі. Оны білмейтін адам жоқ еді. Ә.Нұршайықов та М.Әуезовтің ұлы жазушылығын, жай ғана жазушы не қоғам қайраткері емес, елінің елеулісі екендігін, халқының біртуар ұлы екендігін дәлелдегісі келген. Мұны естеліктегі: «Алғы лекте көсіле зымырап қара «ЗИМ» кетіп барады. Оның соңында түйдектеле тайпалған бірнеше «Волга» көрінеді. Төңкерілген астауға ұқсап, екі-үш «Победа» және жүйткіді. Солардың соңын ала, аңшының алдынан қашқан орқояндай безектеп, «Газ-69-дар» тонқандайды. «Қалдым-ау», «қалдым-ау» дегендей ышқынып, бар күшін сала «Москвичтер» мықшындайды. Беліне екі-үш кісіден мінгестіріп, артына көк түтіннен шеңбер шашқан мотоциклдер де тырқ-тырқ ете дедек қағысады. Велосипедке мінген он-он бес ересек бала қаздай тізіліп, қалың шаңның ішінде келеді. Олардан арқан бойы алыста қалған, аяғы велосипед педаліне еркін жетіңкіремейтін кішірек бала, құйрығы бұлтындап ершіктің ол жағына бір, бұл жағына бір аунап, жаны қалмай ілгері ұмтылады. Ол да аэропортқа халықпен қатар жетуге асығады. Ең соңында, Керекудің ескі «таксиі» аталған жеңіл жайдақ арбалар өз алдына бір тізбек құраған. Арбаларға аяқтарын салбыратып ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды қарттар жайғасқан.

Әр әженің тізесінде немерелері және шоқаяды. Қарттардың кейбіреулері алақандарымен көздерін көлегейлеп, бастарын шалқайта аэропорт жаққа қарап қояды» [34, 221], - деген үзіндідегі аэропортқа жазушыны күтуге қаланың еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейінгі адамдардың бәрі асыққанын шебер суреттейді. Түрлі эпитет, метафоралар арқылы көркем сөздің құдіретімен қаланың әр әлеуметтік тобының жазушыны көруге қалай асыққанын нақты детальдар арқылы береді. Қаламгер бұл эпизод арқылы бар қала тұрғынының жазушыны қадірлейтінін, халықтың оны аса ұлы мәртебемен сыйлайтынын баса көрсетіп, дәлелдегісі келді. Осылайша қаламгер М.Әуезовтің азаматтық тұлғасы жайлы ой қозғайды.

Парк ішіндегі «Жазғы театр» аталатын үлкен үйде М.Әуезовтің құрметіне жиын болады. Бұл жиынға да халық толассыз келеді. Жиын кезіндегі жазушының өзіндік әдеби, халыққа деген сыйластығы нанымды суреттеледі. Ә.Нұршайықов адамы лық толы залдағы жұртшылықтың шапалағының ілтипатты екендігін «жұқа тақтайдан жасалған жазғы кинотеатрдың қабырғасы қақырап жарылып кете жаздағандай» деп, көркем тілмен әсерлендіре түседі. Жазушы сахна төріне шығысымен барлық халық орнынан тұрып қошаметтеп, қолпаштап, орындарына отырады. Бірақ жалғыз әйел ғана отырмайды, жұрт көзі сол әйелге түсіп, бәрі ду күліседі. Бұл эпизодты қаламгер былайша өрбітеді: «Жазушы алдыңғы қатарда жалғыз өзі шошайып түрегеп тұрған қазақ әйелін көрді. Қою шашын маңдайынан қақ жара бөлген қос бұрымды, отыздың ішіндегі ақ жүзді ажарлы әйел. Жаңа ғана қол соққан жұрттың ырғағымен, салалы саусақтарын сол қолының әр жеріндегі от күйдіріп, темір қарыған тұстары қарақотырланып, кей жері тыртық боп қалған жұмыскер алақанын қайта-қайта соғып тұр екен. Айналадағы жұрттың тегіс орындарына отырғанын сезбей, екі көзін жазушыға қадап, әлі құрмет көрсетуде» [34, 236].

Осы жолдардан да қарапайым қазақ әйелін суреттеу арқылы Ә.Нұршайықов сол кездегі заман әйелінің типтік бейнесін шығарды. Яғни, әйел затының, соның ішінде қазақ әйелдерінің жазушыға білдірген шексіз алғысын бейнелейді. Осы ретте көз алдымызға «Әуезов әйелдері» «термині» еске түседі. Сөйтіп, қаламгер қазақ әйелі бойындағы жалғыз әдеби деталь арқылы қалың оқырманға Әуезов қаламынан туған асыл әйелдердің кең панорамада ашылған келбетін суреттеген.

М.Әуезов тек өз ісінің білгірі, халық қалаулысы, ілтипатты, мейірімді жан емес, бірде сыншыл, бірде патриот екенін байқаймыз. Ә.Нұршайықов бұл жерде ащы мысқылды тұздық есебінде естелікте келтірсе керек. Яғни М.Әуезов және оны күтіп алушы қалалықтар атақты Баянауылға барады. Әуезовтің Баянауылға әдейі келе жатқан реті де бар. Мұнда өзінің Ә.Марғұлан мен Қ.Сәтпаев сынды айнымас достары дүниеге келген. Ауылдың бір тұрғынының үйінде алқа-қотан отырғанда Баянауыл аудандық атқару комитетінің председателі Сақтаған Шурин деген есікті аша сала «Ассаламағалейкум, Мұха, апаздал қалдым» деп айтып қоймайды. Соған ызаланған М.Әуезов: « - Олай болса, ана тілі де халық тілі емес пе? Ел басшылары жалғыз малдың ғана сапасын жақсарту үшін емес, ана тілін де таза ұстап, дұрыс сөйлеуге тырысуы керек қой. «Апаздал қалдым» дегенше, «кешігіп қалдым» демейсіз бе? Басшы бәріне де үлгі. Сіз қалай сөйлесеңіз, сіздің аузыңызға қарайтын жұрт та солай сөйлейді, таза тілді бұзу осыдан басталады. Егер ағып тұрсаңыз, бірыңғай орысша сөйлеңіз» [34, 265], - дейді. Сөйтіп, Баянауыл аудандық атқару комитетінің председателі Шуриннің не орысша емес, не қазақша емес, шұбарланған тілін сынайды. Бұдан жазушының өрмінезділігін, өрлігін, туған тілін қадірлейтін мәдениеттілігін көруге болады.

М.Әуезов – нар тұлғасымен де, дара келбетімен де, ұлағатты абыройымен де асқақ тұлға. Баянауыл жеріндегі Сұлтанмахмұт зиратына тәжім етуге барғандағы ұлы жазушының кескін-келбеті тіптен өзгеріп, ұлық алдында кішік болып, бір шөкім болып қалады. Ә.Нұршайықов та ұлы жазушының өткенге салауат айтып, өзінен бұрын өткен ақынға бас иіп, оның байыбын былайша түсіндіреді: «Мұхаң шляпасын шешіп, басын төмен иіп, Сұлтанмахмұт зиратының алдында ұзақ тұрып қалды. Қатты толғанып



тебіреніске түскендей болды. Екі-үш күннен бері қасында жүріп, оның жүзіне бауыр басып қалғандай едік. Өзімізге асқар таудай көрінген, жаңа ғана Хами шопан балуан тұлғалы, батыр пішінді екенсің деп сипаттаған Мұхан зират қасында жаңа бір қырынан танылғандай болды. Көздерінің алдын мұң торлап, өркештей көрінетін екі иығы салбырап, нар шөккендей аласарып көрінді» [34, 276]. Бұл үзіндіден алып Әуезовтің мұңды жүзі әр оқырманға ой салары сөзсіз. Осы жерден-ақ Ә.Нұршайықовтың кейіпкерді таныту тенденциясы өте биік тұғырда дамығандығын көреміз. Оның аңдатуы да осы жерден бастау алады. Жазушы оқырманның жүрегіне сұрақ ұялатады, жазушы жанының тереңдігін түсінуге одан сайын талпындырады. Қаламгер авторлық идея өзегі шығарманы, сол арқылы оқырманды да кейіпкер бейнесі маңайына топтастыра бейнелеген. Сөйтіп, естелік мазмұны Әуезовтің сырына тереңдегісі келетін оқырманын өзіне тартып, оның мәнісін кеңінен түсіндіреді.

Қаламгер өз замандасы М.Әуезовтің барлық қасиет-қалыбын, болмыс-бітімін айнытпай суреттеген. Оның пионерлермен, қазақ әйелімен, кәрі-қартаңмен, жұмысшылармен қарапайым тең дәрежеде әңгімелесіп, жылы шырай білдірісуі жазушының адами болмысының өрелігін көрсетеді. Өмірде ертеректе болған тарихи тұлға, ес білмеген тұста өткен тарихи оқиға туралы деректердің көмегімен үлкен-үлкен романдар жазуға болады. Мәселен, Шыңғысхан, Томирис патша, Әмір Темір, тіпті беріректегі Абылай, Әбілқайыр хан турасында. Бірақ біздің ойымызша, қоспасы мол «жасанды» тарихтан, қаламгердің өзі көзімен көріп, тікелей тілдескен замандасы (ол мейлі өз дәуірінің атақты ұлы, перзенті болсын, ол мейлі қарапайым құрылысшы, жұмысшы болсын) турасында жазылған шынайы шындықтан туындаған шағын көлемді шығарма қымбатырақ болады.

Жоғарыда Ә.Нұршайықовтың М.Әуезов турасындағы естілігін талдасақ, енді екінші естеліктегі Сәбит Мұқанов бейнесін суреттеуіне ден қоямыз.

Ә.Нұршайықов естелікті бастамас бұрын алғысөзде былай дейді: «Біздің міндетіміз – тірі Сәбитпен тілдескен, сонымен жанасып жақын жүрген тұстарда алған әсерімізді, оның қолдау, көмегін көрген немесе жанға жігер берер жылы сөздерін естіген сәттерімізді, бір сөзбен айтқанда, Мұқановтың адамгершілік дарыны мен азаматтық бейнесінің өзіміз білетін тұстарын баяндап беру» [3, 306]. Қаламгер өз естелігінде С.Мұқановпен болған кездесудегі өз замандасының жарқын бейнесін ашуға тырысады.

Бірінші Белорус майданында соғысып жатқан Бірінші Брест атқыштар дивизиясының үш жауынгері Алматыдан майданға қайтқалы жатады. Яғни сол бөлімнен елге делегат болып келеді. Осылайша үш жауынгердің елде жүргенін естіген Сәбит Мұқанов олар келді дегеннен іздеп табады. Олар жатқан үйге келіп, бір ұлы халықтың атынан келіп тұрғандай құшақ жая табысады. Үш жауынгердің бірі – Ә.Нұршайықов, ол С.Мұқановтың атын естімесе, затын тіпті көрмеген. «Сәкең біздің ұсынған қолымызды алып, әкеміздей болып, әрқайсысымызды бауырына басып, құшақтай амандасты. Екі жолдасыма қарағанда, орта бойлы, шағын денелі мен Сәкеңнің мол құшағына енгенде, шынында да, бала сияқты боп қалдым.

- Бұл менің майдандағы бәріңді де, тіріңді де, өліңді де қысқан құшағым, - деді ол ең соңынан мені босатып жатып.

Сәкеңнің қазіргі түр-әлпеті оның қасындағы біз тұрғай, майдангер өлі солдатты да емірене құшатындығын аңғартқандай еді. Жазушының үлкен жүрегінің тұлпар дүрсілі үшеуімізге де айқын естіліп тұрған сияқтанды» [3, 308] деген үзіндіден мейірім мен жылылықты көреміз. Әкелік, ағалық қамқорлығын аямай төгіп, ыстық құшағы арқылы қажыған әскерлерді баурап, елітіп, жандарын жадыратады. Әркімнің аты-жөнін, туған жері, ата-аналарын сұрап, олардың үй-іштеріне қандай көмек керек екендіктерін біліп, өз қамқорлығын жасауды міндеті деп санаған қарапайым жазушы майдангерлерді жақын замандастары ретінде үйіне қонаққа шақырады. Өз бауырларындай жылы тартып, майдан

өмірінен, әсіресе батыр қыз Мәншүктің ерлігі турасында, олардың майдандағы жағдайы, ахуалы жөнінде әңгіме шерткізеді.

Ә.Нұршайықовтың С.Мұқанов турасындағы естелігі 2 бөлімнен тұрады. Жоғарыда біз талдаған тұстар «Танысу» деген бөлімде баяндалған. Яғни, бұл бөлімде қаламгердің С.Мұқановпен Ұлы Отан соғысы кезінде елге делегат ретінде келген кезде танысып-біліскендігі туралы айтылса, «Танысқаннан кейін» деп аталатын екінші тарауда жазушы мен Ә.Нұршайықовтың соғыс жылдарынан кейінгі өмір көрінісі суреттеледі. Қаламгер С.Мұқановтың ешкімге ұқсамайтын қарапайымдылығын, бауырмалдығын мынадай әсерлі пікірімен білдіреді: «Бірақ Сәбит Мұқановтың адамды өзіне тартып тұратын өзгеше бір қасиеті бар еді. Оны бауырмалдық деуге де келеді. Мұқановтың бауырмалдығы адамның мамандық тұрғысына, қызмет дәрежесіне, үлкен-кішілігіне, ұлттық тегіне қарамайтын. Сәкеңнің сол бауырмалдылығының арқасында көп адам онымен дос, сыйлас, сырлас, сапарлас, табақтас болды. Оның түпсіз әңгімелерін тындап, жазушыны жақыннан бақылады. Панасын сағалап, пайдасын көргендер де баршылық» [3, 322]. Адамзат баласының дархан сыйлығы – асыл мінездердің барлығы қаламгердің қарымды қаламының арқасында Сәбит Мұқановтың жеке басына жиналғандай.

Автор жазушының тек рухани құндылықтарын сараптамай, оның шығармашылық ізденіс биігіне жетудегі әдеби-шығармашылық өсу жолын да саралап жазған.

Ә.Нұршайықов С.Мұқановқа тән тиянақтылық пен еңбекшілдікті, қарапайымдылықты «Қазақ Совет энциклопедиясын» даярлау барысындағы жазушы жинастырған материалдарды қадағалау комиссиясының құрамына кірген кездегі оқиғалардан да дәйектеп көрсеткен. Мысалы: «Менің қолымда макеттің өзі емес, осы сөздер жазылған мұқабасы ғана сақталыпты.

Бұдан С.Мұқановтың қазақ мәдениетіне байланысты мәселенің бәріне аянбай ат салысып отырғанын тағы да айқын көруге болады. Қанша қиналса да ең ауыр, ең үлкен мақаланы (40 мың таңба) міндетіне алып, жазып беруі, жазғаннан кейін оны бірнеше рет ерінбей оқып шығуы Сәбитке тән еңбекшілдіктің, қарапайымдылықтың, кішіпейілділіктің белгісі екені аян» [3, 375], - деуі осының айғағы. Осылайша мәдениет, әдебиет үшін жанын пиде етіп, ел үшін қызмет еткен замандас бейнесі өмірдің өзегімен өзектес суреттеледі.

Ә.Нұршайықовтың қазақ әдебиеті тарихында роман-диалог жанрын тудырып, оған халық қаһарманы Б.Момышұлын өзек еткені белгілі. Өз естелігіндегі: «Бауыржан Момышұлының батырлығын жұрттың бәрі мойындайды. Бірақ оның жазушылық талантын бірінші боп танып, осы жолға ең алғаш жетектеп, кеңес берген тек қана Сәбит Мұқанов болды. Мұны маған Баукеңнің өзі айтты.

Ал Бауыржанды шын жүректен жақсы көріп, оның мінезіндегі кедір-бұдырға қарамастан, өле-өлгенше жан-тәнімен жақсы көріп өткен де Сәбит еді» [3, 375], - деген үзіндіден қазақтың қайсар ұлының болмыс-бітімін, мінез-құлығын жас балаша сыйлап, қадірлеп, оның жазушылық қырын шыңдап, шығармашылыққа бет бұрудағы рухани ықпалы Сәбит Мұқанов шығармашылығы негізінде сараланған.

Ә.Нұршайықовтың «Екі естелік» туындысын эпистолярлық жанрдағы әдеби түрдің көркемөнердегі тағылымды үлгісі деп қорытуға болады. Демек, жазушының М.Әуезов пен С.Мұқанов жайлы естелік-жазбалары уақыт тынысын, кезең көріністерін кеңінен көрсететін кесек туынды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Шығармалар жинағы. 20 том – Алматы: Жазушы, 1985. – 494 б.
- 2 Мүсірепов Ғ. Әдебиет кәсіп емес, өнер. – А.: Жалын, 1987.



- 3 Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. Т.3. – 400 б.

### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье раскрываются современные образы, характеры, личностные качества М.Ауезова и С.Муканова в сборнике «Два воспоминания» А.Нуршаихова. Автор с присущим только ему мастерством описывает особенности творческой лаборатории писателей.

### **RESUME**

This article deals with the modern image, character, personality of M.Auezov and S.Mukanov in the book "Two memories" of A.Nurshaihov. The author describes the features of the writers with skills, inherent only to him.



### Аннотация

Мақалада өткен ғасырдың 20-30 жылдары қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан жазушы, ақын, публицист С.Ерубаев шығармашылығындағы сатиралық шығармалар талданады. Қаламгердің прозасы, поэзиясы мен драмалық шығармаларындағы сатиралық сарындарды арқау ете отырып, олардың жанрлық сипаты, идеялық-тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері тұжырымдалады.

*Түйін сөздер:* С.Ерубаев, қазақ әдебиеті, әдеби жанрлар, сатира, фельетон, пародия, көркем бейне, эпиграмма.

## Ә.Д. Қабылов

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,  
филол. ғыл. канд., доцент

## Саттар және сатира

Қазақ әдебиетінің көгінде күйрықты жұлдыздай ағып өткен талантты қаламгер, өмірдегі бақыт пен қуаныштың жаршысы болған жалынды публицист, ақын, жазушы Саттар Ерубаев шығармашылығының айқын бір саласы сатира болатын. Ол өткен ғасырдың отызыншы жылдарында әдебиетіміздегі сатира жанрын дамытуға атсалысты.

Қазақ сатирасын зерттеуші ғалым Т.Қожакеев 1925-1938 жылдары қазақ сатирасының өрлеу кезеңі болды дейді [1,360-399]. Бұл кезеңде сатира жанрының дамуына партияның «Баспасөз туралы», «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы», «Сатиралық-юморлық журналдар туралы» қаулыларының ықпалы болғаны анық. Оларда сатираның «ел өмірінің әр түрлі саласындағы, тұрмысындағы буржуазиялық көзқарастарды, мешандық дәстүр мен әдеттерді, социалистік құрылыс міндеттері мен жалпы пролетарлық мүдделерге қайшы келетін әр қилы топшылдықты, бюрократтық, ұлтшыл-шовенистік тенденцияларды, тап жаулары мен олардың саналы және санасыз түрдегі қостаушыларын сынау, әшкерелеу» міндеті атап көрсетілді [2,29]. Баспасөз беттерінде жарияланған түрлі жанрлардағы сатиралық шығармалармен қатар, І.Жансүгіров, Қ.Қуанышбаев, Қ.Тайшықов, Ж.Сәрсекөв, Е.Дүйсенбеков секілді авторлардың сын-сықақ жинақтары жарық көрді.

Осы кезеңде сатираның дамуына С.Ерубаевтың да өзіндік үлес қосқанын айту

лазым. Ол сатиралық әңгіме, суреттеме, өлең, пародия, эпиграмма сияқты жанрларда шығармалар жазып, қоғамдағы, жеке адам бойындағы кемшіліктерді сынап отырды.

«Төрешілдік жайлап, сүрлеуді сүріндірген сектор» фельетонында жер комиссариатындағы төрелердің төрешілдікке салынып, жұмысты ақсатып отырғандарын нақты фактілермен көрсетеді. «Жер комиссариатының қай есігін ашсаң да бұрқыраған қағаз, қым-қиғаш бір-бірін қуалай отырған қызметкерлерді көресің. Олардың бір қиын мәселені шешіп отырған адамдай топ-топ болып кеңесуі, әлсін-әлсін тартқан шылымдарының буылдыр көк түгіндері олардың істеген ісінен бұрын көзіңе түседі» [3,323], – деп басталатын әңгіме автор баяндауымен мұндай қымғуыт тірлікпен айналысып жүргендей көрінетін кеңсе қызметкерлерінің өз қызметтеріне жауапсыз қарап, кемшілікті басқаларға сілтегіш мимикриялық қалыптарын жеке тараушаларда дәлелдей түседі: «Өзінің қағазбастылығын, өздерінің тоңмойындықтарын өлкелік партия комитетінің ескі басшылығының қателігімен бүркегісі келеді» [3,324]; «Бұрынғы орын, қым-қиғаш отырыс. Кітап оқиды, қағаз жазады, бір-біріне қатынас қағаздарды жолдайды. Сыртынан қараған адамға қиратып іс істеп жатқан сияқты көрінеді» [3,325].

Жазушының бұл туындысының публицистикалық сипаты туралы ғалым Т.Кәкішев былай дейді: «Ең алдымен осы мақала сатиралық суреттеме сарынында оюлы тілмен жазылып, кемшілікті өлтіре әжуалайды. Содан соң, айтатын ойын, көрсететін көріністерді айқындай түсу үшін туынды тақырыптарға бөлінеді. Осы мақалада «Қош келдіңіз!», «Сводкамен күн көріп отырмыз», «Бәйгіден бәйгі», «Пішен өртенгеннен кейін өрттен сақтану ойларына түсіпті», «Оңтүстіктен үміт жоқ», «Ауданмен жұмысымыз жоқ», «Сарысу ауданы жоғалды», «Біздің айтарымыз», «Жолдас Нарком, құлағыңды сал!» деп мінелмек кемшілік пен әжуаланбақ төрешілдіктің ұтымды көріністерін тақырып еткен. Осындай туынды тақырыптар Саттар мақалаларына әрі орынды, әрі өткір болып, уақиға сырын ашып отырады. Журналистикада бұл принцип көбінесе публицистикалық мақалаларда жиі қолданылады» [3,33].

Осындай кептің және бір көрінісін «Құрғақ сөзге мәз, нақтылы ісі аз!» атты сатиралық суреттемесінен көреміз. Әңгіме оқырманды елең еткізіп, қоғамдық келеңсіздікке көңіл аударарлықтай екпінді леппен басталады: «Бір жаналық! Кейбір пысық жігіттеріміз төбеңді көргенде-ақ тайып беріп, яки алды-артынды орай сөйлеп, сөзбен шапқылағанда қуса құтқармастай, қашса жеткізбестей шешенсымақ болып жүр, жолдастар!» [3,329]. Мұндай пысықайлардың тірлігін танытуда жанама мінездемені екеуара диалог арқылы береді. Сөйтіп шаруаның бәрін тындырып жүргендей көрінетін шахта комсомол ұйымының хатшысы Нұртазаұлының тексерушінің сұрағына тура жауап беруден тайқып, әр жерден бір шалып сөйлейтін шешенсымақтығын өз сөзімен жеткізеді.

С.Ерубаевтың сәтті фельетондарының бірі «Жолдағы жолсыздықтар» мынадай аналогиялық суреттемеден басталады: «Көпті көрген біреуді әңгіме етейін десе:

– Оның басынан кешірмегені жоқ, бармаған жері жоқ, баспаған тауы жоқ, – деуші еді жұрт. Енді біз мұны Жаңа қалада, Бұқпада істейтін қарағандылықтарға бейімдеп:

– Олардың басынан кешірмеген жол жанжалы жоқ, қарғып түспеген автобусы жоқ, ұрыспаған шофері жоқ, – дейміз» [3,339].

Бұдан әрі «көпті көрген «көне билердің» жұмыстан кейін үйге жету үшін жол жүру қиыншылықтарын, қамалдарын бұзып, машинадан парашютсыз секіріп» жүрген тірліктерін баяндайды. Фельетон қарағандылық шоферлердің жолаушы тасымалдаудағы жөнсіздіктерін әшкерелеуге арналған. Сатираға тән тәсілдер арқылы әсірелеу, шарттылық, ирония элементтерін орынды пайдалана отырып, жол қатынасының қиындықтарын әсерлі жеткізеді. Бұл туынды Саттардың сатириктік талантын танытатын сәтті шығармалардың бірі боп табылады.

«Сенбіліктен қашқан бәтеңке көрдіңдер ме?» әңгімесінде түрлі сылтаулар тауып, сенбілікке бармайтын студенттердің атынан сөйлеп, өздерінің міндерін өздеріне әшкерелетсе, «Тышқан аулындағы оқиғада» да «Құрғақ сөзге мәз, нақтылы ісі аз», «Қазақ

тілін жек көретін шахтком» фельетондарындағыдай газет тарату науқаны кезіндегі көргендері бойынша қазақ газетіне жазылмайтын мылжындарды сынады. Ал «П.П.» саяси сипаттағы памфлеттік сарынымен ерекшеленеді.

«Қазақ тілін жек көретін шахтком» атты фельетон-әңгімесінде ана тілінен жерініп, тілін шұбарлап сөйлеуге бейім төресымақты сынады. Жұмысқа ұқыпсыздығымен қоймай, өз кінәсін жуып-шая сөйлеген шахткомның тіліндегі орысшылдықты шеней отырып, автор оның астарындағыжат пиғылға да меңзейді: «Так что, біз комитетпіз... Орысшаны оқысақ, не түрлі суриезни хабар-нұсқауларды он күн ілгері естіп, сусынымыз қанады. Ыңғай қазақшыл бола берсек... деп жымың-жымың етеді әлгі шешенің. Тегі, қазақ газетін алдырып оқысам жергілікті ұлтшыл болам ба деп қауіптенеді-ау деймін» [3,333].

Саттар сатирасында сол кездің өзінде қазақ «оқығандарының» тіліндегі орашолоқтықтар, ана тіліне деген өгей көзқарас қалыптаса бастағанын аңғарамыз. Оны жазушы өз шығармаларында кейіпкер тіліндегі сөздерменмолынан көрсетеді: пожалустаңыз, мешайт етті, подаждый товарыш, серьезный мәселе, фактыйшески, «тошный» айта алмаймын, «помеиему», «правелно» айтасыз, «так что», «шортты уазмый»,

Жазушы шығармаларының тілінде сатира мен юморға тән өткірлік пен тапқырлықтың небір сәтті оралымдары ұшырасады: «Бас бармағын бытырлата мылтықтың құлағындай қайырды», «Ұштасқан былқтың шетін бассаң, ортасы былқылдайтын әдеті ғой», «Кеңсірігіміздегіні шығаруға да қол тимейді», «Патшепке дегеніңіз бізде бар-бар... өлкелік, облыстық газеттердің де мұрнына кендір өткізіп қоямыз», «Бәрімізге бақыттың құйрығы көрініп, көз алдымызда бұлаңдағандай болады»,

Бізге Саттардың «Адасқан бөтелке» деп аталатын бір ғана пьесасы белгілі. Ол болған оқиғаның ізімен жазылған, Қарағанды шахталарындағы басқару жұмысындағы бір ұнамсыз істі – Скаченко деген 9-шахтаның нан карточкасын таратушының еңбекшілерге тиісті нан карточкаларын араққа сатып жүргенін әшкерелеп, әсерлі комедия етіп жазып шыққан. Бұл пьеса кезінде сахнаға қойылған секілді. Шығармада қатысушы персонаждар да шағын: Скаченкодан басқа 9-шахтаның вагоншысы Төлеубайұлы, осы шахтаның бастығы Елизаров және десятник Ромашков пен оның әйелі. Бір үйдегі бес жанның үшеуіне ғана карточка беріліп, екеуіне берілмей қойғанын айтып, олардың үлесін алмақшы болып келген Төлеубайұлының талабынан карточка үлестіруші Скаченконың бас тартып, кейіннен оған арақ алдыратыны, ол арақты шатастырып Ромашковқа беріп қоюы күлкілі көрсетіледі. Эпилогте бұл орынсыздықты Елизаров білсе де, Скаченконы жазалаудың орнына арақтан айырылғысы келмей, бөтелкемен сөйлесіп тұруы көрерменнің күлкісін келтіреді. Екі акт мен эпилогтен тұратын комедия автордың драмалық жанрда да тамаша туындылар жазуға қабілетті болғанын танытады.

С.Ерубаевтың ұлттық әдебиетімізде пародия жанрында алғаш қалам тербеп, осы салада біраз еңбектенгені аян. Ол туралы замандастарының естеліктері мен зерттеушілердің айтқандары бар. Жазушының өзі бұл туралы «Өз пародияларын туралы» мақаласында: «Менің пародияларымда әлі авторға тән ерекшелікті баса көрсету жоқ, авторға тән осы ерекшеліктерді әсірелей және оны сықақтай түсу жетіспейді.

Шындығына келгенде, пародияның шын ерекшелігі – оригиналдың көркемдік амалдарын айнытпай қолдана отырып, өзіне қарсы жұмсау, сықықтап әжуалау ғой», – деп өз шығармашылығына әділ баға береді.

Саттар пародияларын, шынында да, қарасөзбен де, өлеңмен де жазылған, эксперименттік сипаттағы сәтті ізденістер деп қарауға болады. Оның І.Жансүгіров, М.Әуезов, Қ.Әбдіқадыров, Ө.Тұрманжанов, т.б. арнаған пародиялары бар. «Әдебиет шеберлері, тарихқа біз де ортақпыз» пародиясы осы жазушылардың еңбек адамын, елдегі оқиғаларды көріп, тұрмыс жаңалықтарымен танысу мақсатында колхоз, ауылдарды аралау кезіндегі көргендерін суреттеуге арналған. «Үлкен әңгімелер туралы кішкене әңгімелерде» Ілиястың шағырмаларын негізге ала отырып, ақындық шабытты тудыратын



елдегі жаңалықтарды баяндайды. «Мұхтардың колхозға баруы», «Қалмақанның колхозға жетуі» туындылары тура әдеби мәндегі пародия болмағанмен, М.Әуезов пен Қ.Әбдіқадыровтың шығармашылық ізденіс жолындағы өмірді зерттеу сапарларының пародиялық суреттемелері болып табылады. Бұлардың бәрі де заман талабымен жазылған, өз заманымен тыныстаған кеңес суреткерінің көзқарасы тұрғысынан баяндалған кезең шындығы екені рас.

Саттар «Жалқаулар», «Біздің темп» секілді сатиралық өлеңдерінде өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы елдегі жатып ішер жалқауларды, ел мүддесінен гөрі өз қамын көбірек ойлайтын басшыларды өлтіре сынайды. Жалқаудың қулығын оның өз сөзімен өріп, ішкі ойын жайып салады:

Бармаймын сенбілікке «барғын» десе,  
Тамашалап көремін жөні келсе.  
«Басым ауырып, қатыным босанды», – деп  
Дәлелді жаудырамын әлденеше.  
«Білмедіге салармын», о да қиын,  
Күн бұрын жариялап жазған кеше.  
Бықсық қулық, бұрмалау жолын білем,  
Өзім өлмей о жаққа кетпейді есе... [3, 366]

Ал ел басқарған басшы, қосшылардың атағы ірі, ісі «гигант» болғанмен, адамдық болмысын:

...Хатшымыз кеңірдегін шертеді,  
Артискаларды соңына ертеді.  
Арақ, сыраны аралас жұтып,  
Кекіреді, қызара бөртеді [3,367], –

деп, аяусыз шенейді.

Саттар Ерубаев эпиграммалар да жазған. Оның Бейімбетке, Мұхтарға, Ілиясқа, Ғабитке арналған шағын эпиграммалары белгілі. Оларда ақын-жазушылардың шығармашылық бейнесін өз кезеңі талап етіп отырған қоғаммен байланыс орнату, еңбек адамын көрсету, заман шындығын жазу секілді мәселелер арқылы көрсетуге бағдар жасайды.

Саттар әдеби-сын мақалаларында да күлкінің мәніне көңіл бөліп, әдебиеттегі сатира мен юмордың қоғамдық маңызын жоғары бағалап отырған. Оның «Көркемөнер туралы хат», «Күлкіні қарсы алыңыздар!», «Өз пародияларым туралы» сияқты мақалаларында осы мәселеге көңіл бөліп, әдебиеттегі күлкіні назардан тыс қалдырмау керектігін қаперге беріп отырады. «Біздің күлкіміз әр уақытта дұшпанға атылған оқ болған. Күлкіге көңіл бөлмеуді тастау керек. Көңілді шығарма жазуды үйрену керек, қысқа әңгіме, күлкілі би, ойда қалатын күлкілі қысқа өлеңдер, комедия жазу керек. Сатира, пародия жанрын жасау керек, күлкіні көбейтейік. Әр түрлі, сегіз қырлы қоңыраудай сылдыраған күлкіні көрсетейік. Көпшіліктің де мұны сұрауға ақысы бар» [3, 434].

«Саттар қоғамдық өмірдегі өзгерістерге немқұрайлы қарамай, оған байланысты туған, өзін толғандырған ойды, орынды пікірді көркем тілмен шебер суреттеп берген публицист еді» [4, 241], – деп Т.Кәкішев айтқандай, Саттар сатирасы да публицистикалық серпіні күшті, өмірді жақсартуды көздеген ойлы да өткір тәрбиелік құрал болды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996. - 464 б.
- 2 «Красная печать» журналы. – 1927. - №7. - 28-34 б.
- 3 Ерубаев С. Менің құрдастарым. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1979. -536 б.
- 4 Кәкішев Т. Дәуір дидары. – Алматы: Жазушы, 1985. - 304 б.



### **РЕЗЮМЕ**

В статье анализируются сатирические произведения писателя, поэта, публициста С.Ерубаяева, внесшего значительный вклад в развитие казахской литературы. На основе прозаических, поэтических и драматических произведений писателя рассматриваются их жанровые, идейно-тематические и художественные особенности, мастерство художника.

### **RESUME**

The author of the article analyzes the satirical works of the writer, poet, essayist S.Erubayev who made a significant contribution to the development of the Kazakh literature. The genre, ideological – thematic and artistic features, also the artist's skill are considered on the basis of prose, poetry and drama of the writer.



ӘОЖ 811.512.1(045)

### Аннотация

Бұл мақала түркітану ғылымы, оның қазақ тілі біліміне қатыстылығы мәселесіне арналған. Түркітану ғылымының дербес ғылыми сала ретінде қалыптасып, дамуы түрколог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып сөз етіледі. Әрбір ғалымдардың еңбектеріне сараптама жасалады.

*Түйін сөздер:* компоративистика, агглютинация, дәуірлік кітап, фонетикалық құбылыс, антрофонетикалық бірлік, түркітану.

### Ғ.Қ. Резуанова

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

### В.А. Шнайдер

«Тұран-Астана» университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## Түркітану ғылымының бастаулары турасында

XIX ғасырға дейін қазақ тіл білімі үшін жабық болып келген [1, 119] ғылымның бірі - түркітану ғылымы, оның қазақ тілі білімімен қарым-қатынасы, жалпы қатыстылығы жөніндегі мәселесі. Түркі халықтарының тілдерін, тарихын, әдебиетін, фольклорын және жалпы мәдениетін зерттейтін ғылым алғашқыда гуманитарлық пән ретінде қалыптасып дамыған. Ал өз алдына дербес ғылым ретінде тек XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастады. Дегенмен де жалпы түркітану ғылымының қалыптасу, пайда болуының мерзімі, түркілік негізі туралы бұл ғылым саласына арналған жеке ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі көзқарастар, пікірлер де жоқ емес. Бұл, әрине, заңдылық. Бір-біріне кереғар пікірдің болуы түркітану ғылымында осы күнге дейін шешілмеген құпия, сырлардың мол екендігін дәлелдей түсетін сияқты.

Орыс тілді ғалымдар отандық түркітану ғылымының тарихы ХҮІІІ ғасырдың ІІ жартысынан басталады десе [1, 24], түркітану төңірегінде зерттеу жүргізіп жүрген қазақ ғалымдарының көпшілігі бұл ғылым өз бастауын ертеректе алған деген пікірде. Бір кездерде территория жағынан аумақты жерді мекен еткен түркі халықтарының тілі мен әдебиеті, мәдениетін ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстары тым әріден, ежелден басталмаса да өзіндік белгілі тарихы бар [2, 5] - деп айта келе Ә. Қайдаров, М. Оразов сынды ғалымдар түркі халықтарының тілін, әдебиетін арнайы зерттеудің тарихы көне заманға бармайтынын, орта ғасырдан басталатынын айтады. Сол сияқты Түркітану «түркі тілдерінің тарихын зерттеу Орхон-Енисей, көне ұйғыр, орта ғасырлық араб, көне түркі тілдерінде жазылған көптеген шығармаларды зерттеуден басталады» [3, 229] -

деген көзқарастар бар. Әңгіме шамамен XIX ғасыр туралы болса керек.

Шын мәнісінде, Түркітану ғылымының дербес ғылыми сала ретінде дамуының бастамасы XI ғасырда өмір сүрген М. Қашқаридің «Дивани лұғат ат түрк» еңбегінен басталады десек болады. Түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ қазына, мұра болып табылатын бұл теңдесі жоқ туындыда алғаш рет түркі тілдерінің жіктелуі жасалып, ғылыми тұрғыдан түркі тілдерінің өзіндік фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктері баяндалды. Лексикаға да қатысты мәселелер тыңғылықты көтерілген. Автор түркі тілдерін салыстыра қарастырып, грамматикалық тұлғалардағы өзгерістерге тоқталған. Олардың әрбір түркі тілдерінде өзіндік ұқсастықтары мен айырмашылықтарын сөз етіп, сол арқылы түркітану ғылымында салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудың негізін қалағаны да қазіргі түркітану ғылымының мамандарына белгілі жайт. Бұл орайда қазақ тілін зерттеудің негіздері де М. Қашқаридің «Дивани лұғат ат түрк» еңбегінен бастау алады да, орыс, батыс ғалымдарының ғылыми зерттеулерімен жалғасады. Ол Г.Д. Клапрот (1875), Н.М. Ильминский (1861), В.В. Григорьев (1862), М.А. Терентьев (1875), Я.Я. Лютен (1883), В.В. Радлов (1888), И.Н. Березин (1890), П.М. Мелиоранский (1894-97), В.В. Катаринский (1897) есімдерімен тығыз байланысты екенін айтып кеткен жөн.

Араб тілді ғалымдар «Диваниден» кейін де бірнеше салыстырмалы сөздіктерді дүниеге әкелді. Олардың қатарында Әбілқасым Махмұт ибн Омар жасаған «Мукқадимат әл-адаб» (Әдебиетке кіріспе), Әбу Хайанның «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» (Түркі тілдерінің түсіндірме кітабы) еңбегін, авторы бүгінде белгісіз болып қалған «Китаб ат-тухфа аз-закия фи лұғат ат-түрк» (Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық) және тағы басқа еңбектерді атап кетуге болады.

Батыс Еуропа түріктермен Византия мен түрк-селжүктердің арасындағы соғыс кезінде XI-XIII ғасырларда таныса бастады. Түркі елі туралы алғашқы мәліметтерді венециялық Марко Поло, саксондық Адам Олеори, орыс Афанасий Никитиндер жасаған саяхаттары негізінде алған еді. Ең алдымен зерттеу Осман түріктеріне бағытталып, кейін басқа түркі тілдеріне ауады. Бұл бағыттағы алғашқы еңбектер қатарына 1533 жылы жазылған Флоренциялық Филиппо Арджентидің қолжазбасын, И. Мегизирдің 1612 жылы басылып шыққан грамматикасын қосуға болады. Осы аталған еңбектер Батыс Еуропа мен Ресейде түркі елін, мәдениетін және тілін зерттеу жұмыстарын жүргізе бастауға негізгі түрткі болды.

Орыс тілі білімінде болса түркі тілдерін салыстырмалы түрде зерттеу XVIII ғасырда қалыптасты. Бұл салада ең алғаш жазылған еңбек 1733-1787 жылдар аралығында дүниеге келген «Сравнительные словари всех языков и наречий собранные десницею Всевысочающей особы» деген салыстырмалы сөздігі. Бұған дейін де «орыс елінде түркі халықтары туралы мәлімет «Повести временных лет» шығармасында айтылады. Петр заманында түркі халықтары туралы алғашқы суреттеулер де пайда болған. Алайда, түркі тілдерінің шын мәнісінде зерттелуі тек XIX ғасырда басталды» [4, 548]. Ал салыстырмалы-тарихи әдістің бұл елде ғылыми тәсіл ретінде дамуына Мырза А. Казембек, И.Н. Березин, А.Е. Крымский және «Алтай тілі грамматикасының» авторлары үлкен үлес қосты [2, 32].

Жоғарыда салыстырмалы-тарихи әдіс М. Қашқари есімімен байланысты айтылғанымен де, оны XIX ғасырда Германияда тіл білімі дамуының өрістей түсу кезінде түркі халықтарының тілдерін зерттей бастаумен, онда салыстырмалы әдістің қолданыла бастауымен, яғни қалыптасуымен тығыз байланыстырамыз. Түркітану ғылымында бұл әдістің өзіндік жеке бағыт, сала болып көрінуінің де XIX ғасыр ғалымдарының жемісі, үлесі болса керек.

Салыстырмалы әдістің негізін қалаушы, түркітанудың тіл білімінде дербес сала ретінде дамуына үлес қосқан, тікелей себепкер болған ғалым, неміс оқымыстысы Франц Бопп болды. Ф. Бопп еңбектері, соның ішінде, «Санскрит, зянд, армян, грек, латын, литва, көне славян, гот, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» ғылыми зерттеулерінде



әр түрлі тілдерден жинақталған орасан зор фактілерді бір-біріне салыстыра зерттеу арқылы олардың туыстығын, бастапқы күйін, шыққан тегін ашу әрекеті жасалды. Сол арқылы салыстырмалы-тарихи әдіс тіл білімінде қалыптасып дами бастаған еді. сонымен қатар XIX ғасырда Еуропада салыстырмалы әдістің өркендеуіне үлес қосқан ғалымдардың қатарына даниялық Расмуск Раск («Исланд тілінің шығу тарихы». 1818 жыл), неміс ғалымдары Якоб Гримм («Неміс грамматикасы», 1819 жыл), В.В. Радлов («Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы», 1882 жыл) есімдері зор ілтипатпен айтылады.

Тіл білімінің тарихында, әсіресе, түркітану тарихында XIX ғасырдың орны ерекше. Бұл ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ Еуропа, орыс ғалымдары түркі елін, мәдениеті мен тілінің өзіндік ерекшелігін танып білу мақсатында елеулі еңбектер атқарды. Ол туралы атақты шығыстанушы ғалым А.Н. Кононов: «В.В. Радлов и отечественная тюркология» деген мақаласында былай дейді: «были изданы первая «Грамматика татарского языка» сочиненная учителем татарского языка Иосифом Гигановым... и первая его же «Грамматика турецкого и арабского языка СПб-1881.

За названной грамматикой» последовали другие учебные пособия по татарскому языку» [5, 47]. Әрине, XIX ғасырда түркітанушы ғалымдардың басым көпшілігі, атап айтқанда Н.Б. Атнометов, И. Хальфин, А.Троянский; О.И. Сенковский және тағы басқалары тек татар тілі мәселелерімен айналысқанымен, 1804 жылдың 5 қарашасында Ресей университеттерінің жарғысы қабылданып, соның негізінде қайта құрылған Москва және жаңа құрылған Қазан мен Харьков университеттерінде шығыс тілдері кафедралары ашылғаннан кейін түркітану ғылымында бетбұрыс болды.

XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап түркі тілдерін оқып үйрену мақсатында бірнеше оқу құралдары жарық көрді. Солардың ішінде ерекше атап көрсетуге болатындары 1826 жылдан бастап Қазан университетінде түркі тілдерінен дәріс беріп келген А.К. Казембектің «Грамматика турецко-татарского языка» (1839), «Общая грамматика турецко-татарского языка» (1846), О.Н. Бетлингтің «Грамматика якутского языка» (Über die Sprache der Jakuten. 1851), Алтай миссиясы құрамына мүше болып енген М.Я. Глухарев, В.И. Вербицкий, Н.И. Ильминскийлердің «Грамматика алтайского языка» (1869), Л.З. Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» еңбегі (1869-1871), В.В. Вельяминов-Зерновтың «Словарь джагатайско-турецкий» сөздігі (1866-1869). 1812-1826 жылдар аралығында Қазан университетінің түркі тілдерінің оқытушысы И. Хальфиннің «Азбука и грамматика татарского языка с правилами арабского чтения» (1809), Н. Березиннің үш томдық «Тюркская хрестоматия» (1857), М. Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), Г.Ю. Клапроттың «Sur la langue kirghiz» (1825) және тағы басқа көптеген оқулық, ғылыми-зерттеу еңбектері жарық көрді.

Түркітану ғылымы үшін XIX ғасырдың ең маңызды кезеңі II жартысы болды. Бұл ғасырдың 50 жылдарынан бастап «шығыстың тарихында үлкен бетбұрыс болды. Ол түркі тілдерінің фонетикасы, лексикографиясы мен грамматикасының терең, жан-жақты зерттеле бастауы еді» [2, 197]. XIX ғасырдың алпысыншы жылдарын бастап түркітану ғылымының жаңа бағыт алуы, күрт дамуы жоғарыда аты аталған В. Радловтың есімімен тығыз байланысты. Бұл жайында А.Н. Кононов та: «Шестидесятые годы прошлого столетия ознаменовались еще одним непреходящего значения событием: началом эпохи в исследовательской деятельности родоначальника новой эпохи в развитии отечественной и мировой тюркологий Василья Васильевича Радлова» [5, 8] – деген болатын.

XIX ғасырдың 60-ыншы жылдары В.В. Радловтың ғылыми-зерттеу жұмыстары басталған кезеңде орыс шығыстану ғылымы, оның ішінде орыс түркітану ғылымы едәуір жетістіктерге жеткен болатын. Солардың ең бастылары түркі тілдерін зерттеуде теориялық және практикалық бағыттардың айқындалуы, көлемді грамматикалардың, сөздіктердің пайда болуы және Санкт-Петербург, Москва, Қазан қалаларында түркі тілдерін зерттеудің ірі орталықтары мен мектептерінің ашылуы Сібір, Поволжье. Кавказ,



Орта Азияда мекендейтін ауызекі сөйлеу тілді (жазба тілі жоқ) түркі тайпаларының тілінің зерттеле басталуы болатын. Бұл кезеңдегі түркітанудың жетістігі жайлы А.Н. Кононов былай дейді: «В.В. Радлов ғылыммен айналыса бастаған шақта түркология саласында келесі ғалымдардың арқасында едәуір күмәнсіз, мойындауға боларлық жетістіктерге жетті. Олар: И.И. Гиганов, А. Троянский, А.К. Казембек. О.Н. Бетлинг, Х.Д. Фрон, Б.А. Дорн, О.Н. Сенкевский, А.О. Мухлинский, И.Н. Березин, В.В. Григориев, П.С. Савельев, В.И. Вербицкий, Н.И. Ильминский» [5, 13].

Алтайда болған кезінде В. Радлов орыс графикасы негізінде өзі құраған транскрипцияны пайдаланып Оңтүстік Сібір, Қазақстан мен Шығыс және Солтүстік Түркістанның барлық тілдері мен диалектілері бойынша ауқымды материал жинап алды. В.В. Радлов өзінің түркі тілдерін зерттеуге арналған саяхаттары кезінде тіпті уақыт тауып, Іле өлкесіндегі тұратын сибо тайпасының тілін терең зерттеумен де айналысқан. Бірақ өкінішке орай көне және қазіргі түркі тілдерін зерттеудегі шексіз жұмыстар оның тунгус тіліне қатысты материалдарды өңдеп, зерттеулерін аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік бермеді. «Бұл материалдардың кейбіреулерін В. Радлов басқа адамдарға жариялауға берген болатын, бірақ олардың бір бөлегі із-тұссыз жоғалып кетті, ал келесі бір бөлегін А.О.Ивановский «Манджур хрестоматиясының» II шығарылымында жариялаған болатын» [7, 208].

Жалпы түркі тілдерін зерттеу барысындағы еңбегі жайлы ғалымның өзі былай дейді: «1859 жылы Алтайда түркі тілдерін зерттеуге кіріскен кезде мен о бастан-ақ тек халық шығармашылығының ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігінше, көлемді лексикалық материалдарды жинастырдым. Зерттеу барысында маған кездескен сөздерді, жинақталған мәтіндерді жеңіл түсіну үшін алфавиттік тәртіппен енгізіп отырдым» [8, 1]. ...Сол сияқты кейінгі жылдары ол: «1859 жылы Алтайда болғанда түркі тілі саласында үздіксіз зерттеу жұмыстарымнан жиналған маңызды материалдарды төрт томдық «Түркі тайпаларының халық ауыз әдебиеті үлгілерінде» пайдаландым. Менде қазір бұдан басқа да үш томға жетерліктей материалдар жиналған...

Қазіргі кезде баспадан менің грамматикалық зерттеулерім мен лексикалық жинақтарым шыға бастады. Сонымен қатар басылымға «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» да ұсынылып отыр. Бірінші бөлімінде менің солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы құрайды. Түркі тілдерін аумақты дыбыстық құбылыстарына талдау жасау нәтижесінде екінші бөлім «Түркі тілдерінің морфологиясын» жазу мүмкіндігіне ие болдым» [8, 2].

Алтайда болған 12 жыл ішінде түркі тілдерін зерттеу мақсатында ғалым төрт саяхат ұйымдастырған; 1860 жылдың жазында Алтай өлкесі бойынша алғашқы саяхатына шығады. Бұл саяхатта таулы Алтай өлкесін аралаған ғалым тек сол өлкені мекендеген халықтардың (төлеуіт, шор, қызыл татарлары) тілі мен әдебиетіне қатысты материалдарды жинап қана қоймай олардың өмір салтына, тұрмыс тіршілігіне де қатты назар аударған. Ғалым өз байқауларын «Күнделігіне» тіркеп отырады. Владимир Шабалин «Простор» журналында жариялаған «Потрясен красотой и нищетой» деген мақаласында В. Радловтың бұл саяхатта жинаған төлеуіт пен шор тілдеріне қатысты ертегі, мақал-мәтелдер мен мыңдаған лексикалық материалдары ондаған дәптер құрағандығын айтады; В.В. Радлов 1862 жылы Шығыс қырғыз даласына (Қазіргі Шығыс Қазақстан), 1863 жылы Хақас еліне, 1868-1869 жылдары Жетісу өңіріне барып қайтқан. Бұл сапарлар нәтижесінде жинақталған этнография, ауыз әдебиетіне қатысты материалдардың басым көпшілігі 1860-1872 жылдар аралығында ғалымның ірілі-ұсақты 21 еңбегінде көрініс тепкен. Олардың ішінде ең көлемді, құндылығы жағынан ерекшеленетін зерттеулердің қатарында «Briefe aus dem Altai» (1861), «Reise durch den Altai, nach Telezker See und Abakan» (1865), «Торговые сношения России с западной Монголии и их будущность» (1871), «Das mittlere Serafschanthal» (1872) және 1866 жылдан бастап жариялана бастаған «Наречие тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи» деп аталатын атақты

еңбектерін атап кетуге болады. 1866 жылы I том (алтай, төлеуіт, тара татарлар, лебедь, шор және саян диалектілері), 1868 жылы II том (Абақан, қызыл және чұлым түркітері диалектілері). Ғалым өз еңбектерінде чұлым түріктерін «куарық» терминімен көрсеткен. 1870 жылы III том қазақ («қырғыз» тілі). Бірнеше томды еңбектің қалған томдары ғалым Санкт-Петербургте болғанда 1885-1907 жылдар аралығында жарық көрген: 1885 жылы V томы (қырғыздар тілі (ғалымда «дикоканенные киргизы» деп көрсетілген), 1886 жылы VI томы (тараншы диалектісі), 1896 жылы VII томы (қырым татарларының тілі), 1899 жылы VIII том «Осман түріктерінің тілі), 1904 жылы IX томы (сойон, Абақан татарлары, қарағас диалектілері), 1907 жылы X томы (гагауыз тілі). Он томдық туындының алғашқы 6 томы неміс және орыс тілдерінде қатар жарияланса, соңғы төрт томын орыс ғалымдары Н.Ф. Катанов, В. Мошков, И. Куниш тәрізді ғалымдар аударма нұсқасында ғана жариялаған. Еңбектің құндылығы және түркітану ғылымында маңыздылығы жайлы А. Самойлович былай дейді: «первая серия капитальных трудов В. Радлова по возведению своего научного значения, а наоборот приобрели еще большую ценность, так как они являются единственным документированным источником сведений по истории ряда бесписьменных в прошлом тюркских языков» [9, 104].

XIX ғасырдың соңындағы тіл ғылымында елеулі оқиғаның бірі түркітану ғылымын жаңа бір белеске әкелген В. Радловтың өз замандастары кейін «дәуірлік кітап» деп аталған еңбегінің дүниеге келуі болды. Бұл еңбек туралы алғаш баспадан шықпай тұрып 1876 жылы атақты лингвист Бодуен де Куртенэ мәлімдеген болатын. Еңбектің қолжазбасы «Grammatische Untersuchungen auf dem Gebiete der nördlichen Türk Sprachen. T1. Phonetische Untersuchungen» (Солтүстік түркі тілдерінің грамматикалық зерттеулері. 1 бөлім. Фонетикалық зерттеулер) деген атаумен Ғылым академиясының тарихи филологиялық бөліміне ұсынылған болатын. «Пікірді академиктер Б.А. Дорн, Ф.И. Видеман және В.Р. Розен жазып, 1879 жылдың желтоқсан айында бөлімше мәжілісінде комиссия В.Радловқа өз зерттеулерін орыс тілінде жариялауға ұсыныс жасайды» [10, 35]. Әрине қыруар жинақталған материалдардан тұратын еңбекті орыс тіліне аудару көп уақытты қажет ететіні белгілі, сол себепті де, ғалымның жоғарыда аталған еңбегі қазіргі атаумен екі жылдан соң Германияда, Лейпциг қаласында жарық көрді. В. Радловтың бұл ғылыми зерттеуі туралы А. Самойлович былай дейді: «Шестое и последнее капитальное предприятие Радлова, сравнительная грамматика осталось незаконченной главным образом потому, что автор, расширив уже в изданной фонетической части свое задание включением в поле исследования, вопреки заглавию, всех турецких языков и наречий, был вынужден до конца жизни считаться с тем обстоятельством, что время для выполнения столь обширной работы еще не настало» [9, 711]. Шынында да, А. Самойлович айтып отырған себептерге байланысты кітаптың екінші бөлімі жарияланбай қалған шығар. Ғалым бастаған еңбегін жалғастыру мақсатында кітаптың бірінші бөліміне толықтыру енгізіп, жазылмай қалған морфологиялық бөлімге байланысты грамматикалық этюдтер болып табылатын бірнеше ғылыми зерттеу еңбектерін жазған болатын. Олар: «Zur Geschichte des türkischen Vokalsystems» (Түркі тілінің дауыстылар жүйесіне шолу) мақаласы, «Die Jakutische Sprache in ihrem Verhältnisse zu den Türk Sprachen» (Якут тілінің түркі тілдеріне қатыстылығы) брошюрасы, орхон-енисей жазуларына қатысты «Altürkische Studien» (Көне түркі сөздері) грамматикалық очеркі мен соңғы жылдары баспаға әзірленген чуваш тіліне қатысты зерттеулері. Ал жалпы екінші бөлімді, морфология бөлімін жазуға негіз бола аларлықтай жемісі ретінде Радловтың 1906 жылы жарық көрген «Einleitende Gedanken zur Darstellung der Morphologie der Türk Sprachen» (Түркі тілі морфологиясын баяндаудағы ой-пікірлер) деп аталатын мақаласын атап кетуге әбден болады. Бұған дейін де аз зерттеліп келген синтаксис мәселесі ғалымда мүлде сөз болмаған.

В.В. Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» жарық көргеннен кейін М. Рясненнің айтуынша: «... вызвало далеко не одинаковые суждения в кругу

специалистов. Очень благожелательные отзывы о книге дали Техмер, Габеленц, Флейшер и многие другие. Критика, порой преувеличенно резкая, раздалась со стороны В.Д. Смирнова и В. Банга» [11, 27]. Бірақ қалай болғанда да түркі тілдерінің фонетика мәселелерін зерттеу жайында «В.В. Радловтың сіңірген еңбегі аса зор. Ол тұңғыш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жазып, онда қазақ тілі фонетикасының сан алуан мәселелерін лингвистикалық сол кездегі компоративистика бағыты тұрғысынан түсіндіреді» [6, 5-6]. Сондықтан да, еңбектің құнды жақтарын айтып кеткенді жөн көріп отырмыз.

«Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасында» автор дыбыстарды антрофонетикалық бірлік ретінде қарастырып, жалпы фонетика ғылымының беделді мамандары Зиверс, Лепсиус, Брюкенің артикуляция-акустикалық терминдерін пайдаланып сипаттайды. Жалпы өз зерттеулерінде В. Радлов негізгі мәселе ретінде түркі тілдерінің дауыстылар жүйесіндегі дауысты дыбыстар үндестігін алып, толық аша алған. Әсіресе түркі сөздері мен сөз түрлендіру жүйесіндегі дауысты дыбыстардың үйлесімділігі ерекше аталып кетеді. Бұл мәселенің көтерілуінің маңызы жайлы Э.Р. Тенишев: «Мысль о связи гармонии гласных с агглютинации после В.В. Радлова будет высказываться многими исследователями-тюркологами, да и не только ими, но и монголистами и тунгусо-маньчжуроведами: широкий исторический фон урало-алтайских языков, приводимый В.В. Радловом, дает достаточно пищи для размышлений» [1, 36]. «Фонетиканың» басқа да маңызды тұстары туралы А.М. Щербак: «Некоторые соображения о составе гласных фонем в общетюркском языке-основе, Или праязыке, впервые были изложены В.В. Радловом (Phon. 5 стр). Опираясь на вокализм толеутского языка В.В. Радлов высказал предположения, что общетюркском языке было восемь гласных: а, ä, о, ö, у, і, ү, ї. Позднее, под влиянием главным образом азербайджанских материалов, он увеличил это число до девяти: а, ä, о, ö, у, і, ү, ї, э» [12, 3] - деп түйіндейді. Түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың саны тоғыз екендігін В. Радлов «*Alttürkische Studien*» еңбегінің бесінші бөлімінде айтып кеткен болатын. Ғалымның бұл пікірін кейін қазақ басылымдарының басым көпшілігінің, соның ішінде әсіресе, М. Томанов, Ж. Аралбаев, С. Мырзабеков еңбектерінен қолдау тапты.

А.М. Щербак ғалым еңбегінде көтерілген мәселелердің маңызын былай деп баяндайды: «В работе В.В. Радлова дается очень подробная и достаточно глубокое описание фонетики всех тюркских языков (у автора диалекты)... Кстати состав гласных в общетюркском масштабе В.В. Радлов устанавливает, опираясь на вокализм толеутского диалекта, сохранившего, по его мнению, в большой мере, чем другие специфические тюркские особенности» [12, 3]. Шын мәнісінде де, түркі тілдерінің молынан жинақталған лексикалық материалдары В. Радловтың тыңғылықты үлкен зерттеу жұмысын жазып шығуда сүйенетін фактілер болды. Бірақ бір өкініштісі түркі тілі фонетикасын тереңінен сипаттауға қолданылған материалдар, басқа да грамматикалық бағытта қолданыла алмады. Осы мәселе жайында А.Н. Кононов та өз өкінішін былай деп білдіреді; «Наличие в распоряжении В.В. Радлова огромного материала...позволило ему перейти к обобщению своих наблюдений над фонетическим и грамматическим строем языков, реализованному, к сожалению, только для фонетики» [5, 105]. Алайда тек түркі тілдерінің фонетикалық мәселелері қамтылса да өз дәуірінде-ақ шын мәнісінде дәуірлік (*epochamachend*) атанған В.В. Радловтың еңбегі тек түркітану және орал-алтай тілдеріне ғана қатысты болмай жалпы лингвистика үшін де маңызды зор зерттеу болғаны мәлім. Кезінде ғалымның «Фонетикасын» жоғары бағалаған А.Н. Кононов Кеңес түркітанушы ғалымдары аз қолданғанмен, В.Радлов еңбегіндегі түркі тілдерінің классификациясы, дәйекті материалдары мен ғылыми қорытындыларының өзіндік мәнін жоғалтпағандығын [13, 106], фонетист ғалым Ж. Аралбаев В. Радловтың «*Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы*» атты еңбегі қазақ фонетикасының едәуір мәселелерін, атап айтқанда, дыбыс құрамы, сөзде дыбыстардың қолданылуы, сингармонизм құбылыстары, екпін категориясы



сияқты өзекті мәселелерді қамтитын, фонетикалық кейбір құбылыстарға аса назар аударған елеулі еңбек екенін [14, 61] атап көрсетіп кеткен. В.В. Радлов еңбегінде айтылып кеткен тұжырымдар күні бүгінге дейін қолданылып келе жатыр және көпшілік пікірлері дұрыс деп танылып, зерттеулер жүргізу арқылы анағұрлым тереңдетіле түсті. Ғалымның «Фонетикасы» төңірегінде талай дау-дамай, пікірталастар болса да, бұл еңбектің дүниеге келгеніне бір ғасырдан аса уақыт өтсе де өз саласында ғылыми мәнін сақтап, тек түркі тілдерін зерттеуде ғана емес, жалпы тіл білімі мәселесіне қатысты да көптеген мағлұматтар ұсына алады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тенишев Э.Р. В.В.Радлов фонетист и грамматист // АН СССР. Тюркологический сборник. – Москва, 1971. – 119 с.
- 2 Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 197 б.
- 3 Рясянен М. Материалы по истории фонетики тюркских языков. – Москва: «Наука», 1972. – 229 с.
- 4 АН СССР. Тюркологический вестник. – Москва, 1973. – 548 с.
- 5 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Ленинград, 1972. – 47 с.
- 6 Томанов М. Қазақ тілі тарихи грамматикасы. – Алматы: «Ғалым», 1988. – 5-6 б.
- 7 Щербак.А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград, 1970. – 208 с.
- 8 Radloff W.W. Phonetik der nordlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882. - 104 p.
- 9 Самойлович А. В.Радлов, как тюрколог // Журнал «Новый Восток». II книга. – СПб, 1922. – 711 с.
- 10 Хусайнов К.Ш. В.В.Радлов и казахский язык. – Алматы, 1981. – 35 с.
- 11 Рясянен М. Материалы по истории фонетики тюркских языков. – Москва: «Наука», 1972. – 27 с.
- 12 Щербак.А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград, 1970. – С. 3
- 13 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Ленинград, 1972. – 106с.
- 14 Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтар. – Алматы: «Ғылым», 1988. – 61 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы научной тюркологии и ее отношение к казахскому языкознанию. Авторы изучают становление и развитие тюркологии как науки, а также дают анализ научных трудов ученых-тюркологов.

### RESUME

The authors of the article considers the problems of scientific Turkology and its attitude to the Kazakh linguistics. The authors study the formation and development of Turkology as a science and make the analysis of the scientific works of scientists - turkologists.

## Ж. Секей

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## Ш.А. Доскеева

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, филол. ғыл. канд., доцент

# Абайтану ілімі және Темірғали Нұртазин

## Аннотация

Мақалада Т.Нұртазиннің ғылыми еңбектеріндегі Абай мұрасы жайлы ой-толғамдары қарастырылды. Ғалымның ұлы Абай хақында жазған зерттеу еңбектеріне сараптаулар жасай отырып, олардың өзіндік ерекшелігіне, рухани құнды еңбек екендіктеріне көз жеткізумен қатар, Т.Нұртазиннің әдебиет зерттеушісі ретіндегі өзіндік шығармашылық тұлғасы айқындалды. Зерттеушінің Абай шығармашылығын талдау-саралауындағы өзіндік танымы мен эстетикалық талғамы нақтыланып көрсетілді.

*Түйін сөздер:* абайтану, әдеби мектеп, Абай мұрасы, сыншы, сын, поэзия, өлең.

Қазақтың ұлы ақыны, терең ойшылы Абай есімі заман өткен сайын биіктеп, Абай десе, елең етпейтін жан, селт етпейтін көңіл, сөйлемейтін тіл болмайтындығы бұл күнде ақиқатқа айналып отыр. Ол жайында айтылмаған ән, оқылмаған жыр, жазылмаған дастан бар болса, оның орнын өскелең ұрпақ, келер дәурен толтырмақ. Уақыт өткен сайын Абай поэзиясы, Абай үні, Абай салған сара жол сан қырынан жол ашып, оқырманын таң қалдыруда.

Абай сөзі – халқымыздың рухын асқақтатып, бүкіл әлемге тарады. Ал, абайтанудың алғашқы асулары өткен ғасырдың басынан-ақ бастау алған болатын. Абай хақындағы алғашқы дуалы сөзді елдің тәуелсіздігі мен рухани бостандығын көкसेген Алаш көсемдерінің бірегейі – Әлихан Бөкейханов айтқан еді. Ол А.Құнанбаев дүниеден өткеннен кейін өз қолымен қазанама мәтінін жазып, «Семипалатинский листок» газетінде жариялаған [1].

Ақиқатына жүгінсек, қазанама Ә. Бөкейхановтың Абай тақырыбына алғаш қалам тартуы емес. Осы орайда белгілі әдебиетші ғалым Ж.Ысмағұловтың мына бір пікірі Алаш қайраткерінің шын мәнінде абайтану ілімінің негізін салушы ретіндегі өзіндік еңбегін айғақтай түседі: «...Егер бұдан бұрынырақ, ақынның көзі тірісінде, 1903 жылы қазақ өлкесі туралы Петербургте басылып шыққан анықтамалық кітапта халқымыздың жалпы рухани мәдениеті жөнінде толғана келіп, жаңа әдебиетінің төлбасы ретінде Абай атына айтқан сындарлы ойлары



мен байсалды бағалауын еске алсақ, Ә.Бөкейхановты ұлы ақынның алғашқы шежірешісі және зерделі зерттеушісі деп бағалауға толық негіз бар деп ойлаймыз» [1].

Осылайша, Ә.Бөкейхановты Абайтанудың алғашқы сөзсаптаушысы, шежірешісі деп танысақ, мұнан кейінгі ұлы ақынды таныту ісінде А.Байтұрсыновтың та мұрындық болғанын көреміз. 1913 жылы өзі редакторлық жасаған «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» мақаласын жариялап, ұлы Абай өлеңдері турасында былайша ой толғаған: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» [2]. Осылайша Ахмет Байтұрсынов Абай өлеңдерінің болмысын танып, ақын өнерінің қадір-қасиетін, табиғатын, сыры мен сипатын ашуға күш салды.

Жалпы, Абай дүниеден өткен он шақты жылдың аралығында ақын мұраларын жинақтап, жарыққа шығаруға күш жұмсаған, қайраткерлер қатарында Міржақып Дулатовтың да есімі ерекше аталуы орынды. Ол 1908 жылы «Ибраһим ибн Құнанбаев», 1914 жылы «Қазақ» газетінде «Абай» атты мақалаларын жариялаған. Ол еңбектерінде Абайдың кім екендігі, заманы, ақындық өнері жайлы мол деректер келтірілген.

Бұл салада Абайдың өз баласы Тұрағұл мен немере інісі Кәкітай Ысқақұлының да еңбектері ерен екендігі барша әдебиетші қауымға аян еді. Екеуінің жанашырлық еңбегінің нәтижесі – 1909 жылы Петербургте Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Сондай-ақ, 1914 жылы Семей қаласында ерлі-зайыпты Нұрғали, Нәзипа Құлжановтардың Абайдың дүниеден өткеніне 10 жыл толуына орай еске алу кешін ұйымдастыруы, баяндама жасауы да маңызы зор шара екендігі шындық. Осыдан бастап жыл сайын ақын рухына тағзым етіліп, оның шығармашылығын ел арасында насихаттау кеңінен өріс алды.

1918 жылы Семейде Ж.Аймауытов және М.Әуезовтің ұйымдастыруымен «Абай» атты қоғамдық-әдеби журнал өмірге келді. Бірер жылдай жарық көріп тұрған бұл журналдың (12 саны ғана шыққан екен – Ж.С., Ш.Д.) негізі, әлеуметтік мәні, шығармашылық болмысы Абай сынды ақынның рухынан нәр алғаны ақиқат болатын.

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап болашақ жазушы, талантты ғалым Мұхтар Әуезов Ә.Бөкейхановпен А.Байтұрсынов бастап берген абайтану ілімін шырқау биікке көтеріп, қазақ әдебиеттану ғылымының бір арналы саласына айналдырып, 30-50 жылдарда Мұхтар Әуезов қазақтың бас ақыны туралы елеулі зерттеулер жүргізе отырып, Абайдың өмірбаянымен оның ақындық айналасы туралы құнды еңбектер қалдырды.

Әйтсе де, 50-жылдардың басында әдеби мұраға, сөз өнерінің тарихи тұлғалары жайлы кең шеңберде үн тастауға қырағы партия идеологтары социалистік жүйеге қауіп төнеді деп есептеп, үнемі тыйым жасап отырғаны мәлім. Мәселен, 1942 жылы 1-томы, 1947 жылы 2-томы шыққан М.Әуезовтің «Абай жолы» романы солақай сынның төпелеуіне түскені тарихтан аян. 1951 жылы 13-15 маусымда Абай шығармашылығына байланысты Ғылым академиясы мен Жазушылар Одағы бірігіп өткізген жиында бірқатар беделді, дәрежелі әдебиетшілер Абай мектебі, Абай дәстүрі деген ұғымдарға, өнердегі әрқилы бағыттарға үзілді-кесілді қарсы шығып, Абайды шындап зерттеген ғалымдарға саяси айып тағады. Бұл жиналыста С.Мұқанов «Абайдың әдеби мектебі және оның шәкірттері», С.Нұрышев «Абайдың әдеби мұрасын танудағы кейбір талас мәселелері», М.С.Сильченко «Абай творчествосының идеялық арналары», М.Әуезов «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы» деген тақырыптарда баяндамалар жасайды [3, 256].

Белгілі әдебиетші-ғалым Т.Кәкішев былай дейді: «...1954 жылдан бері қарай қоғамдық ғылымның әр саласында Абай жайында отызға тарта ғылыми-зерттеу, насихаттама еңбектер шықты. Бұған қоса, Абай шығармалары мен дүниетанымының әр саласы бойынша қоғамдық ғылым өкілдері жиырмаға тарта диссертация қорғағанын айтсақ, Абайтану ілімі әдебиеттанудың үлкен бір саласына айналғанын көреміз» [4, 149].

Абай шығармашылығы турасында қалам тартқан арғысы А.Байтұрсынов, М.Дулатовтан бастап, берідегі Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, М.Сильченко, Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, Қ.Мұхамедханов, М.Бөжеев, Ә.Жиреншин, Х.Сүйіншәлиев еңбектерін атауға болады.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев жайлы сыр шертпеген, ой толғамаған, ұлы мұраның тұңғышына бойлап, сыр ашқысы келмеген зерттеуші қаламгер жоқтың қасы. Әр зерттеуші Абай әлемінен өз сүрлеуін, өз пайымдауын тапты десек, ақын мұраларының мәңгілігіне, өміршеңдігіне сеніп, тәрбиелік мәні теңіздей – терең, дариядай – айқын болып, ұрпақтан ұрпаққа өсиет болатындығына көзі жетіп, абайтанушылардың қатарында қалам тартқан сыншы, зерделі зерттеушінің бірі – Темірғали Нұртазин еді. Ол бұл тақырыпқа жан-жақты дайындықпен келді.

Т.Нұртазин көлемі шағын еңбегінде Абай өлеңдерін түгелдей дерлік талдамаса да, әсіресе, табиғат лирикасына кеңірек тоқталып, бұл саладағы өлеңдерден әлеуметтік өмірдің астарын танып, мәнін ашуға күш салғандығы байыптадық:

Ол: «Абайдың табиғат туралы жазған жырларының өзінде әлеуметтік өмір асқан зор байқампаздықпен суреттеледі, қазақ ауылындағы тоқтық пен жоқтық, үстемдік пен тәуелділік қарама-қарсы көрініп отырады. Ақынның алғашқы жарияланған «Жазында» бұл сыр байқалыңқырамаса, кейінгі «Күзінде», «Қараша желтоқсанында» толық-ақ ашылады» [5, 19], – деумен қатар, өлең шумақтарынан нақты мысалдар келтіріп, тіршіліктегі кездесіп жатқан келеңсіздіктерді, елдің ауыр тұрмысын, ел билеушілердің озбырлығын т.б. жайттарды бейнелеудегі ақын шеберлігін баян етеді.

Абай реализмі әр бағытта көрініп отыратындығын ғалым ақынның Лермонтов, Пушкин шығармаларына жасаған аудармаларынан, сатиралық туындыларынан, сазды да күйлі әндерінен, өлең құрылысына енгізген тың формаларынан, өнегелі де өрісті ғақлияларының болмысынан айна-қатесіз танитындығын сөз ете отырып, ұлы ақынның шеберлігі–диапазонының кеңдігінде деп тұжырымдайды.

Темірғали Нұртазиннің ұлы Абайдың өмірі мен шығармашылығына қысқаша шолу жасамақшы болған бұл мақаласы жарыққа шыққаннан соң, оның авторы мен еңбекжайлы әдебиет өкілдері де өзіндік ой-пікірлерін білдіре бастайды.

1955 жылы сыншы Айқын Нұрқатов: «...Кітаптың ең басты құндылығы – автордың бұрыннан белгілі жәйттерді қайталауға көп ұрынбай, өз тарапынан тың пікірлер айтуында. Автордың өзіндік ойы, соны сөзі мол ұшырайды. Кітапшада Абайды тудырған тарихи-әлеуметтік жағдайлар турасында, ұлттық дәстүр мен Абайдың ақындық шеберлігі жайында құнарлы пікірлер бар. Абайдың реализмі, оның шығармаларындағы лирикалық, сатиралық сарындар жайында, ақындық жаңашылдық жайында талдаулар бар. Әсіресе, Абайдың аудармашылық тәжірибесі жөнінде көптеген қызықты мысалдар, зерттеулер келтірілген» [6, 236] – дей келіп, зерттеушінің жетістіктерін орынды атай отырып, сонымен қатар кейбір кемшін жайларды да бүкпелемей, автордың қысқа қайырған кейбір жайларын да атап, тоқталып өткен: «Бірақ, сонымен қатар, кітапта орыс әдебиетінің ықпалы жан-жақты дәлелденбей қалған. Абайдың орыс ақындарынан қалай үйренгені, олардың творчестволық дәстүрлерін қаншалықты дәрежеде қабылдап, дамыта игергендігі туралы мәселе кітапта терең ашылмай, көмескі қалып қойған» [7], – дейді.

Білім-білігі, шеберлігі толысқан ғалым қаламынан Абай мұраларын ғылыми тұрғыда зерделеген мақалалар бірінен соң бірі дүниеге келіп, жарияланып жатты. Бұл мәселеде «Төрт жолмен түйген тұжырым» (1966), «Ақын биіктігі» (1970), «Асыл ойдың өрнегі» (1970), «Көңіл сазы» (1971), сияқты мақалалары сөзіміздің айғағы болмақ.



«Асыл ойдың өрнегі» атты мақаласында ақынның қара сөздері мен оның афоризмі, мақал-мәтелдері туралы сыр шертеді. Абайдың қарасөзге ден қойып, ішкі ойын, жан-сырын толғауы құр бекерге емес екендігін айта келіп, қарасөздерінде кездесетін: «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда өңі қашады», «Жікшіл ел жетпей мақтайды», «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың», «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық» т.б. афоризмдерге тоқталып, мәнін түсіндіреді. Афоризмнің нақылдан, мәтелден, мақалдан айырмашылығын, олардың өзіндік сыр-сипатын саралап көрсетіп, ойын нақты мысалдармен дәлелдейді.

Ақынның алғашқы қара сөзінен бастап соңғы дана сөзіне дейін тұнып тұрған тәрбие, ой-сана екендігін ескерткен Нұртазин озық дәстүрі терең, шыншыл да сыршыл орыс әдебиетін өнеге тұтып ғибрат алған Абайдың қарасөзі мен поэзиясы егіздей, қанаттасып келетіндігін айта келіп: «Абай екі жанрды да өз мұратына бағынышты етеді. Поэзияда «жылай жырласа», ғақлиядағы оның көз жасы – қиялдан балқыған қорғасынның тамшысындай» [5], – деп ой қорытады. Ол – рас, терең ойдың зергері, адамзаттың болмыс-бітімі, жан-дүниеміздегі сиқырлы сыр, мұңды шер, шынайы көңіл бәрі-бәрі Абай толғауларынан көрініс беретіні анық.

Т.Нұртазин «Ақын биіктігі» деп аталатын зерттеуінде ұлы Абайдың шыққан тегі, әкесінің шені жайлы сөз қозғай келе, әке жолын құмай, халық жолына түскен Абайдың орыс тілін жетік меңгеруі – мәдениет пен білімнің, ғылымның сара жолына түсуіне бірден-бір себеп болғандығын дәлелдейді. Ақынның орыс пен Батыс әдебиетімен кеңінен танысып, философия ғылымымен шұғылдана жүріп, Спенсердің, Спинозаның, Милльдің, Дрэпердің, Тэннің шығармаларын оқып, Дарвин ғылымымен шұғылданғандығынан нақты айғақтар келтіреді. Сондай-ақ, Абай өмір сүрген замандағы қоғамдық-әлеуметтік қалып, ақынға жасалынған қудалаулар мен қастандықтар жөнінде де біраз дәлелді де әсерлі деректер айтылады.

Темірғали Нұртазин әдебиет зерттеушісі ретінде Абай шығармаларының болмысына рентген сәулесіндей көз жіберіп, әрбір құбылыс, әрбір сөз, өлең құрылымына, ақын поэзиясының туу, даму барысына, керек болса, Абайдың әрбір басқан қадамына, яки ауыз әдебиеті, Шығыс шайырлары, орыс әдебиеті өкілдерімен қарым-қатынасына, үлгі-өнеге алу, үйрену үрдісіне жіті көз жіберіп, саралап талдап, өзіндік ой-тұжырымдарын жасайды.

Т.Нұртазин абайтану мәселелерін сөз ете отырып, «Абайтану проблемасы талапкердің еншісіне тиемел емес, төзіміне, еңбеккерлігіне, дарынына тиемел» деген ой айтады. Және, Абай жайлы сөйлегенде, баяндағанда, оны зерттегендердің, ол жайында еңбек жазушылардың мінез-құлқын, білім дәрежесін, дарын қырын, талғам мөлшерін аңдауымыз қажет. Өйткені, «олар ұлы адам төңірегінде өздерін көрсетпей тұра алмайтынын ескерсек, манағы жұмбаққа қайта соқпасақ лаж жоқ. Оны кім шешті, қашан шешті, қалай шешті. Шешті ме, жоқ жорамалмен тынды ма? Міне, гәп осында. Өсіре сөйлеуге немесе керісінше өшіре сөйлеуге шыдаған қазақ куәлігінде табиғи түйіндерді табу оңай емес... абайтанудың өте-мөте күрделі ілімге зәру екенін түйткіліксіз түсінеміз»[5], – деген ғалым ойының мәні тереңде. Абайды тану үшін, білу үшін – терең ой, зерделі білім, тынымсыз еңбек, сыршыл жүрек болу керектігін шарт деп түсінеді. Сондықтан да Абай жайлы ғылыми, нанымды туынды жасау үшін өткенді қайталап, жақсыға еліктеп, дау тудырмайтын деректерді көшіру аздық ететіндігін әрі ондай дүние табиғилыққа, жаңалыққа жатпайтындығын ескерте отырып: «Әдеби ілім сыршыл шындық, жансақсыз жаңалық әкелмек. Бейнелеп айтқанда, дөңгеленген дербес дүниелік болуға керек» [5], – деген талап қояды. Өзі де осы талап деңгейінен көрінуге ұмтылады.

Зерттеуші бұл еңбегінде өзге абайтанушылар секілді ақынның тағдырына заманына зер салып, саралай талдап, ұлы тұлғаның ішкі әлеміндегі қым-қуыт құпиялардың мәніне үңіліп, өзінше қарастырады. Жасынан Абай өлеңдерін жаттап өсіп, ақынды пір тұтқан Темірғали: «...Қазақтың ысылған классикасы Абайдан басталса, оған күні бүгінге шейін бірде-бір ақын тіркелмесе, Абай туралы еңбек жазудың жауапкершілігі өзінен-өзі



түсінікті. Асқар таудың түбі тұншықтырады. Оның биіктігін аңғару үшін алыстан қарауға керек» [5], – деп, Абай әлемін алып шыңға балап, мойынсұнады. Сол шыңның бедерлі шатқалдарынан ізгілік іздеп, көзқарақтылық танытқан автор: «Абай – азамат, қайраткер, санаткер, ойшыл, ақын. Ол өз заманының перзенті, тұстасы, ағасы, атасы. Ол өз дәуірінің күрескері, ақылгөйі. Осының баршасын топтастырғанда «Абай» деген тұлға туады» [5], – деп түсіндіреді.

Ұлы Абайды «данышпан» деп таныған Темірғали Нұртазин «данышпан жан өзінің кім екенін білмейді» деген сөздің тым ұшқары екендігін дәлелдейді. Ол: «Өзінің кім екенін білген Абай тоғыз жолдың торабында өнерді, оның ішінде поэзияны таңдады. Соның ішінде «Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр, сырымды тоқтатайын айта бермей» деп теткіді... Абай өзінің ішкі әлемін ашып, өлеңмен мұң шағады, өлеңмен наз төгеді, өлеңмен сыр шертеді...» [5], – дей отырып, поэзия табиғатын түсінген ақынның бойынан жомарттық пен сараңдық, төкпешілдік, сыршылдық, суретшілдік, іңкәрлік, торыққыштық, әсершілдік, байқампаздық, ойшылдық, ақылгөйлік секілді қасиеттердің табылатындығын және мұның бәрі оның табиғи болмысының, мұрат-мақсатының айқындығынан туғандығына назар аударады.

«Абайдың фәлсапасы, эстетикасы, тұрмыстық толғаныстары оның поэзиясында, жұртқа тез тарайтын ұшқыр жанрда жатыр» [5], – деген Темірғали Абайдың алғашқы жырлары «медет бер алладан» басталса, бертін келе поэзияның қоғамдағы орнын, ақындық шабыттың құдіреттілігін түсінуге жеткендігін, биіктегенін байыптайды.

Қандай да болмасын көркем туындыны талдамас бұрын оның авторының өмір сүрген ортасы, тіршілік еткен қоғамы, ондағы әлеуметтік жағдайлар ескерілуі, қарастырылуы басты міндет болса, Т.Нұртазин де бұл мәселеге бірінші кезекте мән бере отырып өз еңбегін жазды. Ол ұлы Абайдың дүниеге келіп өскен жерін, ата-тегін, көрген тәрбиесін, алған білімін, ақындық болмысының қалыптасу, даму заңдылықтарын әңгімелейді.

Өзге де абайтанушылар секілді Т.Нұртазин де ұлы ақынның туған халқының өсіп-өркендеу жолын орыс халқымен ынтымақтастықтан іздегендігін айта келіп, Абайдың Ресейге жоғары талғампаздықпен қарағандығын сөз етеді. Дана ақынның орыс тілін мейлінше жетік білгендігін аңдай келіп, зерттеуші Абай өлеңдеріндегі орыс сөздерінің қолданысын, тамаша аудармаларын байыптап, барлай келе, ақынның аударма мәселесінде орысша ойлап, оған тамаша қазақы өрнек беретіндігін баяндайды. «...Абай сол орысша ойлаған образдарын қазақ ұғымына мейлінше жатық етіп береді. Оның данышпан шеберлігі, тапқырлығы да осында» [5], – деп бағалайды.

Абай мәдениетінің диапазоны қаншалықты кеңдігін, шығармашылығының тақырыбы қомақтылығын, лирикасының соншалықты шымырлығын түсінген Т.Нұртазин: «Абай мұрасының әр тарауы дербес еңбектерге татиды. Осы мұраның ең тереңі, ең бағалысы, ең баяндысы – сыршыл лирика. Бұған азаматтық сарын, көңіл сазы, табиғат толғауы, махаббат жыры жатады. «Жұртым-ай, ұқсаңшы сен сөздің ішін» деп келетін шымыр жолдардан басталатын Абай сарыны, Абай сазы, Абай лебі адам жанын әлдилейтін алуан әуендерге ұласқанда, осының баршасының үстінен қарайтын биік парасат тұрады. Бұл жағынан келгенде Абай немістің Гетесін, орыстың Пушкинін еске түсіреді», – [5] дей келіп, Абай сарынын, сазын, лебін оның поэзиясынан іздейді. Ақын жанының нәзіктігін, сыршылдығын, туған табиғатты жан-тәнімен сезініп, шынайылықпен танытындығын сөз етеді.

Қорыта айтқанда, Т.Нұртазиннің ұлы ақын жайлы зерттеулері қазақ әдебиеттану ғылымы тарихындағы абайтану саласына қосылған ерекше еңбектің бірі екендігі даусыз.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. // Қазақ. - 1913. - №43. (Қазақ әдебиеті, 2005. - тамыз.
- 2 Ысмағұлов Ж. Абайдың ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 280 б.
- 3 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Жаңаша бажайлау. I кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
- 4 Кәкішев Т. Оңаша отау. Қазақ әдебиеті сынының жанрлық қалыптасуы хақында. – Алматы: Жазушы, 1982. – 224 б.
- 5 Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті. Кіт: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалары мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1986, – 429 б.
- 6 Нұрқатов А. Идея және образ. – Алматы: Жазушы, 1962. – 347 б.
- 7 Нұрқатов А. Білімді, байсалды сын үшін // Қазақ әдебиеті, 1955. - 2 декабрь.

## РЕЗЮМЕ

В статье автор размышляет о литературном наследии Абая в работах Т. Нуртазина, где он наряду с оценкой научных трудов о поэте, конкретизирует духовно-эстетическую сторону поэзии Абая.

## RESUME

The paper considered the reflection on the legacy of Abay in scientific papers of T.Nurtazin. There was made an assessment of the scientific papers about great Abay and the survey of features and the spiritual value of the work. By this a creative personality of T.Nurtazin as a researcher of literature was refined. The investigator analysed the aesthetic clarity and his own knowledge in the analysis of Abay's creation.

## Ж.Т. Қобланов

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, филол. ғыл. канд., профессор

## Данте Алигьеридің «Құдіретті комедия» поэмасы

### Аннотация

Мақалада Данте Алигьеридің «Құдіретті комедия» поэмасындағы дәуір шындығын, кезең көрінісін ашудағы ақын шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Данте шығармашылығының толысқан шағында өз заманының көлеңкелі жақтарын, саяси қарсыластарының зұлымдықтарын әшкерелейді. Ақын қоғамды шырмауықша шырмап озбырлықтарға сын көзбен қарап, орта ғасыр адамының тағдыры және оның арман-тілегі жайында тереңірек толғанады. Келеңсіз оқиғаларды бейнелеу, зұлымдық пен соқыр сенімді сынға алу - поэмадағы негізгі мәселе.

Поэмада мистика, символика элементтерімен бірге жаңа реалистік белгілер де бар. Данте «адам бойындағы адамгершілік қасиеттер оның әулеті, мемлекеті мен мансабына байланысты емес, бұл оның жеке қабілетінің қорытындысы» [1, 68] – деген. Қайта өрлеу дәуірі үшін маңызды болған гуманистік пікірді ұсынады. Автор қаламгердің осы қырларын мақалада толық ашып көрсетеді.

*Түйін сөздер:* комедия, образ, композиция, эпизод, схоластикалық ілім, гуманистік идея, конфликт, поэма, гибелиндер, гвельфтер, саяси сын, дәстүр.

«Құдіретті комедия» - Данте шығармашылығының толысқан шағындағы саяси-философиялық және әдеби қызметінің қорытындысы ретінде оны «орта ғасырдың ең соңғы және жаңа дәуірдің ең алғашқы ақыны» деп танытқан шығармасы. Данте әлі де орта ғасыр әдет-ғұрыптарының, схоластикалық ілімнің әсерінде болғанымен, бұл шығармада ол заманагөй мәселелерді фантастикалық бояулармен суреттеп, жаңа сыншыл пікірлермен көрінеді, бүкіл орта ғасырлық мәдениетке философиялық-әдеби қорытынды жасайды. Гуманистік идеяларды қорғаған ұлы қаламгер осы кезеңде өріс алған діни көзқарастарға қарсы аянбай күресті.

Данте өз шығармасын «Комедия» деп атаған. Ақын өлімінен соң оған «Құдіретті» сөзі қосылған, әрине бұдан кітап діни мазмұнда деген ой тумауы тиіс, себебі, бұл сөз шығарманың көркемдік тұрғыдан үздік туынды екендігін білдіру үшін қолданылған.



Данте «Күдіретті комедияны» жазуда орта ғасырдағы «видение» (қияли ертек) жанрындағы аллегория мен символикадан пайдаланған, бірақ онда діни әдебиетте дәріптелетін «о дүниені» үш бөлімге – «Тамұқ», «Ғарасат майданы» және «Ұжмаққа» бөлген. Шығарманың әр бөлімі 33 өлеңнен тұрады, кіріспе бөлімі бір өлеңнен, барлығы 100 өлеңді құрайды.

Данте бейнелеген «Тамұқ» (шығарманың бірінші бөлімі) жердің орталығына орналасып, ол 9 қабат шұңқырдан тұрады. Күнаһар жандар осы қабатты шұңқырларда азап шегеді. Қабат төмендеген сайын жан қаттырақ қиналады. Ең маңыздысы, Данте өзінің саяси дұшпандарын осы тамұққа түсіреді, әсіресе, христиан діншілдерін қатты сынға алады және оларды тамұқтың ең төменгі қабатына орналастырады. Дантенің суреттеуінше, «Ғарасат майданы» (поэманың екінші бөлімі) жерге карама-қарсы орналасқан. Жер мен оны үлкен мұхит бөліп жатады. Мұхит ортасындағы аралда биік тау бар. Тау жеті қат болып, олардан өтіп бара жатқанда күнаһардың күналары біртіндеп жуылады. 7 қаттан көтерілгенде 7 күнә (қызғаншақтық, арамдық, өшпенділік, үмітсіздік, сараңдық, мешкейлік, бұзықтық) жойылады және ол Ұжмаққа кіреді. «Ұжмақ» 9 қабатқа бөлінеді, жан қанша жоғары қабатқа көтерілсе, құдайдың сонша шарапатына бөленеді.

Данте 35 жасында қараңғы орманда адасып қалады. Осы кезде күн сәулесі түсіп тұрған алаңқайға қарай жүре бергенде, үш жыртқыш аң - епті барыс, аш жолбарыс, жауыз қасқыр оның жолын тосады. Кенет осы кезде «күтпеген қамқоршы», яғни Рим империясының атақты ақыны Вергилий жетіп келіп, жәрдемдесуге Беатриче жібергендігін айтады. Вергилий Дантеге тамұқта азап шегіп жатқан жандарды көрсетпекші болады.

Тамұқтың жолында қоғам үшін мүлдем қадірі жоқ қорқақтар мен сатқындар жатады. Олардың жасаған өмірі түтін сияқты тез сейіліп кететіндіктен тамұққа да кіре алмайды. Вергилий шәкіртіне: «Қара да, қасынан өтіп кете бер», - дейді. Қорқақтар арасында Данте ауыр кезеңде өзін тастап кеткен партиялас досын кездестіреді.

Ақын ұстазы Вергилийдің жетегінде тамұқтың бірінші қабатына кіреді. Бұл жерде антик әдебиеттің ірі өкілдері - ұлы ұстаз Гомерді, соңынан Гораций, Овидий мен Лукианды көреді.

Христиан танымы бойынша, ежелгі дүние адамдары, яғни көне діндегілер ұжмаққа кіре алмайтын еді. Олар да тамұққа түседі, бірақ жазушы оларға жайлы жерден орын береді, бұл Дантенің көне дәуір данышпандарына өте үлкен құрметпен қарағандығын білдіреді.

Тамұқтың екінші қабатында құмарлыққа салынғандар шаң-тозаңға батып жатады. Олардың ортасында Вавилонның аңызға айналған ханшасы Семирамида, Карфаген ханымы Дидона, Мысыр ханымы Клеопатра, сұлу Елена, Парис және басқалардың жүздері көрінеді. Әсіресе, екі ғашықтың жекеленген сұлбасы көзге ерекше түседі. Бұл Паоло есімді жігіт пен Франческа да Римини есімді қыздың сұлбалары еді. Франческа ақылды, өмірсүйгіш жігіт Паолоға ғашық болады. Бірақ қызды Паолоға емес, ал оның ағасына - әке дәулетінің мұрагері Джанчоттаға береді. Қыз өзінің алданғандығын тойдың екінші күні ғана аңғарады. Джанчотта үйде жоқ кездері, екі ғашық жасырын кездесіп жүреді. Соңынан Франческа мен Паолоның жақындығынан хабардар болған Джанчотта, оларды қылышпен шауып өлтіреді. Күнаға батқан ғашықтар тамұққа келіп түседі. Бірақ Данте қыз хикаялаған осы қайғылы оқиғаны құлақ сала тыңдап, қыздың аянышты халін көріп, аһ ұрып, есінен танып қалады. Бұл жерде де Дантенің көзқарастары айқын көрінеді.

Бір жағынан ол махаббатты «күна» дейді және сол үшін ғашықтарды тамұққа алып келеді, екінші жағынан, қыздың хикаясын бар ықыласымен тыңдайды, оған аяныш білдіреді. Бұл жағдай ақында жаңа заманға тән гуманистік түсініктердің туып келе жатқандығынан дерек береді.

Тамұқтың үшінші қабатында өзі тойса да, көзі тоймайтын мешкейлер, төртіншісінде залым папа мен кардиналдар, бесіншісінде кегін баса алмағандар мен патшалар жазаланады. Алтыншы қабатта дінсіздер жатады, осы жерде ересьтікте айыпталған папа

Анастасий де бар. Жетінші қабатта зорлықшылар мен жендеттер өздері төккен қандарға былғанып жатыр.

Сегізінші қабатта түрлі құнаһарлар - өтірікшілер, арын сатқандар от ішінде жазаланады. Өз мансабын пайдаланған папа Николай III бір шұңқырда жалын ішінде арпалысып жатады. Ол Дантеге қарап, «сен менің орныма келдің бе», деп қуанады, Данте оған «сенің күткен адамың мен емес», деп жанынан өтіп кетеді. Папа Николай III орнына папа Бонифаций VIII келуі керек екен. Осы қабаттың бір шетінде екі жүзділер мен жемқорлар жазаланады. Ұрылар да осы қабатта азапқа батады.

Тамұқтың тоғызыншы қабатында ең ауыр қылмыс жасағандар мұз үстінде азап шегеді. Олар бір-бірін тістейді, шаштарын жұлады. Әсіресе, Угалино хикаясы баяндалған эпизод жантүршігерліктей. Ол Руджермен бірге тамұққа түскен. Ақтар партиясының мүшесі граф Угалино гибелиндер бастығы - арам ниетті архиепископ Руджерге сеніп, өзінің құпия сырын айтып қойған. Гибеллиндер жеңіске жеткен соң, ол Уголиноны айыптап, балаларымен бірге зынданға тастайды. Аштық төрт ұлын да жалмайды. Оның өзі де ауыр жағдайда қалған, аштық оны ақыл-есінен айырады, сөйтіп өліп жатқан балаларының мүрдесін жеуге мәжбүр болады. Бірақ Уголино да аштан өледі.

Вергилий Дантені «Тамұқтан» соң жеті қабаттан тұратын «Ғарасат майданы» бөліміне алып барады. Құнасы онша ауыр емес жандар осы қабаттарда тазарудан өтіп, ұжмаққа кіреді. Олар ұжмақ есігіне жеткендерінде Вергилий көзден ғайып болады, (ол христиан болмағандықтан ұжмаққа кіре алмайтын еді), әп-сәтте пайда болған Беатриче Дантені ішке алып кіреді. Оған тоғыз қабаттан тұратын ұжмақты тамашалатады. Данте мұнда император Генрих VII үшін арнайы орын дайындалғанын көреді.

Поэманың бірінші («Тамұқ») бөлімі оның екінші («Ғарасат майданы») және үшінші («Ұжмақ») бөлімдеріне қарағанда көркемдік жағынан едәуір жоғары тұр. Өйткені, онда дүниетанымдық мәселелерге қатысты оқиғалар кең түрде суреттелген.

Дантенің күшті реалистік бейнелеуге шеберлігі де осы бірінші бөлімде айқын көрінеді. Адам образдары мен олардың ішкі сезім-толғаныстары өте қысқа эпизодтар арқылы терең ашылады. Олар жер бетінде қандай қасиеттерге ие болса, тамұқта да осы белгілерімен суреттеледі. Құнаһарлар тамұқта да Дантемен бірге сол замандағы флоренциялық адамдарды толғандырған саяси мәселелерді талқылайды.

Белгілі гибеллин Фарината дели Уверти (X-өлең) тамұқтың алтыншы қабатында ересътермен бірге отқа күйіп жатса да, оның жүрегі бұрынғыша кекке толы еді. Данте өз қаласын бағындырудағы осы ер жүрек батырдың күші мен жігеріне риза болады. Өйткені, Фаринатаны осындай ауыр халде жатса да жер бетіндегі өмір қызықтырады.

Алмағайып, бір қабірден құдіретті үн қатты,  
Ой-санамды ойран етіп, тұңғиыққа құлатты,  
Жабыстым да, қатып қалдым көсеміме қуатты.

«Неге сонша бұйығасың, неге имене бересің  
Фарината көтерілді, эне, қара көресің.  
Кіндігінен жоғары көрініп тұр денесі» [2, 51].

Данте өзінің көркемдік әдістерінде табиғат құбылыстарын да шебер пайдаланады. Мұзды көлде азап тартып жатқан, суға бір батып, бір қалқып жүрген қанішерлерді көл бақаларға ұқсатады. «Олардың жүрегіндегі ызғар, кек пен қайғы көздерінен айқын сезіледі» («Тамұқ» XXXII-өлең).

Беттен бөлек тәндері мұз астында көмулі,  
Сақылдайды тістері сокқандайын темірді,  
Күнәкарлар көгеріп, мұз құрсауда көрінді.

Жасытады жүздерін жаһаннамда ділгіріп,  
Көрсетеді бейнесін тамұқ жатқан бүлдіріп,



Ауыздары – аязды, көздері – мұңды білдіріп.

Айналаны аңғарып, басымды идім және мен,  
Екі жанды байқадым, қосарланған денемен;

Тұтасып кеткен шаштары, аумайды бір түп көдеден [2, 164].

Отты шұңқырда жазаланып жатқан сатқын кеңесшілерді («Тамұқ» XXVI-өлең) Данте Флоренция түніндегі жалтырауық құрттарға теңейді. Отан намысына дақ түсірген мұндай жандарды қарғыспен тілге алады.

Данте табиғат құбылыстарына ерекше мән береді. «Тамұқтағы» қайғыны бейнелеген бояу мен зұлмат «Ғарасат майданында» ашық аспанмен ауысады. Данте «Ұжмақтағы» таңғажайып бақтарды өз отанындағы гүлденген сұлу бақтарға теңейді.

Дантенің көркемдік шеберлігі, қарапайым тілі, қысқа баяндаулары, әсерлі үзінді және образдары терең гуманистік идеяларды суреттеуге мол мүмкіндік берген.

Дантенің «Құдіретті комедия» поэмасы әлемдік әдебиеттің тандаулы шығармаларының қатарынан орын алатын туынды.

Дегенмен, Данте толық мағынасындағы Ренессанс әдебиетінің жазушысы емес, өйткені оның шығармашылығында ескі заманның танымдары жаңа пікірлермен араласып кеткен. Ол орта ғасыр діни әдебиет дәстүрлерімен байланысты еді. Оның поэзиясына тән болған аллегоризм мен христиан символикасы осының нәтижесі болатын. Мәселен, поэманың басында Дантенің қараңғы орманда адасып қалып, үш жыртқыш аңға кездесуі және көне Рим ақыны «ұстаз» Вергилийдің кенет пайда болып, Дантеге жәрдем беруі аллегорияның айқын дәлелі. Қараңғы орман - діни таным тұрғысынан күнаға толы ақиқат өмір, үш жыртқыш аң - адамды апатқа апаратын үш нұқсан - аярлық, қанағатсыздық және даңққұмарлық. Саяси тұрғыдан алғанда жазушы «Қараңғы орман» деп XIV ғасырдың бастарындағы Флоренцияны айтады. Тамұққа «саяхат» жасаған Дантенің түрлі күнаһарларды көз алдынан өткізіп, оларға сын айтуы адам санасының оянып келе жатқандығының белгісі еді.

Поэманың көп образдары діни танымнан тыс, саяси мазмұнға ие. Данте ұстазы Вергилийдің «Энеида» поэмасынан үлгі ала отырып, дүние жүзілік империя туралы гибеллиндердің идеясын символдастырады. Қызығы сонда, гибеліндермен күрескен папа тамұққа түседі. Цезарьді өлтірген Брут пен Кассий ең ауыр қылмыскер қатарына жатқызылады. Дүние жүзілік билік үшін күрескен Генрих VII-ге ұжмақтан орын беріледі. Әсіресе, поэманың соңында католик шіркеуі мен оның діншілдері баққұмарлық, мешкейлік, қанағатсыздықта айыпталып ең ауыр жазаға тартылады. Шығармадағы дінге қарсы сарын да жаңа туып келе жатқан Қайта өрлеу дәуірі әдебиеті үшін негізгі қару болып қызмет етеді.

Дантенің «Құдіретті комедиясының» композициясы өте шебер жасалған. Шығарма құрылысында үштік (поэманың үш бөлімнен құралуы, үш жыртқыш аң, шайтанның үш жүзділігі, тіпті өлеңдердің терцина - үш жолды болып келуі) троица туралы христиан идеясының символы ретінде көрінсе де, шығарманың жазылуында антик әдебиет үлгілері негізгі рөл ойнағандығын еске алсақ, поэма өз мазмұнымен христиан ілімінің құрсауын бұзып, кең, сара жолға шыққандығын байқаймыз.

Дантеге өзгелерден гөрі көбірек әсер еткен ақын Вергилий болды. Данте өз поэмасында қаһарман Энейдің марқұм әкесінің басына барып зияраттау үшін Тартарға түсуі сияқты эпизодтарды пайдаланады. Жазушы «Тамұқ» пен «Ғарасат майданына» жасаған саяхатында ескі діндегі Вергилийді өзіне ұстаз қылуы үлкен оқиға еді. Діни шіркеу әдебиетіндегі «видениелерде» періште атқаратын істі, поэмада өзге діндегі ақын Вергилий орындайды [3, 148].

Орта ғасырдың нағыз «Илиадасы» болған осы поэмада Данте «өз заманының рухани өмірін толық және сол заман негіздеріне сай» суреттеді, оның кемшіліктерін аяусыз әшкереледі; өзара соғыстар нәтижесінде ойран болған Италияның бірлігін қалпына

келтіру үшін аянбай күресті. Сондықтан да Дантенің сатирасы, алдымен, отан сатқындарына және христиан дінінің тірегі болған папаға қарсы бағытталды. Олар үшін «Тамұқтың» ең қорқынышты жерінен орын берілуі осының толық дәлелі еді [4, 52].

Христиан діні мен папаның аяллығына, сатқындығы және залымдығына қарсы күрескен ұлы гуманист ақынның «Күдіретті комедиясы» дүние жүзі әдебиеті тарихындағы маңызды шығарма болып, мемлекеттердің демократиялық негізде дамуына кедергі жасап отырған кертартпа топтарды әшкерелеуші күшімен құндылығын жоймай келе жатқан асыл мұралардың бірі.

Данте орта ғасырлық әдет-ғұрыптар және схоластикалық ілім әсерінде болса да, заман шындығын фантастикалық бояулармен бейнелеген, жаңа сын-пікірлерімен бүкіл орта ғасыр мәдени өміріне философиялық-әдеби қорытынды жасаған, шығармашылығын отанның ұлттық бірлігін қалыптастыруға сарп еткен ұлы тұлға еді. Бұдан кейінгі дәуірлерде әсіресе, Италияда ұлт-азаттық әрекеті күшейген XIX ғасырда ақынның ғажайып туындысы отан сүйгіштер жүрегіне ұялап, оларды азаттық пен тәуелсіздік үшін күрестерде рухтандырды.

### ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Белинский В.Г. Римские элегии в сочинение Гете. Псб. т.5. - Москва, 1953.
- 2 Данте А. Күдіретті комедия. «Тамұқ» бөлімі. Ауд. М.Мақатаев. - Алматы, 1971.
- 3 Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. - Алматы, «Дәуір». 2011.
- 4 Гуревич А.Я. Категории средневековой культуры. - Москва, 1972.

### РЕЗЮМЕ

В данной статье описывается правда времени, наступивший рубеж двух исторических эпох представляется открытием зрелищного периода, мастерски нарисованного Данте Алигьери в «Божественной комедии».

### RESUME

In this article the author describes the true picture of two historical epochs, the spectacular opening period is revealed in the poem "Divine Comedy" by Dante Alighieri, thanks to his skill.



## **А.М. Әділбек**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филол. ғыл. канд., доцент

## **Ш.Б. Салықжанова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, аға оқытушы

# **Тілді меңгерудегі сөйлесу әрекеттерінің маңызы мен ерекшелігі**

## **Аннотация**

Бұл мақалада орыс тілді дәрісханада қазақ тілін оқытудағы сөйлеу әрекетінің ерекшеліктері сипатталады. Авторлар қазақ тілін меңгертудегі сөйлеу әрекетінің ерекшеліктері мен маңызына тоқталып, айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалымды меңгертуге арналған тапсырма түрлерін жан-жақты қарастырады. Сөйлеу әрекетінің түрлері арқылы білім алушылардың тілді үйреніп қана қоймай, өзіндік пікірі бар жеке тұлға ретінде қалыптастырудың және олардың сөйлеу мәдениетін дамытудың маңыздылығы пайымдалады.

*Түйін сөздер:* оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, қатысым, жұптық жұмыс, мәтін.

Білім жүйесінің дамуы мен тұрақты қызмет етуін қамтамасыз ету, қоғам мен мемлекеттің даму шарттары көптеген дамыған елдерде мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. Бүгінгі білім жүйесінің белсенді азаматтық ұстанымы бар, шығармашылық тұрғыдан ойлауға, өмір бойы білім алуға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу басты міндеті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін екінші тіл ретінде сапалы оқыту жүйесін жасап, тарату арқылы қазақстандық көптілділік жағдайында түрлі ұлттардың толеранттылығын нығайтуға, дамытуға мүмкіндік жасалады, өйткені қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде Қазақстанда тұратын барлық ұлттарды кіріктіруші фактор ретінде танылады.

Бүгінгі заман талабы – білімді, парасатты, адамдармен тіл табыса білетін, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру десек, сол тұлғаның білікті маман болып шығуы үшін тілдерді меңгеруінің де маңызы зор. Тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауының құралы, сондықтан адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін алдымен сөзді, сонан соң сөздерді қалай қолдануды білуі керек. Екінші тілді оқытуда білім алушының сөзді білуі, сөздік қорының мол болуы оның тілді меңгеру дәрежесінің негізгі көрсеткішінің бірі болып табылады. Білім алушының сөздік қоры неғұрлым бай болса, соғұрлым оның ойын толық, дәл, анық жеткізуге мүмкіндігі мол болады. Бұлардың әрқайсысы өте өзекті мәселелер, олар тілдерді екінші тіл ретінде оқыту әдістемесінің негізгі объектісі. Тіл үйренушінің тілді үйренуге деген ынта-жігері, қызығушылықтары, тілді оқу мақсаттары мен міндеттерін анықтай алуы, оны



орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі, өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі қалыптасуы тиіс. Тек осылай саналы түрде ұйымдасқан іс-әрекет, еңбек негізінде ғана студенттің тіл үйрену әрекеті мақсатты түрде дамиды. Студенттің бойындағы осындай ерекшеліктерді дәл көре білу және дамыту оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруда қозғаушы күш болып табылады. Студенттердің сөйлеу әрекетін дамыту, біріншіден тілдің лексикалық, грамматикалық білім нормаларын меңгертуге байланысты болса, екіншіден, сөйлеу дағдылары сөйлеу әрекетінің оқылым, тыңдалым, айтылым жазылым сияқты түрлерімен байланысты болады. Профессор Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше, «сөз жеке сөздікте тұрғанда – тілдік тұлға да, сөйлем құрамында, тексте қолданылғанда – қатысымдық тұлға болып табылады» [1, 29].

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытудың жаңа технологиясы осы тілдің қатысымдық қызметін ескере отырып іске асырылады. Осы сөйлеу әрекеттері бір бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оларды меңгертуге байланысты тапсырмалар түрі де жүйелі түрде берілуді қажет етеді. Мәселен, тыңдалымдағы естіген нәрсені түсіну сөйлесіммен тікелей байланысты, бұл екеуі ауызша сөйлеудің өзара байланысты екі жағы. Адам тыңдалым арқылы ақпаратты қабылдап қана қоймайды, естіген нәрсеге жауап қайтару реакциясы соған дайындық тәрізді, ал сөйлесім есту арқылы іске асады. Сөйлеу ақпаратын қабылдау мен түсіну тыңдалымда есту арқылы, ал оқылымда көру арқылы жүзеге асады.

*Айтылым* студенттің өз ойын, алған ақпаратын жүйелеп, екінші адаммен ұғынысуға, қарым-қатынас жасауға үйрету. Бұл туралы әдіскер-ғалымның пайымдауында: «Сөйлеуге үйрету – айтылар ойдың түпкі мақсатын анықтап алумен тығыз байланысты, өйткені сөйлеу кезінде сөйлемдер қалай болса солай, бет алды айтыла берсе, ой жүйесіз, түсініксіз болады. Түсініксіз, жүйесіз айтылған сөз қарым-қатынас тудырмайды. Сондықтан екінші біреуге арнап айтылған ауызша сөйлеу оған түсінікті болу үшін, белгілі бір мақсатты қатысымдық мақсат деп есептей отырып, тілдік қарым-қатынастың сапалы орындалуына себін тигізетіндігін ескерген жөн», - деп атап көрсетілген [1, 41]. Айтылым әрекетін жүзеге асырудағы қолданылатын әдістердің барлығы ұжымдық, жұптық әрекет арқылы іске асады. Тіл үйренуші жұптық, ұжымдық әрекеттегі қатысымдық әдіс арқылы тілдік әрекеттің барлық түріне жаттығады. Айтылым әрекетінде қатысымдық ойындар, түрлі пікірталас, тақырыпқа сәйкес жағдаяттық тапсырмалар, проблемалық сұрақтар, топтағы полилогты, жұптағы диалогты ұйымдастыруға болады. Білімгерлер осы тапсырмаларды бірлесе талқылап, орындау кезінде бір-бірімен қатысымдық әрекетке түседі. Олар ақпарат алып қана қоймайды, практикалық сөйлеуге дағдыланады, өз ойын түсінікті жеткізуге, қарсы сөйлеушінің сұрағын, пікірін бірден түсініп, жылдам жауап беруге үйренеді, сондай-ақ білім алушы алғашқы күннен қазақша ойлауға, сөздікті пайдаланбай өз пікірін жеткізуге, басқа да көмекші құралдардың көмегісіз еркін сөйлеуге үйренеді. Ұжымда бірлесіп жұмыс істеуге қалыптасады, мұнда ақпарат беруші де, алушы да білім алады.

*Оқылым* білім алушының тілдік қатысым дағдысын жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Білім алушы оқылым арқылы жаңа сөздерді меңгереді, сөздердің дыбысталуына назар аударады. Сөз бен сөйлемнің мағынасын түсінуге, сөзді дұрыс қолдана білуге машықтанады. Оқылымның негізі – мәтін. Жоғарыдағы аталған әдістерден басқа рөлдік ойындар мен драмалау әдістерін қолдану да пайдалы. «Рөлдік ойындар нақты қатысым әрекеттерін дамытуға, мотивация туғызуға түрткі болуға, ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді. Ойын-драмалау оқушылардың бейнелі, мәнерлеп сөйлеуін дамытуға көмектеседі» [2, 16]. Демек, ойын түрлерін қолдану студенттің тілдік қатысым мен ептілігін дамытып қана қоймайды, олардың қиялын, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін де ұштайды. Рөлдік ойындар бір мезетте әрі ойын әрекетін, әрі оқу әрекетін, әрі сөйлесім әрекетін жүзеге асыра алатындығымен маңызды. Әдіскер-ғалымдардың пікірінше: «Применение игрового метода обучения способствует выполнению важных задач по обучению иноязычной лексики: 1) Создание психологической готовности



учащихся к речевому общению. 2) Обеспечение естественной необходимости многократного повторения ими лексического материала 3) Тренировку учащихся в выборе нужного речевого варианта, что является подготовкой к спонтанной речи» [3, 25]. Яғни, тілді оқыту барысында шығармашылықты талап ететін күрделі емес ситуацияларды ойнау, коммуникативтік қабілетін дамытатын ойынға арналған тапсырмаларды орындау студенттің бейімі мен қабілетін дамытуға көмектеседі. Ойын білімгердің тіл үйренуге деген қызығушылығын ғана арттырып қоймайды, олардың қабілетін, ой-өрісін, танымын, шығармашылық дербестігін, тілін дамытады. Сондай-ақ білім алушы ойын арқылы ұжыммен жұмыс істеуге үйренеді. Сол сияқты ойталқы, ойбөліс, іскерлік ойындар арқылы белгілі бір тақырып аясында мәселеге өз пікірін білдіруге, қарсы жақпен бейбіт түрде пікір таластыра білуге, дұрыс ойлана білуге дағдыланады. Сөйлесім әрекетінің оқылым бөлігінде мәтінді меңгергенін тексеру мақсатында тест тапсырмалары түрлерін де беруге болады. Бұл мәтінді оқу арқылы қабылдауға, түсінуге, оқу жылдамдығын дамытуға, таныс емес сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын әртүрлі белгілеріне қарай таба білуге, контекстік, логикалық түсінуге төселдіреді.

*Тыңдалым* – білім алушылардың есту арқылы қабылдаған ақпаратты түсініп, жинақтап, соған сәйкес сөзінің жауабын айта білуге үйрететін тілдік қатысымның күрделі түрі. Тыңдалымда білімгердің есту дағдысы ескеріледі. Оқылым мен тыңдалымды меңгеру лексика-грамматикалық түрлі жаттығулар арқылы жүзеге асады. Біздің тәжірибемізде бұл мынадай тапсырма түрлері арқылы жүзеге асырылады:

Оқылым мен тыңдалым алдында орындалатын тапсырмалар:

Мәтіндегі тірек сөздерді беру арқылы ассоциация туғызу, мәтіннің атауын талқылау арқылы, оқытушы жанама түрде мәтіннің не туралы болатынын айту. «Мәтіннің ықтимал атаулары» - білімгерлер жұпқа бөлініп, мәтіннің мазмұны не жайында екенін болжап, талқылайды. Әр жұп кезектесіп, өз сөйлемдерін дауыстап оқиды. Мәтін берілген соң, айтылған ықтимал сөйлемдер мәтіннің нақты атымен салыстырылады. «Ықтимал сөйлемдер» - оқытушы мәтіннен бірнеше кілт сөздер беріп, 20-30 секундта бірнеше сөз тіркестері, сөйлем құрастыруды тапсырады. Әрбір білімгер өзі құрастырған сөз тіркестері мен сөйлемдерін оқиды. Мәтін оқылған соң, қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес екендігі түсіндіріледі.

Оқылым мен тыңдалым кезінде орындалатын тапсырмалар:

Қажетті деген ақпаратты жазып алу, берілген тапсырмаларды оқып, тыңдап отырып орындау.

Оқылым мен тыңдалымнан кейін орындалатын тапсырмалар:

1. Толықтыру (тыңдалым):
  - а) сөздерді тыңдап бос орынға қажетті (төл) дыбыстарды қойыңыз.
  - ә) Бос орынды естіген сөзіңізбен толықтырыңыз.
  - б) Сөйлемді (фразаны) аяқтаңыз.
2. Сұрақтарға жауап беріңіз (оқылым, тыңдалым)
  - а) қойылған сұраққа жауап беріңіз.
  - ә) мәтіндегі бұйрық, өтінішті, орындаңыз.
  - б) мәтіннен сұраулы сөйлемдерді табыңыз.
3. Грамматикалық тұлғаны ажырату және қолдана алу (оқылым, тыңдалым)
  - а) әрекеттің өту кезеңін анықтау (осы, келер, өткен шақ)
  - ә) бұйыру, сұрау мәнді, шарт, себеп-салдар, қарсылық мәнді сөйлемдерді табу
  - б) мәтіндегі қарама-қарсы құрылымның берілуі
4. Мәтін бойынша тест тапсырмаларын орындау (оқылым, тыңдалым)
  - а) Мәтіндегі негізгі ойда анықтаңыз.
  - ә) Мәтінге сәйкес ақпаратты табыңыз.
  - б) Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

Қорытынды кезеңінде білімгерлер мәтіннен алған ақпараттары бойынша әңгімелеседі, пікірін айтады немесе жазбаша тапсырмалар орындайды.

*Жазылым* – тіл үйренудің лингвистикалық ерекшеліктерін игеруді қажет ететін, күрделі тілдік құбылыс. Жазылымды дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі етіп берілсе, студенттің ойын дәлелдей жеткізіп, сауатты жазуға төселдіреді. Білім алушылардың жазылым дағдыларын қалыптастыру мақсатында сипаттамалы және шығармашылық жаттығуларды орындатуға болады. Сипаттамалы жаттығу бұл сурет бойынша әңгіме құрастырып жазу. Студенттерге ұсынылған мәтін мазмұнына байланысты суреттер беріліп, оларға топта ақылдаса отырып, сурет мазмұны бойынша сипаттама, хабарлама дайындау тапсырылады. Мұндай жаттығуларды орындау әрі қызықты, әрі студенттер ақылдасу барысында бір-бірімен коммуникативтік қарым-қатынас жасайды, яғни, олардың өзара интерактивті тілдесімі жүзеге асырылады. Студенттің сөйлесім әрекеті бойынша коммуникативтік біліктерін дамытуда шығармашылық жаттығулардың рөлі ерекше. Өзге тілде шығарма, әңгіме, эссе құрастыру – жаттығу жұмыстарының ішіндегі қиыны. Сондықтан мұндай жаттығулардың түрлері жазбаша түрде орындалады және студенттерде кездесетін тілдік қиындықтарды болдырмау мақсатында оларға шығарма жұмысын жазу үшін тақырып, қажетті тірек немесе кілт сөздер мен бағыттаушы сұрақтар ұсынылады.

Жазылымда студенттің тілді білу деңгейіне сәйкес мынандай тапсырма түрлерін беруге болады: жазылымды дамытуға арналған жұмыс түрлеріне берілген тақырыпқа шығарма жазу, хат жазу, оқыған материалынан қысқаша резюме жазу, эссе жазу сияқтылары кіреді. Қазіргі уақытта күнделікті сабақта аудио, бейне құрылымдарды пайдалану айтарлықтай нәтижелер беріп келеді. Эссе бір тақырыпқа байланысты өз ойын пайымдап жазу болса, түрлі аудио, бейне таспалар арқылы бейнефильмдер үзіндісіне пікірін жазғызу, диктордың оқыған мәтінінен негізгі ойды тауып жазу сияқты тапсырмалар арқылы жазылым дағдысын дамытуға болады. Эсседе оқушы белгілі тақырып немесе проблемалық сұрақ төңірегінде ойлануға, өз пікірін, қорытындысын сауатты жазып шығуға дағдыланады.

Оқу түрінің осындай мақсатта ұйымдастырылуы белгілі әлеуметтік-психологиялық заңдылықтарға сәйкес әлеуметтік орта арқылы жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етеді. Сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы білім алушыны, біріншіден қазақ тілінен игерген білімдері мен біліктерін тәжірибеде қолдана алуға, екіншіден, өзіндік пікірі, көзқарасы бар жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, үшіншіден, тілдік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, сөйлеу нормаларын сақтауға дағдыландыруға болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразбаева Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: РБК, 2000. - 256 б.
- 2 Беляева М.В. Текст как цель и средство обучения иностранному языку // ИЯШ. - 2009. - №7.
- 3 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам: Пособие для учителя. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.:АРКТИ, 2003. -192 с.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются методы интерактивного обучения казахскому языку в иноязычной аудитории через виды речевой деятельности. Авторы тщательно анализируют обучение языку через задания для говорения, чтения, слушания, письма и эффективность видов упражнений.

### RESUME

The article reviews methods of interactive training of the non-speakers in the Kazakh language through the types of speech activity. The authors carefully analyze training in language through the tasks for speaking, reading, listening, writing and efficiency of different exercises.



### Аннотация

Мақалада сөздің лексикалық мағынасының синтагматикалық және парадигматикалық жүйелердегі алатын орны, өзара байланысы туралы баяндалады. Сөз және лексеманың өзіндік ерекшеліктері сөз етіліп, лексикалық мағына мен ұғымның сөзде көрініс табуы пайымдалады.

*Түйін сөздер:* сөз, ұғым, лексикалық мағына, лексема, жүйе.

### А.Т. Сандыбаева

Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
PhD докторанты

## Тілдік жүйедегі сөздің лексикалық мағынасы

Тіл біліміндегі кез келген зерттеу саласының негізгі объектісі – сөз. Сөздің лексикалық мағынасы семантика саласында кең түрде қарастырылады. Осы орайда, сөз және мағына деген екі ұғымның мәнін ашып көрелік. «Сөз – дыбыстық құрылымның жиынтығы, сол арқылы жарыққа шығады» [1, 64] деген аксиома баршамызға мәлім. Тілдегі кез келген сөздің мағынасы бола бермейтіні белгілі, сол себепті мағына болу үшін сол сөз формасында келген ұғым болу керек. «Ұғым – логикалық категория, ойлау процесінің нәтижесі, ал сөз – тілдік категория. Логикалық ұғымның тіл жүйесіне қатысы сөз арқылы іске асады. Ұғым дегеніміз – шындық өмірдегі зат, құбылыс, іс-әрекетке тән басты белгілердің адам санасында жинақталып берілген бейнесі» [1, 66]. Яғни ұғымдарды беру үшін дыбыстық форма керек, ал бұл форма сөз күйінде жүзеге асады да, тілдік бірлік болып табылады. «Сөздің ішкі семантикалық байланысы оның мағынасы мен ұғымның арақатынасынан көрінеді. Сөз мағынасы зат, құбылыс, әрекет жайында түсінік, ұғым пайда болғаннан кейін қалыптасады. Ұғым бар жерде мағына бар» [1, 69]. М.Оразовтың пайымдауынша да ұғым мен мағына арасындағы тығыз байланыс болу керек: «Бір нәрсе анық – сөздердің лексикалық мағынасында адам санасындағы сол зат не құбылыс туралы негізгі түсінік еніп, сол затты басқа зат не құбылыстардан ажыратып, тани алатындай мүмкіндігі болады» [2, 29]. В.В. Виноградовтың анықтамасы бойынша сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз – «тілдің грамматикалық заңдарына сай тұлғаланған, оның сөздігіне тән жалпы семантикалық жүйесінің элементі болып табылатын сөздің заттық-материалдық мазмұны». Сөз – сыртқы форма, таңба, ал мағына – сөздің ішкі мазмұны. Тіл элементтері қатынас құралы болуы үшін белгілі бір ақпаратпен, мағынамен байланысты болуы керек, мағынамен байланыспаған таңба қатынас құралының элементі

бола алмайды. «Дыбысталу мен сөз бір емес, екі айырым ұғым. Дыбысталу – сөздің басты элементі» [3, 15].

«Лексикалық мағына – сөздерді бір-бірінен ажыратып танудағы ең негізгі мағына, ол арқылы сөз жеке даралық қасиетіне ие болады. Лексикалық мағына зат, құбылыс, әрекет жайында бір тілде сөйлейтін қауым таныған, жалпыға түсінікті әр сөздің меншікті мағынасы болып табылады. Ол – сөздің басқа мағыналарының тууына негіз болады, сондықтан сөз мағыналарын саралағанда ең алдымен оның лексикалық мағынасына көңіл аударылады» [1, 70]. Лексикалық мағына ғалымдардың айтуына сүйенетін болсақ негізгі, платформалы мағына болуы керек. Осы орайда кез келген сөздің лексикалық мағынасы болмайтынын ескерсек (мысалы, шылау сөздер, көмекші есімдер не етістіктер, одағай сөздер т.т.), сонда лексикалық мағынасы бар сөзді атау үшін лексема терминін қолданамыз. Сөздің лексикалық мағынасы дегенде, әңгіме лексема жөнінде және сол лексеманың берілу типі жөнінде болмақ.

Кез келген сөздің бәрі лексикологиялық зерттеудің объектісі бола бермейді. Тілдегі мағыналы бірлік ең алдымен жеке сөз ретінде белгілі болады. Сондықтан да болар лексикологияда сөз лексемамен тең және тең емес дәрежеде қарастырылады. Сөз көмекші сөз, сөзформа мағынасында да қолданылады, ал лексема тек лексикалық мағынасы бар сөздерді ғана қамтиды. Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева жалпылық және нақтылық мәселесін былай ажыратады: «... ұғым екеу: жалпы ұғым және жеке (нақты) ұғым. Бір сөзде осы екі ұғымның екеуі де болуы мүмкін. Мәселен, *терек* десек бірде дүние жүзіндегі терек атаулының бәрін ұғамыз (терек – ағаштың бір түрі), бірде өзіміз қасында тұрған, қолымызбен сипап немесе құшақтап тұрған теректі ғана ұғамыз (мына терек жуан екен). Алдыңғысы – жалпы ұғым, соңғысы – жеке, нақтылы ұғым. *Өзен* деген сөздің берер ұғымы да дәл осындай. Ол бірде – жалпы өзен атаулыны, бірде нақтылы бір өзенді (айталық, Іле өзенінің) өзін ғана білдіреді. Сөздердің бұл жалпылық және жекелік қасиеттері олардың ең басты қасиеттері болып табылады [4; 5, 7].

Сөздің лексикалық мағынасы туралы ғалымдардың көзқарасының бір орында тұрмайтынын көруге болады, жоғарыда берілген анықтамалар лексикологияның құрылымдық грамматикада көрініс тапқан кезі. Қазіргі кезде когнитивті, функционалды грамматиканың кең өріс алып, тіл білімі ғылым саласының зерттеу әдіс-тәсілдеріне енуіне орай, лексемаларға басқаша көзқарас пайда болғанын көреміз.

Лексема – ақпарат көзі.

Лексема туралы сөз еткенде оның тілдік жүйедегі орналасуын анықтап алуымыз керек. Тілдік жүйені синтагмалық және парадигмалық қатынастар кеңістігінде қарастырамыз. Тілдегі синтагмалық және парадигмалық қатынастар жөнінде мамандар пікірі бірізге түскен деп айту қиын. Кейбір мамандар бұл қатынастарды тіптен оңай шешуге тырысады: «По типу отношений, в основе которых они лежат, компоненты значения могут быть синтагматическими и парадигматическими. Так, семы субъектности и локальности в значении глагольной словоформы находится (например, в предложении Он находится здесь), обуславливающие соответствующую ее семантическую сочетаемость, являются синтагматическими, а остальные семы (лексическая сема «быть» и грамматические семы лица, времени, наклонения) – парадигматическими. Первые обуславливают взаимосвязь семем в составе синтагме, а вторые – их взаимосвязь в составе лексических и грамматических парадигм» [5, 23.].

Синтагмалық және парадигмалық байланыс бір-бірімен тығыз байланысты категориялар. «Парадигмалық мағыналық элемент бір деңгейдегі лексика-семантикалық не тематикалық топтағы сөздердің арасында болады да, сол сөздерді салыстыру негізінде анықталады. Синтагмалық мағыналық элемент сөздердің сөйлеу не жазу кезінде бірінен кейін екіншісінің келіп байланысуы негізінде анықталады» [2, 151]. Лексикалық мағынамен байланысты парадигма семантикалық парадигма деп аталынады. Семантикалық парадигма дегенде біз белгілі бір топтағы сөздердің өзара мағыналық



жақындығымен, сыбайластығымен байланысты топтастырылып, араларындағы семантикалық байланысты белгілеуді айтамыз. Семантикалық парадигмаға енетін сөздер осьтің тік сызығы бойына орналасады [2, 134-135]. «Сөздердің контексте, текст құрамында келіп қолданылуын, олардың тілдік система мүшелері арасындағы қатынасын анықтау синтагмалық байланыс негізінде анықталынса, сөздердің контексте, текстте қолданылып, мағынасында болатын өзгерістерді анықтау синтагмалық мағынамен байланысты болады. Сөз мағынасы құрамындағы синтагмалық элементтер тіркеске, контексте түскенде ғана пайда болмайды, керісінше, контексте анықталады» [2, 152]. Синтагмалық мағына сөздердің көп мағыналылығы, ауыспалы мағынада қолданылуы, метафора, метонимия сияқты семантикалық категориялармен байланысты байқалады, синтагмалық қатынас сөз аралығындағы байланыстармен, сөздердің валенттілік қасиеттерімен қатысты болады. Синтагмалық мағына семантикалық категория ретінде сөздердің мағынасындағы экстралингвистикалық элементтер мен оның сөз мағынасындағы көріністерінің сәйкес келуінен туады. Сондықтан да адам санасындағы сақталынған тіл элементтері ретінде сөздің мағынасы мен сол сөздің белгілі бір контексте қолданылған мағынасы тең түсе бермейді.

Жоғарыда айтылғанды түйіндейтін болсақ, лексемалардың парадигмалық мағынасы олардың дара күйіндегі негізгі лексикалық мағынасы, ал синтагмалық мағынасы олардың контексте, тіркесте, сөйлем бойында көрінетін қатыстық мағынасы.

Парадигмалық және синтагмалық байланыс жүйелерінің ескеру арқылы ғана лексеманың ақпарат көзі екендігіне көз жеткіземіз, яғни лексеманы контекске бағындырмай, басқа сөздермен тіркестірмей, байланыстырмай қарағанда, және керісінше бағытта қарағанда көреміз. Біз айтып отырған көрініс лексикалық мағынаның қандай құрылымында беріледі деген мәселе жоғарыда айтылған парадигмалық және синтагмалық байланыстардың негізінде сөз етіледі.

Ғалым И.М.Кобозеваның пікірі бойынша, сөз мағынасын синтаксистік – таңба мен таңба байланысы; семантикалық – таңбаның оның десигнатына байланысы; прагматикалық – таңбаның интерпретаторына байланысы [6, 32]. Ғалым сөзді семиотикалық белгі ретінде қарастырады да, кез келген семиотикалық таңбаға тән сөздің де өзіндік ақпараты барын айтады. Тілдің атқаратын басты қызметін, коммуникативтілікті, ақпарат алмасу деп түсіндіреді. «В акте языковой коммуникации некая идеальная сущность – информация – переходит от одного человека к другому не непосредственно, а опосредованно, с помощью материальных сущностей – языковых выражений, представляющих собой определенным образом организованные последовательности звуков или начертаний», - дейді ғалым [6, 32]. Осы орайда Ф. де Соссюрден бастау алып келіп жатқан таңбаның екі жақтылығы сөз етіледі, яғни таңбаның материалды жағы – таңбалайтын және идеалды жағы – таңбаланатын. Л. Ельмслев терминологиясы бойынша берілу жағы мен мазмұндық жағы. Таңбаның бұл екі қасиетінің арасында тұрақты байланыс бар, бұл байланыс болмаған жағдайда, адамдар бір-бірін түсінбейтін еді, яғни таңбалайтын белгі таңбаланатын заттың мазмұнымен сәйкестікте тұрақты болмаса, коммуникативті акті жүзеге аспай, ақпарат дұрыс ұғынылмайтын еді.

Айтылған пікірлерге сүйенетін болсақ, сөз бен оның білдіретін ұғымы арасындағы байланыс тұрақты, ал лексема бойынан көрінетін мағыналық байланыс құбылмалы болып келеді.

Сөз мағынасы – логика, философия, психология, лингвистика тәрізді ғылым салаларында қарастырылатын күрделі, қиын мәселелердің бірі. Лексикалық мағынаға дәл ғылыми анықтама беру қиыншылық тудырды. Анықтамаларда «нақты, реалды мағына», «негізгі мағына», «заттық мағына», «материалдық мағына» тәрізді терминдер қолданылып келеді. Көмекші сөздердегі грамматикалық мағына да, басқа қолайлы терминнің болмауына байланысты лексикалық мағынаның құрамында қарастырылады. XX ғасырдағы дәстүрлі тіл білімінде сөздің мағынасы алғаш жалпы лексикологиялық

тұрғыдан қарастырылды. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары болатындығы айқындалды. Лексикалық мағына әуелгі кезде лексикологияның қалыптасқан «семантика» құрамында зерттеле бастады. Кезінде орыс тіл біліміндегі дәстүрлі лексикологияда (В.В.Виноградов, т.б.) сөздің лексикалық мағынасы *атауыш мағына, фразеологиялық байлаулы мағына, синтаксистік шартты мағына* түрлеріне бөлініп, қарастырылып келгендігі белгілі.

Лексикалық мағынаның құрылымында бірізділік жоқ. Нақтырақ айтатын болсақ, сол құрылымды жіктеуде және сол жіктелімді атауда бірізділік жоқ. Мысалы, М.Оразов «Қазақ тілінің семантикасы» деген еңбегінде лексикалық мағынаның басты үш түрін атап көрсетеді: денотаттық, сигнификаттық және эмоциялық мағына [2]. Ғалым сөз мағынасының құрылымын анықтаудың бірнеше жолын көрсете келе, «Біздіңше, сөз мағынасының құрылымдық элементтері туралы сөз болғанда, негізінен, төрт мағына элементтеріне тоқталған жөн. Олар: денотаттық мағына бөлшегі, сигнификаттық мағына бөлшегі, эмоциялық мағына бөлшегі және тілдің ішкі құрылымымен байланысып қана қоймастан, адамдардың түрлі қызметімен, көп қырлы тұрмыс жағдайларымен, ынтасымен адамзаттың барлық өмірін қамтуы керек. Сондықтан да сөз мағынасында, кей ғалымдар көрсеткеніндей, сөйлеушінің жасына, өмір тәжірибесіне, тіпті ұлттық ерекшеліктеріне байланысты мағыналық элементтердің болуы мүмкін. Біздіңше, бұлар сөз мағынасында шешуші қызмет атқармайды, атқарса да эмоциялық мағына аясында қалып қояды. Сөздің метафоралы, метонимиялы және синонимдік, антонимдік қасиеттері де мағынамен тікелей байланысты. Бірақ бұлардың табиғатын анықтау басқа жоспардағы зерттеу жұмысына қалар еді» [2, 71] – деп, сөздің семантикалық мағынасын анықтауда денотат, сигнификат, коннотаттық мағыналарды айыра білудің рөлі ерекше екендігін айтады. Қ.Сарекенованың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» оқулығында денотаттық, сигнификаттық, эмоциялық, коннотаттық мағына түрлері берілген [7]. Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаевтың еңбегінде атауыш мағына, түпкі мағына, еркін мағына, бейтарап мағына түрлері берілген [1].

И.М. Кобозева еңбегінде ақпараттың лексика-семантикалық компоненттері тараушасында: сигнификативті, денотатты және прагматикалық компоненттер қарастырылады. Соңғы компонентке лексеманың коннотаттық мағынасын талдайды. Сонымен қатар лексикалық синтагматикада лексикалық тіркесімділік, валенттілік секілді құбылыстарды қарастырады.

Біз де сөздің лексикалық мағынасының құрылымы дегенде оның денотаттық, сигнификаттық, коннотаттық және құрылымдық компоненттерін жатқызамыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2006. – 264 б.
- 2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1991. - 216 б.
- 3 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1975. - 304 б.
- 4 Қалиев Б., Жылқыбаева А. Сөз мағыналарының негіздері. - Алматы, 2002.-109 б.
- 5 Кодухов В.И. Введение в языкознание. - Москва, 1987. - 291 б.
- 6 Кобозева И.М. Лингвистическая семантика. – Москва: «КомКнига», 2007. - 352 б.
- 7 Сарекенова Қ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. Оқулық. - Астана, 2010. - 152 б.



## РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль лексического значения слова в синтагматической и парадигматической системах языка, говорится о взаимосвязи этих систем. Выделяются особенности слова и лексемы, формируется точка зрения проявления значения и понятия в слове.

## RESUME

In the article the author considers the role of the lexical meaning of the word in syntagmatic and paradigmatic systems of the language and the interrelations of these systems. The peculiarities of the word and the lexeme are underlined, the point of view of appearing of a new meaning and notion in the word is being formed.



**А.М. Мұратбекова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, пед. ғыл. канд., доцент

**Г.Т. Омарова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, магистр

**Г.Ә. Кукенова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, филол. ғыл. канд., аға оқытушы

**Эссе – өзіндік ой-толғанысқа негізделген жазылым әрекетінің түрі****Аннотация**

Мақалада жазылым әрекетінің бір түрі эссе жұмысын орындау туралы айтылады. Эссе тақырыптарының шектеусіздігі, автордың өз тәжірибесіне негізделген жеке позициясының еркін мазмұндалуы, жазбаша тілдік қатынаста ойлау, пайымдау, түсіну, пікір білдіру үрдістерінің іске асырылатыны баяндалады.

*Түйін сөздер:* жазылым әрекеті, тілдік қатынас, ой-толғаныс, еркін композиция, шығармашылық жұмыс, мәселе өзектілігі, қатысымдық тұлғалар.

Тілді қатысымдық деңгейде тіл үйренушілерге меңгертуде жиі қолданылатын жазылым әрекетінің бірі - эссе. Тілдік қатынасқа байланысты іске асатын сөйлесім әрекетінің бес түрін қарастырған ғалым Ф.Ш. Оразбаева: «Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктеріне қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет» [1, 100] – деген болатын. Тілдік қатынас тұрғысынан жүзеге асатын жазылым әрекеті – адамдардың өз көзқарасын, басқа біреуге айтайын деген ойын, пікірін түсінікті етіп қағазға түсіріп жеткізуі және оған жауап алуы. Осыған байланысты «Жазбаша сөйлесім дегеніміз – оқушының айтар ойын тілдік-қатысымдық тұлғаларды қолданып, басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп, жеткізуі. Мәселен, тілді үйренуге қатысты жазбалардың қатарына хат, эссе, пікір жазу, түсініктеме, қатынас қағаз, реферат т.б. жазу жатады. Мұнда сөздер мен сөз тіркесі, сөйлемдер бір-бірімен байланысты болады. Ойдың жүйесі үзілмей, келесі сөйлемдерге жалғасып, толығып отырады. Сол себепті жазба материалдар тұтас бүтіндігімен көзге түсіп, басқа адамдарға түсінікті болады» [1, 104].

Эссе француз тілінен «essai», ағылшын тілінен «essay», «assay» – талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – салыстыру, өлшеу деген мағынаны білдіреді. Эссе жанрын ашқан М. Монтень болып табылады («Тәжірибелер», 1580 ж.). Ол шағын көлемдегі проза түріндегі еркін композиция. Эссе – бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын шығарма, білімін, өз ойын, дүние танымдық көзқарасымен еркін ұштастыра

отырып баяндайтын шығармашылық еңбек. Өзіндік ой- пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі. Бұл жөнінде терминдер сөздігінде: «Эссе – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры» делінсе [2, 378], Қазақ тілінің «Түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Эссе бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын көлемді әдеби шығарма» [3, 475].

Эссе нақты тақырып бойынша автордың жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді. «Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист интеллектуалдық байлығын, аңғарымпаздығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады» [3, 475].


Эссе жазып үйретудің мақсаты – тіл үйренушілерге өздігінен тұжырым жасауды, жеке көзқарасын білдіруді үйрету және өз ойын нақты және сауатты тұжырымдауда шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Эссе жазуда автор талдаудың негізгі категорияларын қолдана отырып, себеп-салдарлық байланыстарды айқындау арқылы дәлелді мысал келтіруге, ақпаратты ішкі логикалық байланыста қорытындылап дәлелдеуге үйренеді. Эссе мазмұны адамды ой-толғауға әкеліп, белгілі бір мәселе төңірегіндегі сұрақтарды шешуге, оны талқылауға, авторлық позицияны ұстануға бағытталады. Эсседе бірінші мезетте студенттің өзіндік «Мені» көрініп тұруы керек. Эссе студенттерді өз ойларын нақышымен құрастырып, оларды нақтылап, дәлелді түрде жеткізумен қатар ақпаратты жүйелеуге, оған талдау жасауға үйретеді.

Эссенің басты ерекшелігі автор өз ойын өз еркімен кез келген тақырыпта жаза алады. Эссе – бұл қандай болмасын мәселе бойынша ойланып-толғандыратын өз сөзімен және стилімен жазылатын өздік жұмыс. Сол себептен эсседе басқа авторлармен (олардың пікірлерімен) пікірталас болуы мүмкін. Яғни студент тілдік қатынасқа түсе отырып, ойлау, пайымдау, жазбаша сөйлеу, түсіну пікір білдіру үрдістерін іске асырады.

Эссе келесі мағыналық құрылымдық бірліктен тұрады:

Дәлелдеудің құрылымына енетін бөліктер: *тезис, дәлелдер (аргументтер), қорытынды*.



1- сурет – Эссе мәтінінің құрылымы

*Тезис* – дәлелденуге тиісті жағдай, яғни белгілі бір мәселеге қатысты эссе авторының ойы қысқаша тезис түрінде беріледі. Тақырыпты таңдау себебі мен мәнінен, логикалық және стилистикалық байланысқан бірқатар компоненттерден құрылады. Бұл кезеңде жауап іздеген сұрақты дұрыс құрастыру, ал әрі қарай жауапты растайтын дәлелдердің реттілігі қажет. Кіріспе бойынша жұмыс жасағанда мына сұрақтарға жауап көмектесуі мүмкін: «*Эссе тақырыбында айтылған пікірге түсінік беру керек пе?*», «*Мен ашатын тақырып қазіргі кезде маңызды ма?*», «*Тақырыпқа қатысты айтылатын ой-пікір өзектілігімен құнды ма?*».

*Дәлелдер (аргументтер)* – тезистің шындыққа қатысын дәлелдеу үшін қолданылатын категория, айтылған ой дәлелдермен бекітіліп отыруы қажет, сол үшін тезистен соң дәлелдер беріледі. Дәлелдер (аргументтер) – бұл қоғамдық өмір фактілері, құбылыстары, оқиғалар, өмірлік жағдаяттар мен тәжірибиелер, ғылыми дәлелдемелер, ғалымдар пікірлеріне жасалған сілтемелер және т.б. «Әрбір тезиске қатысты екі дәлел жазған жөн: бір дәлел сенімсіздеу шығуы мүмкін, ал үш дәлел қысқалық пен бейнелілікке бағытталған жанр түрінде орындалған шығарма үшін тым көптік танытуы ықтимал» [2, 16].

Сондықтан талдаудың негізінде дәлелдемелердің жүйеленуі (логикалық мәліметтерді қолдану) жүзеге асады, яғни ұсынылған дәлелдемелерді, талдауды негіздеу қажет. Берілген тақырыптағы аргументтер мен талдауларды, ұстанымдарды нақты көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады. Қажет болған жерде талдаудың құралы ретінде кесте, сызба, диаграмма, сонымен қатар өзіндік тәжірибені де пайдалануға болады.

*Қорытынды* – фактілерді талдауға негізделген ой-түйін, тақырып бойынша дәлелді қорытынды жасау, ойды жинақтау. Қорытындыны құрастыру үшін ұсынылатын әдістер: қайталау, суреттеу, цитата, әсерлі дәлелдеу. Қорытындыда «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» сұрағына толық жауап болу қажет.

Эссе жазу барысында студенттерге төмендегідей жазылым тапсырмаларын ұсынуға болады:

1-тапсырма. *Төменде берілген тақырып бойынша ойыңызды жүйелеп, эссе жазуға дайындалыңыз. Тақырыбы: Менің досым*

2-тапсырма. *Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз (жоспарды дәйексөз, сұраулы сөйлемдерден құруға болады). Үлгі:*

1. Кіріспе: Достық – адалдыққа, сенімге, ортақ мүдде мен ортақ көзқарасқа негізделетін ұлы түсінік (*тақырып бойынша мәселе өзектілігін жазыңыз*).

2. Негізгі бөлім (*тақырып мазмұнына сай негізгі ақпарат беріп, өз ойыңызды дәлелдеңіз*):

а) Достық – еш нәрсемен бағаланбайтын адами құндылық.

ә) Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын.

б) Менің досым.

3. Қорытынды: Шынайы достық (*тақырып бойынша ой түйін жасаңыз*).

3-тапсырма. *Жоспарға сәйкес эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану қажет. Эссе көлемі 30-35 сөйлемнен кем болмауы тиіс.*

*Қыстырма конструкциялар:* біріншіден, екіншіден, меніңше, менің пікірімше, менің ойымша, т.с.с.

*Шылаулар:* үшін, және, себебі, өйткені, сондықтан, т.с.с.

*Тірек сөздер мен сөз тіркестері:* өзара жауапкершілік, қамқорлық, рухани жақындық белгісі, нағыз достық, қайғы мен қиыншылықты бірге көтеру, сырласамыз, ой бөлісеміз, т.б.

«*Уақыт – оралмас қазына*» тақырыбы бойынша эссе жазу тапсырмалары.



1-тапсырма. Төменде берілген тақырып бойынша ойыңызды жүйелеп, эссе жазуға дайындалыңыз.

2-тапсырма. Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз (жоспарды дәйексөз, сұраулы сөйлемдерден құруға болады). Үлгі:

1. Уақыттан қымбат нәрсе жоқ.
2. Уақытты кері қайтара алмайсың.
3. Уақытты ұтымды пайдалану.

3-тапсырма. Жоспарға сәйкес эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану қажет. Эссе көлемі 30-35 сөйлемнен кем болмауы тиіс.

*Қыстырма конструкциялар:* біріншіден, екіншіден, меніңше, атап айтсақ, т.с.с.

*Шылаулар:* алайда, егер, әйтпегенде, үшін, және, себебі, өйткені, сондықтан, т.с.с.

*Тірек сөздер мен сөз тіркестері:* уақыты бітті, уақыты таусылды, сызығы жетті, тоқтамайды, өте береді, күйбең тірлік, санын соғып қалу, кері қайтара алмау, өкінгенмен не пайда, «темірді қызуында соқ», дұрыс пайдалану, үнемдеу, әдетке айналдыру.

1-тапсырма Төменде берілген тақырып бойынша ойыңызды жүйелеп, эссе жазуға дайындалыңыз. Тақырыбы: Көп жасаудың сыры неде?

2-тапсырма

Тақырыптың мазмұнын ашатын жоспар құрыңыз (жоспарды дәйексөз, сұраулы сөйлемдерден құруға болады).

1. Адам өмірі
2. Ұзақ өмір сүрудің негізгі шарттары
3. «Өзгені жеңген адам күшті, өзін-өзі жеңген адам құдіретті»

3-тапсырма. Жоспарға сәйкес эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану қажет. Эссе көлемі 30-35 сөйлемнен кем болмауы тиіс.

*Қыстырма конструкциялар:* олай дейтініміз, қорыта келгенде, сөз жоқ, т.с.с.

*Шылаулар:* себебі, өйткені, үшін, және, әйтпегенде, ғана, тек, сондықтан, т.с.с.

*Тірек сөздер мен сөз тіркестері:* бақытты, ұзақ өмір, мүмкіндігі бар, іс-әрекет, өмір сүру салты, ерік-жігері, жолдары, әдіс-тәсілдері, дұрыс тамақтану, қозғалыс, дұрыс режим, ерекше назар аудару, тамаша нәтиже, дұрыс ұйқы, салауатты өмір салты, зиянды әдет, аулақ болу, сабырлық, қанағатшылық, тепе-теңдік ұстау, қуаты арту, тиімді пайдалану.

Жазылым тапсырмалары тіл меңгеру деңгейлеріне сәйкес сөз құдіретін танытатын мақалдар мен даналық сөздерді талдатуға, халқымыздың жақсы дәстүрлерін сақтап келген шешендік сөз үлгілерін әрі қарай дамытып, оны тіл үйренушілердің сөйлеу дағдысына сіңіру бағытында мақал-мәтелі бар мәтінді қолдануға болады. Эссеге тіл үйренуші мәселенің шешімін ұсына алатын, өз көзқарасын білдіре алатын тақырып ұсыну қажет. Ұлттық құндылықты көрсететін қазіргі лингвомәдени ақпараты бар мәтін болуы тиіс.

Жалпы қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау бойынша жазылым жұмыстарын орындауда, соның ішінде эссе жазуда келесі қағидалар ескеріледі:

- жазылым тапсырмаларының мазмұны қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері бойынша талаптарға сәйкес болуы;
- жазылымның білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарының болуы;
- сөйлесім әрекеті түрлері (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) оқытудың тұтастық ұстанымы үрдісіне негізделуі;
- жазылым бөлігінің тапсырмалар спецификациясына сәйкес деңгейлік қиындығы жеңілден күрделіге қарай өсіп отыруы;
- жазылым әрекеті арқылы іске асатын жұмыстар тіл үйренушінің адамгершілік қасиетін, эстетикалық талғамын тәрбиелеуде маңызды болуы;

- орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық тұрғыдан сауатты жазуды талап етуі.

Сонымен, жазылым әрекеті арқылы орындалатын тапсырмалар тіл үйренушілердің жазбаша сөйлеуіне, мамандықтары төңірегінде бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, пікір алысуында коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді. Студенттердің тілін жазылым әрекеті негізінде дамытуда шығармашылық жұмыстар олардың ойлау қабілеттерін арттырады, меңгерген сөздерін қолдана білуге үйретеді; белгілі бір грамматикалық тұлғаны екінші бір тұлғалармен ауыстыруға мүмкіндік береді; студенттер қоршаған ортаға және көргендеріне байланысты өздерінің алған әсерін, көзқарасын жазуға үйренеді. Ой-толғанысқа негізделген эссе жазып үйренуде студенттер сөз жүйесін түсіну арқылы оның айтылу, жазылу ерекшеліктерін есте сақтауға, әр сөзді орынды қолдану арқылы ойды дұрыс және толық жеткізуге, сөздің мағынасын білуге дағдыланады. Сол себепті тілдік қатынаста сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен байланысу және оларды қолдана білу амалдарын үйреніп отыру – маңызды.

Сондықтан оқытушы өзінің ұстаздық шеберлігімен студенттердің білім деңгейіне байланысты әр түрлі мазмұнда жазылған мәтіндерді, мамандыққа байланысты оқиғалар, еңбекке, достық қарым-қатынас, парыз, намыс, ізгілік моральдік адами қасиеттер, т.б. алуан түрлі мәселелер төңірегінде тартымды, жүйелі, сапалы жұмыс түрлерін жазбаша жүргізуіне болады.

Қорыта келе, студенттердің өздік жұмысының мазмұнына, мамандықтарына сәйкес күнделікті өмірден алынған саяси-қоғамдық мәні бар заманауи ақпараттарды енгізе отырып, эссе жазу барысына студенттердің алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуге басшылық ету, дұрыс бағыт беру, тиісті ескертпелер мен түзетулер негізінде талдау жасап отыру оқытушының алдында тұрған міндет деп айтуға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 272 б.
- 2 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10-том. – 512 б.
- 3 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (құрастырушылар З.Ахметов, Т.Шаңбаев). - Алматы: «Ана тілі», 1987 – 384 б.
- 4 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені жоғары оқу орындарында қолдану мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013. – 448 б.

## РЕЗИЮМЕ

При изучении казахского языка большую роль играют письменные работы, поэтому целесообразно обращать внимание на разные виды письменной речи. В статье представлен жанр эссе как один из популярных видов письменной речевой деятельности, основанной на рассуждении-размышлении. Подробно изложены его особенности, структурно-смысловые части и предложена современная тематика эссе для изучающих казахский язык.

## RESUME

Written works play an important role in the study of the Kazakh language, that's why it's advisable to pay attention to different types of written speech. The article presents an essay genre as one of the popular types of the written speech activity, that is based on thinking and reasoning. The features, the contemporary subject essay are suggested for the people learning the Kazakh language.



### **Ж.М. Төлеужанова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, аға оқытушы

### **А.А. Ақажанова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, оқытушы

### **Ә.Р. Жүсіпова**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, оқытушы

## **Диалог және аралас формадағы қайшы тілдік тұлға**

### **Аннотация**

Мақала қазіргі тіл білімі, қазақ, кең мағынада түркі тіліндегі қайшы тілдік тұлғаның диалог және аралас формадағы қолданысы туралы жазылған. Диалог ерекшелігін сипаттайтын құралдар туралы сөз қозғалған. Қайшылық диалогта да, монолог та белгілі контекст төңірегінде талданады. Қайшылықты тудыруда ойын түрінде қолданылған маркерлер де айрықша қызмет атқарады. Мақалада қайшы жұптар әлемнің тілдік бейнесінде дұрыс қабылдануы үшін қажет құбылыс ретінде қарастырылған. Автор монолог пен диалогтағы топ бөлінуі арасындағы айырмашылықтың тілдік таным ерекшелігін сипаттауына да тоқталған.

*Түйін сөздер:* қайшы тілдік тұлға, монолог, диалог, дискурс, екіұштылық, жармақталу.

Қайшы тілдік тұлғаны тек монологте ғана емес, сонымен бірге диалог және аралас форма арқылы салыстыра отырып ашу өзекті болмақ. Диалог мәтінмен тығыз байланысты. Н.Арутюнова, Г.Гаврилова, Н.Комина, А.Агапова сияқты ғалым еңбегінде диалог түрлі құрылымдық семантикалық қырынан сипатталған [1, 53]. Макро- және микроконтексті бар диалогтік контекст те қайшылықты ашуда кеңінен қолданылады. Түрлі бірліктің диалогтік бірлігі коммуникацияға түскен қайшы тілдік тұлға, сондай-ақ қатысушы сөйлеміндегі нысан ретінде жұмсалған тұлғаға бар жағдай жасайды. Салыстырмалы категориялық мазмұн табиғаты осы шартты қолдайды [2]. Қайшы тілдік тұлға шамамен симметриялы: 1-ілікпе сөздегі 1ТТ; 2-ілікпе сөздегі қайшы 2ТТ, ілікпе сөз барысында салыстырмалы қатынас сәйкес келеді. Тілдік тұлға біреуі ілікпе сөзбен емес, автор сөзімен берілуі мүмкін, алайда бұл жерде диалогтық ерекшеліктің қандай да бір маңыздылығы сақталады (R шартты белгісімен ілікпе сөзді беріп отырмыз). Материал тобын сараптамас бұрын үш ерекшелікті атап өту керек. Екеуі салыстырудың қайшылыққа «бейімділігін» асыра сілтеп жібермеу қаупіне қатысты. Біріншіден, диалогте қайшы тілдік тұлға салғастырумен байланысты емес. Диалогтағы осы екі құбылыс байланысы даулы: қайшы тілдік тұлға не салыстырмалы категориялық негізде, не басқа бір қырынан ашылады. Мәселен: (1) «Қонақ әйел тағы да айнамен әңгімеге көшті://*Не кеттік пе?//Жоға!* - деп айнадағы кескіні айқайлап жіберді. – Сен не ойлауды қойғанбысың.. // -Ал, тәуекелге неге

*бармасқа*, сен мені – өзінді – білесің ғой (Т.А.). (2) Қарғаш, айнаға жақындап келіп, өзінің әжімсіз таза беті, мойнына қызыға қарады. Тіпті әдемі, алаңдайтын ештеңе жоқ. Өткен, уақытты алдай алмассың. Күз де жақындап келеді (бұл жердегі «күз» сөзі егделік, кәріліктің жақындауын бейнелеу үшін жұмсалған).//*Кету керек...уақыт келді...-деді ол өзіне.// Иә, айнадағы кескіні де келісе кетті, «уақыт жетті» деп басын шұлғыды.//*Бәрі де орындалды, осында не қылмайсын деп келген... (Т.Қ.). Мына мысалда берілген екі қатынасты салыстырайық. Бірінші тип құрылыстың түрлі бөлшек қайшылығын сипаттауға бағытталған. 1ТТ және 2ТТ ілеспе сөзі ынта және әрекетке бөлінген: бұл екі кейіпкердің сөзі. Сұрақ-жауап диалог тұтастығы, дау идеясының осы құрылымы қайшы тілдік тұлғаның Өз-өзімен тілдесуін салыстырмалы категориялық мағынада қолдайды. Қайшылық *ал* шылауы; келіспеушілік *жоға* сөзі; жағымсыз (негатив) баға *«ойлауды қойғанбысың»* арқылы ортақ әрі екіұшты анықталған. Екінші жағдай әрекеттесуді басқа қырынан сипаттайды. Бұндағы тұлға, Қарғаш екіге бөлініп отыр; бұл диалогта қайшы тілдік тұлға осы диалогте «өз-өзімен келіскен». Қайшылық жоқ. Бұл бастапқы мағынадағы *иә* шылауымен анықталды. Бұл жағдай зерттеуде арнайы қарастырылмаған. Осы ретте осындай мысал монологте кездеспейтіндігін де айта кету керек [3, 47].

Материалды топтастыруға көшелік. Монологте сияқты осы саладағы қайшы тілдік тұлғаның қайшы жағы - 1ТТ және 2ТТ-ға бөлінуіне тоқталамыз. Негізгі үш топқа тоқталып кетейік: (а) алғашқысы – ортақ 1ТТ және 2ТТ атауышты сыртқы кеңес бір тұлғасының 1ТТ және 2ТТ ілеспе сөзімен берілуі; сызбасы:

*1R IS 1n*

*2R IS 1n.*

(ә) екінші топ – ортақ 1ТТ және 2ТТ атауышты ішкі (шартты түрде *III* деп береміз) кеңес бір тұлғасының 1ТТ және 2ТТ ілеспе сөзімен берілуі; сызбасы:

*1R IS 1n*

*III IS 1n.*

(б) үшінші топ – бір қайшы тілдік тұлғаның түрлі атауышының түрлі ілеспе сөзге бөлінуі; сызбасы:

*1R IS 1n*

*2R IS 2n.*

Айта кетеріміз, үшінші топ әдетте қандай да бір жағдаймен ішкі кеңеске «енуімен» байланысты. Бұл топ монолог саласы материалының бөлінуімен ерекшеленеді. Монологтық құрылымға сай екі негізгі топтың бөліну негізі диалог шеңберінде басқа қасиетпен таңдалады [4], [5]. Ол тәуелді іріктеуші «қосалқы негіздемеге» айналады. Бөлінген үш топты мысал арқылы талдайық. Алғашқы топтағы 1ТТ және 2ТТ-ға байланысты болуы диалогтың түрліше салыстырылатын ілеспесімен ұсынылған. Осы іспетте айта кетеріміз сипатталатын тұлға – ортақ. Төмендегі мысалда аты, азаматтығы, әлеуметтік жағдайы, қызметін қысқа ғана үзінді кезінде түрліше ұсынатын кейіпкеріміз жолаушылармен бір мезгілде қылмыскер әрі журналист ретінде танысады: (1) Сіз неге жалғыз кетіп барасыз?//Құрбым науқастанып қалды. Кеше бірденеден ұшынды ма. Қырық еуролық билетті жоғалмасын деп... Ал Сіз ше?// Мен сегіз жыл түрмеде отырғанмын, сол кезден жалғыздықты ұнатамын.// Ө-ә-ә-ә-ә... - Абдыраған динозвар (туристік автобустағы көршісі, әңгімелескен адам) бұрылып кетті.//Осы сәттен алдыңғы қатарда отырған торсықтау әйел екі көзін маған қадады да отырды. Есімі –Сәния. Күйеуінің аты - Ертай.- Сіз не расында түрмеде отырдыңыз ба?//Жоға, ойнаймын, мен –журналистпін. //Сәниянің көңілі жайланды.//Әрине, сіз ондай адамға ұқсамайсыз. Адамды бірден айыруға болады. Интелегентсіз ғой, дейді.//Интелегент түрмеде отырмайтындай//Рахмет дедім, сіз адамды таниды екенсіз»(О.Қ.). *Сал: Мен сегіз жыл түрмеде отырғанмын... Жоға, ойнаймын, мен – журналистпін.* Диалогтық форма тілдік тұлға қайшылығын көрсетуде маңызды: алайда 1ТТ және 2ТТ ілеспелері монологтік үзіндіде берілген, осы топтың ерекшелігі де, міне осында. Мәнмәтінді осы екі қайшы іліспелерді контекстінің не басында, не соңында қатар



қолдансақ та – бәрібір адресаттың жасырын қатысуын, диалогтық ұстанымды анықтаған болар едік. Сал: мәтіннің болуы мүмкін басы: \*«*Мен сегіз жыл түрмеде отырғанмын... Жоға, ойнаймын, мен – журналистпін*».

Диалог ерекшелігін тағы да екі құрал сипаттайды [6, 37]. Қайшылықты үстеп отырған «өз-өзіне қарсы шығу» ЖОҒА бірлігі әрі тілдік тұлғаның бір өкілі әңгімелесушінің ілеспесін контекстік қолдау. Қайшылықты тудыруда ойын түрінде қолданылған маркер де айрықша қызмет атқарады. ІТТ-ға қатысты ойын атауышы шынайылықтың екі дәрежесін сипаттайды (Шығарма жалғасында 2ТТ журналист туралы көзқарасы да шартты екендігі, ал бұл тілдік тұлғаның басты ОЙЫНЫ – жауы болуы мүмкін әңгімелесушіні қасақана алдау үшін бағытталған қулығы анықталады). Қайшы тілдік тұлғаның бекіген салыстырмалы категориялық мағынасының жұмсалуын қамтамасыз етіп отырған диалогтің дәп осы формасы. Келесі мысалда шарттылық әрі мағынаның екіұшты бағытталуында тілдік ойын қасиеті көрініп тұр, *қалжыңдаймын* маркері де соның айғағы: «Өткен жолы менің әйелмен неге жолым болмайды деп сауал қойған едің. Жауабым: *Сен шөзеш шүр серъезныйсың. Олар сенен қорқады. //Сен не шынымен солай деп ойлайсың ба?- деп түксиді Бүркіт.// Құдайым-ау, болды, дем ал. Қалжыңдаймын! Рас қалжыңғым!!!Сені де досым деп жүрсем....Мен бұны адам деп, ақыл сұрап отырсам, қалжыңдайды зой...// Бәке, күлкісіз өмірің не болмақ, қой қапаланба, менің айтқанымды тыңда, далада қалмайсың» (Т.А.).*

Келесі мысалда кейіпкер, Майра, бастапқыда Тілектестің (әлі бейтаныс) баратын жеріне жеткізіп салайын деген ұсынысынан бас тартты. Содан соң, бірден емес, бірақ тез-ақ, келісті. Әр шешімі бірдей – *рақмет* – ілеспесімен берілген, әрқайсысы көлемді әрі шынайы уәжбен қосталған. Күрделі тұлғааралық қатынастың заңды көрінісі арқылы қайшылық ашылады. Тұлға қайшылығын уәж тереңдете түседі: «Отырыңыз, мен жеткізіп салайын, - деп бұйырды ол (Тілектес), әлдеқандай көңілсіз шараны орындағалы тұрғандай, немқұрайлы, бапты дауысымен.//Ыңғайсыздыққа ұшарттым-ау деген ой Майраға тым кеш келді. Сөйлескен екен, көмек ұсынбаса болмайды. Күзетшілерін жібере алмайды – олар оны күзетуі керек. Ол бұны үйіне жеткізіп салу деген не ой. Мүмкін емес. Бұның қатарындағы адам көліксіз қалған қызды үйіне апара бермейді. Секеновтен сыбағасын молынан алатын болды, сайтан алғыр, мүмкін емес, мүмкін емес! *Майра: тез әрі қатаң түрде бас тарту керек деп өзіне бұйырды. – Рақмет, Тілектес ағай, -* деп мінгірледі ол, - мен қалаға таксимен жетемін, рақмет.//Ол оның бетін анық көре алмады – түн, қар, көзілдірігі жарыққа шағылысып тұр... Бірақ ол оның мырс еткенін көргендей болды.//– Түсінбедім, - деді ол бір сәттік үзілістен соң, - Сіз менімен керісейін деп тұрсыз ба?//Бәрі түсінікті болды. *Тілектес Салықов ұсынған кезде бас тарту дегенің ақымақтық. Тырысу дегенің – күлкілі. Тезірек орындау керек, созатын уақыт жоқ.//*Содан соң ол өзін әуестігі үшін артынан тағы да сабар, неге ғана Тілектестен әрі жүрмеді, неге ғана көзіне түсіп еді. Не деген бассыздық. Уақыт та созылып... //Рақмет, Тілектес ағай, деп сыбырлады да, сөмкелерін сүйретіп джипке міне бастады. //Жүктеріңізді қалдырыңыз, - деді Тілектес, - жігіттер багажникке салар» (Т.У.).

Бас тартудан келісуге, қайшылықтың бір шегінен екіншісіне өту егжей-тегжейлі ашылған, бұл үзіндіні кеңейтіп те тереңдетіп те тұр. Түрлі құрал тартылған. Олардың ішінде ерекше көзге түсетін әрине, *Рақмет* сөзі. Прагматикалық тұрғыдан бұл энантиосемия: (а) үзіндісінде бас тарту, ал (ә) үзіндісінде келісу. Бұл үзіндіні көршілес деп қарастырып көрелік – ал негізгі мәтінде олар өте алшақ, жеке орналасқан. Микроүзіндіні (а-ә) зерттеу мақсатында «біріктіру» тілдік тұлғаның эстетикалық тұрғыдан уәжсіздігі, ұстамсыздығынан хабар береді:

(а) Майра: тез әрі қатаң түрде бас тарту керек деп өзіне бұйырды.

- *Рақмет, Тілектес ағай, -* деп мінгірледі ол, - мен қалаға таксимен жетемін, *рақмет*.

- Түсінбедім, - деді ол бір сәттік үзілістен соң, - Сіз менімен керісейін деп тұрсыз ба?



(ә) - *Рақмет*, Тілектес ағай, деп сыбырлады да, сөмкелерін сүйретіп джипке міне бастады.

Түрлі қосымша құралдың контекстінде молнынан жұмсалуды арқылы туындаған салыстыру *Рақмет* сөзінің категориялық лексикалық мүмкіндігімен берілген. «Рақмет, рақмет нұсқасы» зат. (1) Ілтипат білдіріп айтылатын ризалық, алғыс [1] және сөздіктерде тіркелмеген (2) қарсы шығу, келіспеу, бірдеңеден, әрекеттен бас тарту мағынасында да жұмсалады [7, 179-180]. Бұл заңды құбылыс қайшы тілдік тұлғаны сипаттаушы ретінде жұмсалған. Осылайша, диалогке жүгіну арқылы, не жүгінбестен тілдік тұлға бойында қайшылық туындай береді [8].

Бір адам, бір тілдік тұлға өмір ағымымен түрлі жағдайға байланысты түрлі әлеуметтік мәдени ортада (Ресейде және шет елде) екі түрлі өмір кешіп жүр. Мәтін ішінде екітүрлі антропониммен белгіленген. Криминалмен шатысы бар, сан қайғыны басынан кешірген туғандағы есімі – Катя. Соңынан беделді, белді бизнеследиге айналған әйелдің аты –Рахиль: «Ал енді – көз алдыға елестет, «Европа» отелінде тұрып жатқан Рахиль Даллет ханым – шындығында Екатерина Дмитриевна Званцева екені анықталса не болмақ...// Ол бардан кетіп қалды, себебі ол оқ жазасына кескен адам көзіне қарауға дәті шыдамады... Өлімде лимит деген жоқ. Лимитсіз-ау, ол сайқал.//Сен не сайқал емессің бе, сен оны сүйетін едің ғой, -деп сұрады өзінен Катя. //Иә, сүйдім... мүмкін әлі де сүйетін шығармын. Сол жүргіш оңбағанды, бірақ.//Не, бірақ?//Мен солай деп шештім...//Соңына дейін жеткізуім керек.//Катя қолында арағы бар, үстел жанында отыр.//Не үшін ішесің, Катя?//Жұмыстың сәттілігі үшін, Рахиль!//Қандай жұмыс, сіңлім? Тірілерді өлілер еліне аттандыру? Кімсің сен, Катя?//Үніңді өшір, салдақы. Өзгенің ісіне кіріспе.//Қалайша, Катя?...олардың бәрін өлтіреді ғой. Сен не оларды аямаймысың?//Түкірдім де қол қойдым. Маған ақыл айтпақсың ба? Басыңа шайнап жақ. Тойған тазы менің өмірім туралы не білуші ең?// Тоқта, - деді Рахиль. – Сен мен емессің бе? Денеміз де бір. Айнаға қарашы, Катя.//Э-э-э, жоқ, сіңлім...денеміз бір, бірақ біз онда бөлек өмір сүрудеміз. Сен МЕНІҢ (белгілеген автор) өмірім туралы, шексіз шығыным туралы? Тастанды балам туралы? Тумаған сәби туралы? Сүйіктімнің сатқындығы туралы? Түрме туралы? Қайғы-қасірет пен Босфордағы жалғыздығым туралы не білемін деп отырсың? //Менің есімде...//Жоқ, сіңлім, менің ЕСІМДЕ. Бәрі менің есімде. Мен ештеңені де ұмытқан да кешкен де жоқпын.//Андрей ше...//Андрейдің көзіне су құйылғалы қашан. Мен оны түсіндім, ал сен еш түсіне алмайсың. ...Құдайым-ау! - деп күбірледі Катя. – Құдайым-ау! Мен не бүлдірдім? (А.К.).

*Катя - Рахиль* атаулары - қайшылықтың негізгі көзі. Осы мысалдағы қайшы тілдік тұлғаны сипаттаушы мына сызба: *1R 1S 1n - 2 1S 2n*. Атауыштар белгілеген ілеспені салыстырумен байланысты, оны ашу үшін түрлі шылау және басқа да сәйкес тәсіл қолданылған. Қайшылықты туындатуда жоқ, тоқта, солай ма, қалайша сияқты бірліктер ерекше қызмет орындап тұр. 2ТТ ойымен ішкі диалогтық әңгімеде өзінің екінші сыңарын 1ТТ ойластырған зұлымдығынан бас тартуын өтінеді. Зұлым 1ТТ «мейірімді қарсыласы» мен автор екі тәсілмен: *Катя, сіңлім* сөздерімен сипаттайды. 2ТТ автормен де, адам өліміне әкелер қылмыс жасамақшы болған сыңарымен: *Рахиль, сіңлім, сайқал, салдақы* сөздері арқылы бейнеленген. Атауыштар тек тілдік тұлға қырын ашу үшін ғана емес, тұлға тұтастығын атау үшін де жұмсалған. Осы мысалда – үзіндідегі соңғы сөйлемдегі Катя атауышы: ...*Құдайым-ау! - деп күбірледі Катя. – Құдайым-ау! Мен не бүлдірдім?*

Қайшылықтың түрлі салада жұмсалуды талдай, саралай отырып біз: тұлға қайшылығы лексикалық бірліктің алмасуы, түрлі оним жұмсалуды, регистр алмасуы, бағдардың өзгеруі, диалог, монологтегі көрінісі арқылы лексикалық және грамматикалық бірліктің көмегімен бейнелетіндігін анықтап отырмыз [9, 17].

Сарапталған материалдағы салыстырмалы категориялық мағына тұлғаның қандай да бір «бұзылуы» кезінде белгілі тұтастық түрінде жұмсалуды анықтауда таптырмайтын құбылыс. Осы тәсілдің жүзеге асуына екі құрал: салыстырмалы орталықтың толығы және

1ТТ және 2ТТ контекстік қолдауы сеп болады [10]. Салыстырмалы контекстің өзара алмасуы: біріншіден, салғастырмалы құрылымдық элементті сипаттаушы белгілі шектеуді және екіншіден, қайшы тілдік тұлға өкілінің жеке тобында бекіген маңызды да мәнді белгіні анықтауға мүмкіндік берді [11, 55]. Ол мүмкіндік монолог кезінде жүзеге асырылады. Бұның іске асуы түрлі субъектілік жоспарды реттеуші диалогте қайшы тілдік тұлғаның жұмсалуды заңды етеді [12], [14].

Аталып өткен салыстырмалы семантиканың диалогтік ерекшелік пен мүмкіндігі қайшы тілдік тұлғаны сипаттау үшін мол мүмкіндік жасайды. Монологтегідей күрделі қайшы тілдік тұлғаны сол тілдік тұлғаға тән, құрылымдық орталыққа шоғырланған мәндік ерекшелік ашып береді. Қайшы тілдік тұлғаны сипаттау үшін қолданылатын диалогтық бірлік басқа да сипатты бірлікпен үйлесіп тұрады. Олар өз кезегінде іске асу мүмкіндігімен ғана емес өзінің тұрақты құрамымен де қайшы тілдік тұлғаны ашуға бағытталады [13, 39].

Монолог пен диалогтегі топ бөлінуі арасындағы айырмашылық тілдік таным ерекшелігін сипаттауға да септігін тигізеді. Бұл сала функционалдық тұрғыдан өзгешеленеді. Материалға ерекше кешен – қайшы тілдік тұлғаны диалог және басқа да аралас формада ерекше назарға алынатын көлемі ұлғайған сапалық қырынан оларға ұқсас қарапайым топпен анықталатын құбылыс та енеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жүсіпов А. Қайшылық туралы ойшылдар көзқарасына шолу. Материалы IX Международной научно-практической конференции «Dynamika naukowuch badan», 07-15 lipca 2013 roku, Praga, Чехия. pp. 51-54.
- 2 Ковтунова И. Поэтический синтаксис. - М.: Наука, 1986. – 206 с.
- 3 Жүсіпов А. Қайшылық: түсініктің тарихи даму үрдісі, лингвомәдени көзқарас. Материалы IX Международной научно-практической конференции «Aktualni vymozenosti vedy -2013», 27.06-05.07. 2013 roku, Praga, Чехия. pp. 46-49.
- 4 Доценко Е. Психология манипуляции. - М.: София, 2000. – 353 с.
- 5 Ермакова Ю., Манипуляция личностью: Смысл, приемы, последствия. - Екатеринбург: УрГУ, 2001. - 212 с.
- 6 Жүсіпов А. Фразеологиялық және паремиялық қайшылық Материалы IX Международной научно-практической конференции «Dynamika naukowuch badan», 07-15 lipca 2013 roku, Praga, Чехия. pp. 36-39.
- 7 Ишханова Д. Противительные отношения на различных ярусах синтаксиса: автореф. дисс....канд.филол.н. - Ставрополь, 2007. – 22 с.
- 8 Солнцев В. Язык как системно-структурное образование. - М., 1977
- 9 Жүсіпов А. Қайшылық: семантикалық лингвистикалық табиғаты. Материалы IX Международной научно-практической конференции «Aktualni vymozenosti vedy - 2013», 27.06-05.07. 2013 roku, Praga, Чехия. pp. 17-19.
- 10 Карпов А. Дискурс: классификация контекстов // Вопросы философии. - 2008. - №2.
- 11 Жүсіпов А.Е. Қайшылықтың мәдениеттанымдық қыры мен тынысы. Материалы IX Международной научно-практической конференции «Dynamika naukowuch badan», 07-15 lipca 2013 roku, Praga, Чехия. pp. 54-57.
- 12 Меликян В. Синтагматические свойства коммуникем со значением «утверждения/отрицания» и «оценки» // Язык, текст. Дискурс. - Ставрополь; Пятигорск; СГПИ; ПГЛУ, 2004. Вып. 2
- 13 Жүсіпов А. Паремиялық қайшылықтың тіл тілдегі қолданысы Материалы IX Международной научно-практической конференции «Dynamika naukowuch badan», 07-15 lipca 2013 roku, Praga, Чехия. pp. 39-41.

14 Меликян В. Актуальные вопросы синтаксиса русского языка: теория нечлененого предложения. – Ростов н/Д: РГПУ, 2002. – 243 с.

### РЕЗЮМЕ

